СЕНБІ №10 (4404)
27.01.2024

AIQYN апта

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.aikyn.kz
e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ҚАУІПСІЗДІК
БІРІНШІ ОРЫНДА ТҰРУЫ КЕРЕК

Бейсенбіде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға ресми сапармен барып, онда сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Жиынға Президент Әкімшілігі мен Қауіпсіздік Кеңесінің басшылығы, Үкімет мүшелері, қалалар мен облыстардың әкімдері, сондай-ақ аймақтардағы төтенше жағдайлар департаменттерінің жетекшілері қатысты.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАРАҚТАНДЫРУДЫҢ ТӨМЕНДІГІН СЫНҒА АЛДЫ

Мемлекет басшысы ел аумағының үштен бір бөлігінде жер сілкінісі қаупі бар екенін айтты. Сейсмологиялық стансалар соңғы 5 жылда 45 мыңнан астам дүмпу жағдайын тіркеген. Оның көбі – төмен балдық жер сілкінісі.

– Бірақ, ашығын айту керек, Алматыда болған төтенше жағдай кезінде тиісті органдар шұғыл әрекет етуге толық дайын болған жоқ. Ал қала тұрғындары не істерін білмей, абдырап қалды. Дегенмен бұл жиынның басты мақсаты – сын айту емес, нақты шешімдер қабылдау. Мысалы, жұрттың көпшілігінде «төтенше жағдайға қажетті чемодан» да жоқ болып шықты. Тиісті оқу-үйрету шаралары мектептен, тіпті балабақшадан басталуы керек. Бұрын Алматыда осындай тәжірибе болған. Соны қайта жаңғырту қажет. Себебі қазір азаматтарды төтенше жағдайға дайындау жүйесі талапқа сай емес. Құзырлы органдар халыққа жан-жақты түсіндіру жұмысын жүргізуге тиіс, – деді Президент.

Мемлекет басшысы инфрақұрылымдардың халықты эвакуациялауға дайындығына және құлақтандыру жүйесіне қатысты мәселеге ерекше назар аударды.

– Дабыл қосылмады. Бұл дұрыс шешім болды. Әйтпесе, қалада дүрбелең туындайтын еді. Бірақ халықты басқа байланыс арналары арқылы хабардар ету қажет болатын. Құлақтандыру бірнеше негізгі міндетті шешуі керек. Олардың қайсысын бұрын қолдану керектігі қауіп-қатердің ауқымына байланысты. Алайда қолданыстағы алгоритмдерде бұл ескерілмейді. Қатты жер сілкінісі кезінде адамдарды зілзаланың физикалық сипаттамалары мен эпицентрі туралы ақпарат қызықтырмайды. Олар табиғат апатының қаншалықты жойқын екенін онсыз да сезінді. Мұндай сәтте, ең бастысы, тұрғындарды әрі қарай қалай әрекет ету жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз ету маңызды. Азаматтар «Үйге оралуға бола ма?», «Қайдан көмек алуға болады?» деген сауалдарға жауап алуы керек. Сондықтан құлақтандыру жүйесін қайта қарап, оны барынша нақты қажеттілікке бейімдеу қажет. Техникалық құралдар ақпараттың әр адамға уақытылы жетуін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл жолы SMS-хабарламалар тым кеш келді. Сондай-ақ дүмпу кезінде байбалам салып, жалған ақпарат таратқандар болды. Жұртты әдейі дүрліктірген адамдарды заңға сәйкес жазаға тарту қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жүйесін материалдық-техникалық тұрғыдан жарақтандыру деңгейінің төмендігін сынға алды. Бұл сейсмикалық мониторинг желісіне де, сондай-ақ құтқарушыларды заманауи құрал-жабдықтармен, техникамен және арнаулы киімдермен қамтамасыз ету ісіне де қатысты.

– Сейсмикалық бақылауды «Ұлттық сейсмологиялық бақылау және зерттеу ғылыми орталығы» ЖШС-не қарасты Алматы, Шымкент қалаларындағы және 12 облыстағы 70 сейсмологиялық станса жүргізеді. Оның алтауы істен шыққан. Мамандардың есебіне сәйкес, бүкіл ел бойынша қосымша 285 сейсмологиялық станса орнату қажет. Жойқын жер сілкінісі кезінде мемлекеттік материалдық резервтің болуы және оның қолжетімділігі айрықша маңызды. Көлік байланысын жедел қалпына келтіру және медициналық көмек ұйымдастыру мүмкіндігі де шешуші рөл атқарады. Әкімдер Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп, барлық елді мекеннің осыған қағаз жүзінде емес, іс жүзінде дайын екеніне көз жеткізуге тиіс. Осы жер сілкінісінен сабақ алып, жіберілген олқылықтарды түзету қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Алматының азаматтық қорғаныс жүйесі жер сілкінісіне дайын болмай шыққанын, ал құзырлы органдар табиғаттың бұл сынағынан өте алмағанын атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

TÚRKISTAN
ОСЫЛАЙ ТУҒАН

Әлихан Бөкейхановтың «Бірінші: газет – халықтың көзі, құлағы, тілі; екінші: газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе; үшінші: газет – халыққа білім таратушы; төртінші: газет – халықтың жоқтаушысы» деген сөзі бүгін де маңызын жоя қойған жоқ. Мыңжылдық тарихы бар баспасөз саласы қай кезде болмасын билік пен халықтың алтын көпірі болып келеді. Тегінде қазақ баспасөзі туралы әңгіме өрбітер болсақ, TÚRKISTAN газетін атап өтпеуге болмас. Биыл осынау халықаралық газетке 30 жыл толып отыр. Ордалы жылдарда ормандай қалың оқырманның сүйікті газетіне айналған басылымның шығу тарихына көз жүгіртіп, алғашқы сандарындағы сапалы дүниелерге назар аударсақ дейміз.

8–9

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУГЕ ДАЙЫН БА?

Қазір әрбір бесінші жас қазақстандық мамандық бойынша жұмыс істемейді. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының деректеріне сүйенсек, еңбек нарығында тәжірибелі жұмысшылармен салыстырғанда жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігі төмен саналады. Мамандардың айтуынша, тәжірибе, білім және қажетті дағдылардың жетіспеуі жастардың өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеуіне кедергі болады.

4

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – АЙРЫҚША ҚАМҚОРЛЫҚ

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов бүгін партияның республикалық қоғамдық қабылдау алаңында азаматтарды қабылдады.

Азаматтар партия Төрағасына ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдау, медициналық пункттер салу және заңнамаға түзетулер енгізу сынды бірқатар мәселемен жүгінді.

Астана қаласының тұрғыны, екі баланың анасы Маркен Нұрланова ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған қызметтерді жетілдіру мәселесін қозғады. Оның айтуынша, арнайы балабақшалардың қызмет ақысы айына 250 мың теңгеден 800 мың теңгеге дейін өзгеріп отырады.

«Балаларға арналған жеке инклюзивті инфрақұрылым бағасы өте қымбат. Салада білікті мамандар тапшы, ерекше балаларға арналған дамыту орталықтарында лицензия жоқ, нарықта тиімділігі дәлелденбеген қосымша дамыту қызметтері көрсетіледі. Сонымен қатар диагностикалық процедуралар кезегі үш айға созылады, ал Денсаулық сақтау министрлігі немесе Оқу-ағарту министрлігі тарапынан бақылау жүргізілмейді», – деді ол.

3

АЛМАТЫНЫҢ АЛМАСЫ
КҮННІҢ ҚЫЗЫЛ ТҮСІНДЕЙ...

Алматының апорты әлем нарығына шығады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 19 қаңтарда Италияға ресми сапарында БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) Римдегі штаб-пәтеріне арнайы барып, ұйымның бас директоры Цюй Дунъюйге әйгілі апортты таныстырды.

– Қазақстан алманың отаны ретінде кеңінен танымал. Апорт сұрпы еліміздің ең ірі мегополисі – Алматының маңайында өседі. Біз алманың осы түрін өздеріңізбен күш біріктіре отырып, әлем нарығына шығаруға ниеттіміз. Осы бастамамызды іске асыру барысында сіздің жеке қолдауыңызға арқа сүйейміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

12

ҚҰТ БОЛҒАН МАЛЫ ЖҰТ БОЛДЫ

11 БЕТ

ЖҮРЕКТІ САҚТА, ЖЕР-АНА!



13 БЕТ

ҚАУІПСІЗДІК БІРІНШІ ОРЫНДА ТҰРУЫ КЕРЕК

(Басы 1-бетте)

– 2021 жылы жеті министрліктің бірлескен бұйрығымен Қазақстан Республикасының 2021-2023 жылдарға арналған сейсмикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарының тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар кешені бекітілді. Басқа да міндеттерді қоса алғанда, бұл құжатта Алматы қаласы үшін жойқын жер сілкіністері туралы автоматтандырылған ерте хабарлау жүйесін енгізу көзделген еді. Әдеттегідей, берілген есепте бәрі дұрыс. Осы мақсаттарға бөлінген қомақты қаражат игерілген, нысандарды қабылдап алу актісіне қол қойылған. Бас прокуратураға Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп, осы мәселемен айналысуды және бір айдың ішінде қаражаттың қайда жұмсалғанын, дабыл жүйесінің неге жұмыс істемегенін анықтауды тапсырамын. Соған қарағанда, бүкіл елімізде өткізілген 27 мың сейсмикалық жаттығу мен 2,5 мың семинардың да түк пайдасы болмады, – деді Мемлекет басшысы.

Төтенше жағдайлар министрлігіне өз қызметін сыни тұрғыдан қайта таразылау міндеті жүктелді. Мемлекет басшысы министр Сырым Шәріпхановтың аталған сала маманы ретінде теориялық білімі бар екенін, бірақ нақты іске келгенде жұмысының нәтижесі көрінбей жатқанын айтты.

– Қазіргі жұмысты көңілден шығады деп айтуға келмейді. Министр Шәріпхановқа ескертемін. Егер сіз өз жұмысыңызды ауыр санайтын болсаңыз, ашығын айтыңыз, ғылыми-оқытушылық қызметіңізге қайтарамыз. Онда тұрған ештеңе жоқ. Қазіргі ахуал өте күрделі және жауапты, еліміздің қауіпсіздігіне тікелей байланысты. Сондықтан бәріміз жинақы, ұқыпты және белсенді болуымыз қажет. Басқа жол жоқ. Президент Әкімшілігі бүгін айтылған барлық мәселені бақылауда ұстайды, – деді Мемлекет басшысы.

КӨЛІК МӘСЕЛЕСІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЕРЕКШЕ РӨЛ АТҚАРУҒА ТИІС

Ресми сапары барысында Мемлекет басшысы Алматы қаласының тыныс-тіршілігі туралы жан-жақты ақпарат беретін Ахуалдық орталықты аралап көрді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа қала әкімі Ерболат Досаев аталған орталық Big Data талдауы мен Open Data тұжырымдамасын енгізу негізінде сапалы шешімдер қабылдау үшін тиімді құрал болатынын айтты.

Бұл орталық мегаполистегі өмірдің барлық аспектісіне қатысты деректерді жинап, талдауға, халықты құлақтандыруға және қала билігінің тұрғындармен арадағы кері байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта Алматының Ахуалдық орталығы қала тіршілігінің барлық саласын қамтитын 53 модульден тұрады. Деректер 50-ден астам ұйымнан, сондай-ақ мемлекеттік және қалалық ақпараттық жүйелерден (Ұлттық статистика бюросының сайты, «Қылмыстық құқықбұзушылықтар картасы», «109 қызметі», «Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі», «Сергек», «Оңай», Метрополитен, ТЖД және т.б.) жиналады.

Президенттің тапсырмасына сәйкес, балалардың қауіпсіздігіне айрықша мән беріледі. Былтыр Алматыдағы барлық мемлекеттік мектеп пен балабақшаларда алғаш рет кешенді қауіпсіздік жүйелері енгізілді. Мемлекет басшысына оның цифрлық бейнебақылау камералары, дабыл түймелері, өртке қарсы қауіпсіздік жүйелері, Face ID қондырғысы бар арнайы турникеттер секілді 4 бөліктен тұратыны жөнінде баяндалды.

ЕЛІМІЗДЕ СУ ТАПШЫЛЫҒЫ БАР

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында қайта қалпына келтірілген қала әкімдігінің ғимаратын аралап көрді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа реконструкция кезінде әкімдік ғимаратының энергетикалық тиімділігін едәуір арттыруға ықпал еткен заманауи материалдар мен технологиялар қолданылғаны туралы баяндалды. Ғимараттың тарихи мәнін ескере отырып, оның архитектуралық келбетін сақтау туралы шешім қабылданды. Мәрмәрлі қасбеттер, жезбен және табиғи тастармен безендірілген ішкі сәндік элементтер бұрынғы қалпына келтірілді. Реконструкция жұмыстары толығымен аяқталған үш павильонға былтыр қазан айынан бастап қала әкімдігінің аппараты мен 14 басқармасы орналасты.

Бұдан соң Президент әрқайсысының сыйымдылығы 3 000 текше метр болатын «Балқаш» таза ауызсу стансасының екі резервуарының және сорғы стансасының құрылысымен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Каптаж», «Бастау» тоғандарынан және «Медеу» сүзгі стансасынан келетін судың осы резервуарларда жинақталып, зарарсыздандырылатыны жөнінде мәлімет берілді. Тазаланған ауызсу арнайы орнатылған сорғылардың көмегімен Каменское плато, Көлсай, Юбилейный және Мұзтау ықшамаудандарының магистралды желілері арқылы таратылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласын сумен қамтамасыз ету жалпымемлекеттік маңызы бар басым міндет екенін атап өтті. Сонымен қатар былтыр Алматы қаласының Медеу ауданында болған жағдайдың қайталануына жол беруге болмайтынын ескертті.

– Елімізде су тапшылығы бар. Бізге жалпы мемлекеттік бағдарлама қажет. Баубақшаны суару үшін ауызсуды пайдалануға болмайды. Оның орнына су үнемдеу технологиясын қолданысқа енгізіп, жер астынан жаңа су көздерін іздеу қажет. Алматының тұрғындары ауызсудың тапшылығына жиі шағымданады. Сондықтан кешенді, жүйелі жұмыс жүргізілуі керек, – деді Президент.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары кезінде Footlab футбол орталығының қызметімен танысты. Мұнда қазір жоғары білікті 8 бапкер 50 баланы жаттықтырып жатыр. Smart Football ЖШС құрылтайшысы Мұрат Медеуовтің айтуынша, футбол академиясында 5 жастан 12 жасқа дейінгі 1000-ға жуық баланы жаттықтыру жоспарланған. Президент балаларға арналған спорт жобасын дамыту үшін жауапты органдарға жер телімін бөлу мәселесінде жәрдем көрсетуді тапсырды және Астанада осындай футбол орталығын салу туралы бастаманы қолдады.

Сонымен қатар Алматы қаласына ресми сапарында Президент бірқатар азаматты, атап айтқанда, белгілі экономист, қоғам қайраткері Оразалы Сәбденді, Astana Motors компаниясының негізін қалаушы Нұрлан Смағұловты, «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Қуанышбек Есекеевті, Kaspi.kz компаниясының негізін қалаушылар Вячеслав Ким мен Михаил Ломтадзені қабылдады.

ЕКІЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев ҚХР Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитеті Төрағасының орынбасары Хао Минцзинмен кездесті.

Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев Қазақстан мен Қытай арасында ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан достық пен өзара қолдауға негізделген белсенді саяси диалог қалыптасқанын атап өтті. Стратегиялық ынтымақтастықтың нығаюына екі ел басшыларының өзара сенімге табан тіреген қарым-қатынасы зор ықпалын тигізіп келеді. Былтыр Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға жасаған сапарлары нәтижесінде 28 екіжақты құжатқа және 78 коммерциялық келісімге қол қойылды.

Сондай-ақ палата Спикері парламентаралық деңгейдегі өзара іс-қимылды халықаралық ұйымдар аясында да одан әрі арттырудың маңызды екеніне назар аударды.

«Біз – Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысымен ынтымақтастықты дамытуға және заңнамалық бағытта тәжірибе алмасуға мүдделіміз. Екі елдің заң шығарушы органдарында парламентаралық достық топтары құрылған. Нақты әрі өзекті мәселелерді шешу жолында осы топтардың әлеуетін пайдалануымыз керек. Бұл ретте достық топтарына мүше депутаттардың қатысуымен өзара сапарлар ұйымдастырудың және тұрақты комитеттер арасында байланыс орнатудың маңызы зор», – деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіне қатысты ауқымды мәселелерді де талқылады. Сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға да баса мән берілді. Атап айтқанда, инвестициялық ынтымақтастық, туризм, сумен қамтамасыз ету және тағы басқа бағыттар бойынша өзара байланысты жандандыруға қатысты тың бастамалар сөз болды.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Мемлекет басшысының реформаларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін Палата атқарып келе жатқан жұмыстар жөнінде айтты.

Одан бөлек, Мәулен Әшімбаев Қытайдың буддизм және даосизм қауымдастықтарына Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезіне жүйелі түрде қатысып және Форум идеяларын қолдап келе жатқаны үшін алғыс білдірді.

Өз кезегінде Хао Минцзин Қазақстанда жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси жаңғыртуларды жоғары бағалап, ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді. Сондай-ақ ол түрлі діндер арасында диалог қалыптастыру және жаһандық қауіпсіздік мәселелерін ілгерілету жолында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің жұмысы маңызды рөл атқаратынын айтты.

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ХАО МИНЦЗИНМЕН КЕЗДЕСТІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитеті төрағасының орынбасары Хао Минцзинмен кездесті. Тараптар елдер арасындағы парламентаралық, экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылады.

Қытай Халық Республикасы Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының делегациясымен кездесуде Ерлан Қошанов әлемдегі күрделі жағдайға қарамастан, Қазақстан мен Қытай сенімді серіктес әрі тату көрші болып қала беретінін атап өтті.

– Қытаймен ынтымақтастықты дамыту – Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттың бірі. Биыл Қазақстан мен Қытай арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 32 жыл толды. Осы жылдар ішінде екіжақты ынтымақтастығымыз ең жоғары – мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді. Бұл – бірінші кезекте, мемлекеттеріміздің басшылары еңбегінің нәтижесі, – деді Мәжіліс төрағасы.

Ерлан Қошанов қытайлық әріптестеріне «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласына сәйкес, биліктің барлық тармақтарын жаңартуға жол ашқан елдегі ауқымды реформалар туралы айтып берді. Спикер палата жұмысының жоспарларымен бөлісіп, алты фракция мен бір мандатты депутаттардың қатысуы заңнамалық талқылаулардың сапасына оң әсер еткеніне назар аударды.

Өз кезегінде Хао Минцзин Қытай мен Қазақстанның жақын көрші ғана емес, сенімді серіктес әрі шынайы дос екеніне тоқталды.

– Менің және біздің делегация мүшелерінің көпшілігі үшін бұл –Қазақстанға алғашқы сапар. Айта кету керек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен елдеріңізде қарқынды экономикалық даму және әлеуметтік тұрақтылық пен бірліктің жоғары деңгейі байқалады. Сіздердің бастамаларыңыз барлық салада жүйелі түрде алға жылжып келеді. Мұның бәрі бізге ерекше әсер қалдырды, – деді Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитеті төрағасының орынбасары.

Хао Минцзинь «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясындағы ынтымақтастықты жоғары бағалап, 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Қытай арасындағы екіжақты тауар айналымы рекордтық мөлшерге жеткенін айтты.

Депутаттар парламентаралық дипломатия желісі бойынша жұмысты күшейту, комитеттер мен достық топтары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту туралы уағдаласты.

МӘСЛИХАТПЕН ЖҮЗДЕСУ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата жанындағы Жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің отырысы өтті. Іс-шараға сенаторлар, мемлекеттік органдардың басшылығы және онлайн-форматта еліміздің барлық өңіріндегі мәслихат депутаттары қатысты.

Өз сөзінде Сенат Төрағасы Кеңестің бұған дейінгі отырысында белгіленген міндеттер бойынша атқарылған істер жөнінде айтты және алдағы бірлескен жұмысты тиімді жүзеге асырудың нақты тетіктеріне тоқталды. Атап айтқанда, заң шығару қызметімен бірге өңірлердегі проблемаларды бірлесіп шешу, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жүйесін дамыту, заңдардың аймақтарда орындалу барысын бақылау, сондай-ақ, мәслихаттарға методикалық және материалдық-техникалық қолдау көрсету бағыттары бойынша Сенат пен жергілікті өкілді органдар арасындағы өзара іс-қимылды нәтижелі жүзеге асыру мәселелері сөз болды.

Мәулен Әшімбаев бұл істе Мемлекет басшысы Жолдауда белгілеп берген экономикалық саясаттың жаңа үлгісіне көшу мәселесіне қатысты міндеттердің маңызды екеніне назар аударды.

Сонымен қатар палата Спикері биыл елімізде мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толатынын атап өтті.

Іс-шара барысында Жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес төрағасының орынбасары Төлеубек Мұқашев, өңірлердің мәслихат депутаттары Владимир Бубенко, Ерлан Каналимов, Гүлқасима Сүйінтаева, Наурызбай Байқадамов және тағы басқалары сөз сөйлеп, өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныс-пікірлерін білдірді.

КАПИТАЛДЫҢ ЕЛДЕН ШЫҒАРЫЛУЫ БАҚЫЛАНАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын екінші оқылымда қарау ұсынылады.

Заң жобасы еліміздің трансферттік баға белгілеу саласындағы заңнаманы жетілдіру әрі капиталдың елден шығарылуын бақылау шараларын күшейту мақсатымен әзірленді.

Сонымен қатар алдағы жалпы отырыста Қазақстан мен Өзбекстан Үкіметтері арасындағы азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама және 2014 жылғы 29 мамырдағы ЕАЭО туралы шартқа өзгерістер

енгізу жөніндегі хаттама ратификацияланады деп жоспарланып отыр.

Мәжіліс комитеттері бірқатар заң жобасын жұмысқа алады. Олар: күзет қызметі, сатып алу және заңнамалық актілерді нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуі тұрғысынан ревизиялау мәселелері бойынша, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске қатысты заң жобалары.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – АЙРЫҚША ҚАМҚОРЛЫҚ

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов бүгін партияның республикалық қоғамдық қабылдау алаңында азаматтарды қабылдады.

Азаматтар партия Төрағасына ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдау, медициналық пункттер салу және заңнамаға түзетулер енгізу сынды бірқатар мәселемен жүгінді.

Астана қаласының тұрғыны, екі баланың анасы Маркен Нұрланова ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған қызметтерді жетілдіру мәселесін қозғады. Оның айтуынша, арнайы балабақшалардың қызмет ақысы айына 250 мың теңгеден 800 мың теңгеге дейін өзгеріп отырады.

«Балаларға арналған жеке инклюзивті инфрақұрылым бағасы өте қымбат. Салада білікті мамандар тапшы, ерекше балаларға арналған дамыту орталықтарында лицензия жоқ, нарықта тиімділігі дәлелденбеген қосымша дамыту қызметтері көрсетіледі. Сонымен қатар диагностикалық процедуралар кезегі үш айға созылады, ал Денсаулық сақтау министрлігі немесе Оқу-ағарту министрлігі тарапынан бақылау жүргізілмейді», – деді ол.

Ерлан Қошанов ерекше қажеттілігі бар балаларды жан-жақты қолдау мәселесіне «AMANAT» партиясы әрдайым жіті назар аударатынын атап өтті. Мәселен, былтыр партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында 8 ерте араласу орталығы ашылды. Бұл орталықтарда дамуы кешеуілдеген немесе оның пайда болу қаупі бар жас балаларға тиісті көмек көрсету көзделеді. Сондай-ақ мектеп қабырғаларында 61 инклюзия сыныбы ашылды. Партия Төрағасы Маркен Нұрланованың сын-ескертпесі партияның ерекше балаларға барынша қолайлы жағдай жасау бағытында жасап жатқан жұмысында, заң шығару ісінде және өзге де қызметінде ескерілетінін айтты.

Екібастұз қаласының құрметті азаматы, журналист Жұмағали Қоғабай академик Қаныш Сәтбаев туралы естеліктер жинағын шығаруды ұсынды. Геолог-ғалымның туғанына биыл 125 жыл толып отыр. Мерейтой Президент тапсырмасына сәйкес атап өтіледі. Журналист бұл тақырыпты бұрыннан бері зерттеп-зерделеп жүр. Оның жеке мұрағатында әйгілі ғалым туралы бұрын-соңды жарияланбаған мәліметтер де сақтаулы тұр.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбатында ел тарихында ерекше орны бар тұлғаларға құрмет көрсету дәстүрі халқымыздың жалпыұлттық бірегейлігін нығайтатынын атап өтті. Сондықтан партия көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаевтың өмір жолындағы беймәлім тұстарын жан-жақты ашып көрсететін жинақты шығаруға қолдау көрсетіп, «Кітап-AMANAT» партиялық жобасының ел аумағындағы кітап орталықтарында жинақтың тұсаукесерін өткізеді», – деді Ерлан Қошанов.

Ақтөбе тұрғыны Руслан Қазыбаев спорт секцияларында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған ваучерлер мен жеке кезек енгізуді ұсынды. Павлодар облысы Шілікті ауылының тұрғыны Аманжол Рахымжанов медициналық пункт салып беруді өтінді. Ал Жамбыл облысы Тәтті ауылынан келген зейнеткер Күләш Утирова тұтынушылық несиені ресімдеу кезінде студенттерге қойылатын талаптарды қатаңдатуды ұсынды. Қоғам қайраткері Гүлнара Ахмолдина «Қолжетімді Қазақстан» жобасын, яғни мүгедектігі бар адамдар үшін әуежайлардың, вокзалдардың, ауруханалардың, спорт кешендерінің және өзге де әлеуметтік нысандардың қолжетімділігі туралы ақпаратты алуға болатын виртуалды картаны қолдауды сұрады.

Ерлан Қошанов қаралған барлық өтініш бойынша партия филиалдарына нақты тапсырма беріп, оның шешімін қадағалауды жеке бақылауына алды.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСУҒА ТИІС

«AMANAT» партиясы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің отырысы өтті. Онда еліміздегі заңсыз жолмен жекеменшікке өтіп кеткен жер телімдері мен егістік және жайылым жерлердің мемлекетке қайтарылуы туралы мәселелер талқыланды.

Алқалы отырысқа кеңестің төрағасы, Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров, Мәжіліс депутаттары Абзал Құспан, Мұқаш Ескендіров, Марат Башимов, Данабек Исабеков, Ұлттық агроқозғалыс төрағасы Алмасбек Садырбаев, Жер ресурстарын басқару мен пайдалану комитетінің төрағасы – Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор Мұрат Теміржанов, «Қазақ Ел Батырлары» БТ төрайымы Бибігүл Сабкенова және өзге де сарапшылар мен адвокаттар, өңірлерден келген белсенділер қатысты.

«Жемқорлыққа қарсы күрес – еліміздегі өзекті мәселе, бұл Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамуын тежейтін бірден-бір кедергі. Біздің комиссияның негізгі жұмысы ең бірінші профилактикалық жол болса, екіншісі жемқорлықты шеше отырып, әлеуметтік прогреске қол жеткізу. Сонымен бірге елімізде жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып отыр», – деді алқалы отырыста республикалық кеңестің төрағасы Ерлан Саиров.

Жиынға қатысқандардың арасында заңсыз әрекеттерге тосқауыл қойып, халықтың өзіне тиесілі жерін өзіне қайтаруды талап етушілер де бар. Олар «AMANAT» партиясының жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестен араша сұрай келіпті.

«Еліміздің барлық өңіріндегі шұрайлы алқаптардың біршамасы жекеменшікке онды-солды таратылып, тіпті кейбірі түрлі банкке аса ірі көлемдегі қаражатқа кепілге қойылып кеткенін білеміз. Қазір «AMANAT» партиясы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңес пен «Жер аманаты» комиссиясы осы жекеге берілген түрлі көлемдегі жерлерді біртіндеп қайтара бастады. Сонымен бірге қазір жерді заңсыз қазып, алтын мен өзге де құнды металл іздейтін топ пайда болды. Сондайлардың бірі – шығыстағы Күршім ауданында көлеңкелі жолмен ақша тауып келген болатын. Осыған орай арнайы комиссия құрылып, заңсыз жұмыс тоқтатылды. Ал Павлодар облысында аз қамтылған отбасыларға арнап үй салынуға тиіс болған. Біраздан бері оның да жұмысы тоқтап қалған екен. Осы кеңестің жұмысы аясында үй қайта салынып, азаматтарға беріліп отыр. Атқарылған жұмыс өте көп. Жұмыс нәтижелері туралы арнайы видеограмма дайындалып жатыр. Сол арқылы жұмыстың нәтижесін көпшілік білетін болады», – деді Ерлан Саиров.

Еліміздің екі өңірі – батысы мен Ақмола өңірлерінде шиеленісіп тұрған жер мәселесі екенін айта келе, Алмасбек Садырбаев 2011 жылдан бастап 2018 жылға дейін өңірлерде аса ірі көлемдегі жерлер заңсыз жолмен жекеге беріліп кеткенін тілге тиек етті.

Оның айтуынша, жекеге беріліп кеткен жерлер мен құзырлы органдардың тарапынан кеткен қателіктердің зардабын шаруалар ғана тартып отыр. «Өйткені шаруалар сол жерлерге егін егіп, мал өсіреміз деп несие алды, субсидия алды. Бірақ шаруалар олигополия кесірінен зардап шекпеуі керек. Ал Ақмола облысы Аршалы ауданында белгісіз біреулер ауыл шаруашылығына арналған жерді техникамен қазып, қайрақ құм алып жатыр. Халық шулап жатса да, оларға «қой» дейтін ешкім болмай тұр. Батыс пен Ақмоладағы жағдайды комиссияның ықпалымен Бас прокуратураға жеткізулеріңізді сұраймын. Өңірлердегі жекеге өтіп кеткен жерлер қайтарылмаса, әлеуметтік шиеленіске әкеліп соқтыруы мүмкін. Бұл жерде 6000 шаруаның тағдыры тұр. Халық шырылдап шаршауға айналды», – деді Алмасбек Садырбаев.

Бұл мәселе бойынша кеңес қосымша зерттеп-зерделеп, мәліметтерді құзырлы органдарға тапсыратынын жеткізді.

«Жер учаскелерін мемлекеттік меншікке қайтару бойынша жұмыстың нәтижелеріне ашық қол жеткізу мүмкіндігін беру мақсатында jerkarta.gharysh.kz геосервисі әзірленді.

«Ел Президентінің тапсырмасы бойынша 2022 жылдың басынан бері пайдаланбай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзып берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді мемлекетке қайтару жұмыстары белсенді жүргізілуде. Осы жұмыстың жүйелі түрде іске асырылуына қоғамдық бақылауды жүргізу мақсатында «AMANAT» партиясының жанынан «Жер аманаты» республикалық және аймақтық комиссиялары құрылды. Сонымен қатар біздің мекемеге жыл сайын жерді заңсыз пайдалану мен өзге де бұзушылықтар туралы 30 мыңға жуық өтінім мен шағым келіп түседі. 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлығы 8 930 тексеру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, 6 мыңнан астам заңбұзушылық анықталып отыр.

Комиссияның жұмысында мемлекеттік меншікке қайтарылған жер учаскелерінің әрі қарай ұтымды бөлінуіне ерекше мән беріледі. Ең алдымен жеке ауладағы малды бағу үшін жалпы пайдаланатын жайылымдарды беру арқылы қайтарылған жерлер ауыл халқының қажеттіліктерін өтейтін болады.

Қазірдің өзінде мемлекетке қайтарылған ауыл шаруашылығы мақсатындағы 10 млн гектар жерде келешекте көрсетілер шаралар іске асырылуда, – деді Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі Бас мемлекеттік инспектор Мұрат Теміржанов.

Мемлекетке қайтарылған 10 млн гектар жердің 2,8 млн гектары игеруге қабілеті бар азаматтарға қайтарылып беріледі. Қайтарылған жер сол бұрынғы олигополияның қолына түспей, ауылда тұратын қабілетті азаматтарға берілуі қажет. Ол жөнінде де жұмыс жүргізіліп, заңнамаға да өзгерістер енгізілетінін атап өтті комиссия төрағасы Ерлан Саиров.

Еліміздің солтүстігі Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай өңірлерінде шұрайлы жерлердің олигархтар қолына өтіп кетіп, оның зардабын қарапайым шаруа тартып отырғанын айтады қоғам белсенділері. Бұл мәселе де өз шешімін табуға тиіс. «Жер аманаты» комиссиясы бұл мәселе бойынша да нақты шаралар қарастырып жатыр.

Отырысты қорытындылаған «AMANAT» партиясының жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңес төрағасы Ерлан Саиров жиналған арыз-шағымдардың басын біріктіріп, әрқайсысына жеке-жеке талдау жүргізе отырып, құзырлы орындарға жолданатынын жеткізді. Сондай-ақ мәселелер «AMANAT» партиясы мен депутаттардың бақылауында болатынын шегелеп айтты.

АЛМАТ ДОСМҰХАМЕДОВ – ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛ ТӨРАҒАСЫ

«AMANAT» партиясы Қостанай облыстық филиалының кезектен тыс XXXVI конференциясы өтті. Жиында Алмат Досмұхамедов ашық дауыс беру арқылы филиалдың жаңа төрағасы лауазымына сайланды. Сондай-ақ іс-шара барысында партиялықтар 2023 жылы атқарылған жұмысты қорытындылап, филиалдың Саяси кеңесі мен бақылау-тексеру комиссиясының құрамына өзгерістер енгізді.

Партия Хатшысы Ержан Жылқыбаевтың айтуынша, «AMANAT» партиясының негізгі мақсаты – халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту және Әділетті Қазақстанды құру.

«Бізге иллюзия қажет емес. Біз әрқашан саяси бәсекелестік пен күреске дайын болуымыз керек. Біз қоғамның ұсыныс-тілегіне бейжай қарамайтын, халық үніне құлақ асатын партиямыз. Өткен сайлауда халыққа берген уәдеміздің орындалуын қадағалау біз үшін өте маңызды. Қазір қоғам өзгерді. Халық сенімін ақтағымыз келсе, жасандылықты өткенге қалдыру қажет. Біз өз міндетімізді абыроймен атқаруымыз керек», – деді Ержан Жылқыбаев.

Былтыр партиядан сайланған барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары білім беру, денсаулық сақтау және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарында 300-ге жуық кездесу ұйымдастырып, мемлекеттік органдарға 178 депутаттық сауал жолдады. Бұл туралы Қостанай облыстық мәслихатындағы «AMANAT» фракциясы төрағасының орынбасары Қырмызы Жаңбыршина мәлімдеді.

«Өткен сайлау нәтижесі бойынша, депутаттық корпус 53%-ға жаңарды. Фракция мүшелері 689 қоғамдық қабылдау өткізіп, онда 1 404 өтініш қаралды. Оның 964-і (69%) оң шешімін тауып, қалғанына қатысты түсініктеме берілді. Өңірдің барлық депутаттық активі өтініш берушілермен жүйелі жұмыс жүргізіп, тоқсан сайын кемі бір рет қабылдау өткізеді», – деді ол.

Бұдан соң конференцияға қатысушылар өңірдегі партиялық жобалардың жүзеге асырылу барысын талқылады. Ұлттық-мәдени құндылықтарды насихаттауға бағытталған «Ұлттық мұра» жобасы аясында 57 мыңнан астам адамды қамтыған 205 іс-шара өткізілді. Мәселен, Miras өңірлік кеңесінің бастамасымен «Тіл тамыры – отбасы» байқауы ұйымдастырылды.

«Кедергісіз келешек» жобасы аясында былтыр 3 806 адамды қамтыған 408 іс-шара өткізілді. Ал «Бақытты отбасы» жобасы шеңберінде партиялықтар 10 мыңнан астам адамды қамти отырып, 600-ден астам іс-шара өткізді. Мәселен, «Баланы мектепке даярлайық» қайырымдылық акциясы аясында партия 797 отбасынан шыққан 2 135 балаға көмек көрсетті. «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында 6 130 адамды қамти отырып, 326 іс-шара өткізілді. Мәселен, ауылдық елді мекендерде 83 көшпелі қабылдау ұйымдастырылып, 2 106 зейнеткер дәрігерге қаралды.

Кейінгі екі жылда «Жер аманаты» жобасы жүйелі жүзеге асырылып келеді. Өңірлік комиссия атқарған белсенді жұмыстың нәтижесінде пайдаланылмай жатқан немесе заңсыз бөлінген 356,3 мың гектар ауыл шаруашылығы жері мемлекет меншігіне қайтарылды.

Конференция барысында қатысушылар Альмира Жансүгірованы «AMANAT» партиясы Қостанай облыстық филиалының Бақылау-тексеру комиссиясының төрағасы лауазымына сайлады. Ал Саяси кеңестің жаңа мүшелері – Алмат Досмұхамедов және Валерий Розумович.

Айта кетейік, Қостанай облысында 262 бастауыш партия ұйымына біріктірілген 45 мыңнан астам партия мүшесі бар.

Бетті дайындаған Бердібек ҚАБАЙ

4 МЫҢ АДАМ ТРАНСПЛАНТАЦИЯҒА ЗӘРУ

Елімізде 3 961 адам ағза трансплантациясына зәру. «Күту парағында» кезекте тұрғандардың 100-ден астамы – балалар. Бір ғана Атырау облысының өзінде 96 адам ағза алмастыруды қажет етіп отыр.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Бірақ «Күту парағынан» жыл сайын 150-300 адамның есімі «жоғалады» екен. Себебі 6-7 жылдап донорын күтетін науқастардың сырқаты дендеп, өмірден өтіп кетіп жатады. Кейін ол тізімді қауіпті диагноз қойылған жаңа науқастар толықтырады.

Мамандар Қазақстанда «мәйіт донорлығы» жақсы дамыса, бір мәйіттің ішкі ағзалары кемінде 7 адамның өмірін құтқаруға мүмкіндік беретінін айтады. Бірақ трансплантацияға қатысты қауесет құшағында отырған қоғамға донор болудың маңызы туралы шынайы ақпарат жетпей жатқанға ұқсайды.

Қазақстанда «мәйіт донорлығына» заңмен рұқсат берілген. Бірақ дәрігерлер мәйіттің ағзаларын донорлыққа марқұмның туыстары келісімімен ғана ала алады.

Атырау облыстық №2 ауруханасының реанимация бөлімінің меңгерушісі Дәурен Елеуовтің айтуынша, адам қайтыс болып кеткеннен кейін марқұмның ағзасын алудың медицина үшін пайдасы жоқ.

«Адамның миы жұмысын тоқтатқаннан кейін, белгілі бір уақытқа дейін оның жүрегі жұмыс істеп тұрады. Осы кезде біздер науқастың туыстарынан донорлыққа дене мүшелерін алуға рұқсат сұраймыз. Рұқсат алғаннан кейін ғана аппаратты өшіріп, операция жасай аламыз. Бірақ донорлықтың маңызын біздің қоғам әлі де болса түсіне алмай отыр», – дейді маман.

Атыраулық Нұрлан Қапажанов екі жылдан бері бүйрек ауруымен күресіп келеді. Осы уақытқа дейін үш рет операцияны өткерген Нұрлан қазір Гемодиализ орталығында ем алып жүр. Бұл орталықта ол бүйрек қызметін «атқаратын» арнайы аппаратқа аптасына үш мәрте қосылып ем қабылдайды.

«Бүйрек ауыстыруға мұқтаж екенімді туыстарыма ғана айттым. Әрине, трансплантация жасау – күрделі операция. Сау адам үшін де дене мүшесімен бөлісу оңай шешім емес. Әзірге ем қабылдауды жалғастырамын. Бәрі үйлесіп, сәтті ота жасататынына үміттімін», – дейді Нұрлан.

Былтыр Қазақстанда 19 ағза ауыстыру операциясы жасалған. «Бұл – өте төмен көрсеткіш» дейді Гемодиализбен ауыратын науқастар қауымдастығының жетекшісі Айжан Кударова.

«Қазақстанда ағза ауыстыру отасын жасайтын 7 трансплантаттау орталығы бар. Мұндай күрделі оталар елде тегін жасалады. Бірақ донор болмағандықтан, жылына «күту парағынан» 300-ге жуық адамды жоғалтып жатырмыз. Сондықтан мәйіт донорлығын дамыту өте өзекті», – дейді Айжан Кударова.

Жоғары санатты дәрігер, трансплантолог Жанат Спатаев тірі адамның ағзасын донорлыққа пайдалану үлкен тәуекел екенін айтады.

«Сараптап қарағанда, дені сау адам өзгені құтқару үшін өмірін тәуекелге тігіп, үлкен қадамға барады. Қажеттілікке қарай, оның бүйрегі немесе бауырының жартысы алынады. Операциядан кейін ол адамның саулығы қалай болатыны да белгісіз. Сондықтан бұл мәселеде мәйіт донорлығын насихаттау бағытындағы ақпараттық жұмыстар көбірек керек», – дейді маман.

Тірі донорлықтың қаупі туралы мамандар пікірімен келіспеуге болмайды. Себебі өз ағзасын өзгеге беру арқылы мүгедек атанып жатқан қилы тағдырлар көп. Атырау облысының Жылыой ауданына қарасты Қосшағыл ауылы тұрғыны Ақжол Нұрлыбайқызы – осындай ерекше тағдыр иелерінің бірі. Ол 2016 жылы анасына бауырының бір бөлігін берген. Ақжол – үйінің үлкені. Өзінен кейін төрт бауыры бар. Анасы Гаухар трансплантологиядан кейін 2015 жылы көз жұмды. Бауыр циррозына шалдыққан Гаухарға жиырмаға толмаған қызы Ақжолдың ағзасы көмектесе алмады. Ақжолдың анасына ағза ауыстыру операциясы Астанадағы Ұлттық ғылыми медициналық орталығында жасалған. 11 сағатқа созылған ота сәтті өткенімен, Гаухар жансақтау бөлімінің төсегінде көз жұмған. Бауырының елу пайызын анасына берген Ақжол – қазір үшінші топ мүгедегі. Бірақ ол анасының өмірі үшін соңына дейін күрескеніне өкінбейді.

«Барлығы бойымда өкініштің баржоғын сұрайды. Мен не жасасам да, анам үшін жасадым. Анам да, әкем де маған риза деп ойлаймын. Мүгедек атанғанымма емес, анамның жанымызда жоқтығына өкінемін», – дейді Ақжол.

Мамандардың айтуынша, ең ауыр және күрделі оталардың бірі – бауыр ауыстыру. Операция ұзақтығы да әртүрлі. Орта есеппен 8-10 сағатқа созылады. Ең ұзақ уақыт алған операция, тіпті 26 сағатқа дейін созылған екен.

«Себебі бауырды байланыстыратын майда қантамырлар мен өт жолдары сияқты жалғауды қажет ететін мүшелер көп. Ота сәтті өтсе, адам әрі қарай тағы 30-35 жыл өмір сүреді. Көп жағдайда науқастардың туыстары донор болып жатады. Елімізде ота жасайтын материалдық-техникалық жағдай да, тәжірибелі мамандар да жеткілікті. Тек донор табу қиынның қиыны. Сол үшін азаматтар арасында донор болуды насихаттау жұмыстары көптеп жүргізілсе екен», – дейді мамандар.

Елімізде алғаш рет қостанайлық азаматтың жүрегі алмастырылған болатын. Отаны «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы» базасында 2012 жылы Қазақстанның жоғары білікті кардиохирургы Юрий Пя жасады. Кейін осы еңбегі үшін «Парасат» орденімен марапатталды.

Трансплантауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталықтың мәліметінше, 2012 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде барлығы 2 619 ағзаны ауыстырып салу операциясы жасалған. Әр цифрдың артында адам және оның өмірі тұрғанын ескерсек, мәйіт донорлығын дамытуға мықтап кірісу керек-ақ.

Қазір әрбір бесінші жас қазақстандық мамандық бойынша жұмыс істемейді. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының деректеріне сүйенсек, еңбек нарығында тәжірибелі жұмысшылармен салыстырғанда жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігі төмен саналады. Мамандардың айтуынша, тәжірибе, білім және қажетті дағдылардың жетіспеуі жастардың өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеуіне кедергі болады. Осы себептен жастардың көпшілігі қызмет көрсету және сауда секторларында еңбек етеді.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДҮМПУГЕ ДАЙЫН БА?

Кәмила ЕРКІН

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мәліметінше, 2030 жылға қарай еліміздегі жастардың саны 6 миллионға жетпек. Бұл білім беру қызметтері, жұмыс орындары, сондай-ақ тұрғын үй мен медицинаға деген сұраныстың артуына септігін тигізбек.

Мәселен, 2023 жылы 230 мыңға жуық жас еңбек нарығына шықты және бұл көрсеткіш алдағы уақыттарда арта түседі. Жыл сайын еңбекке қабілетті жастардың 300 мың адамға өседі. Әрине, бұл 2000 жылдардағы «бейби бум», яғни нәрестелердің көп дүниеге келуімен тікелей байланысты. Дегенмен 2040 жылдан кейін бұл көрсеткіш 400 мың адамға жетпек. Сондай-ақ олардың көпшілігі оңтүстік өңірлер мен мегаполистерде тұрады.

Орталық мамандары еліміздің шығыс және орталық облыстарында өнеркәсіптегі жас мамандар саны қысқарып, ал солтүстікте ауыл шаруашылығында жастардың жұмыспен қамтылуы азаятынын жеткізеді. Керісінше, ішкі көшіқонға байланысты үш мегаполистегі жастардың үлесі арта түспек. Ал 2030 жылға қарай Солтүстік Қазақстан облысындағы жастардың үлесі 2%-дан аз немесе барлығы 114 мың адамды құрайтын болады.

БІЛІКТІ МАМАН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – МІНДЕТ

«2023-2050 жылдарға арналған демографиялық болжамында» 2030 жылға қарай 15-34 жас аралығындағы қазақстандықтардың жалпы саны 5,9 млн адамнан асатыны жарияланған. Оның ішінде қала халқы 456 мың адамға, ауылдық жерлерде 97 мың адамға ұлғаймақ. Сондай-ақ 2030 жылға қарай жастардың үлесі қалаларда – 64,3%, ауылдық жерлерде – 35,7% болады.

Сарапшылар еңбек нарығына енетін бұл азаматтардың жұмыс орны да өңірлерге сай әртүрлі болатынын айтады. Мәселен, мегаполистердегі жастардың көп бөлігі сауда орындарында, батыс өңірлерінде өнеркәсіп саласында, ал оңтүстік жастары аграрлық секторда жұмыс істейтін көрінеді.

Соңғы бес жыл ішінде жастардың 78%-ы (2,8 млн адам) жалдамалы жұмысқа орналасса, 22%-ы (800 мың адам) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарын толықтырған. Десе де, осы кезең аралығында ұйымдарда тұрақты негізде жұмыс істейтіндер саны 6,5%-ға, ал өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 5,5%-ға қысқарған.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының вице-президенті Шалқар Байқуатов осыған дейін «мұндай көрсеткіштер еліміздегі жұмыссыздық деңгейіне әсер етуі мүмкін және бұл жұмыспен қамту саясатын қалыптастыру кезінде ескерілуі керек» деген болатын.

Статистикаға жүгінсек, соңғы бес жылда елімізде жастарды жұмыспен қамтуға 63 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген. Сарапшылардың айтуынша, бүгінде жұмыс орындарын құрудан бөлек, жастардың тиімді дағдыларды игеруіне мүмкіндік жасау қажет. Мысалы, икемді жұмыс кестесі, мамандық ауыстыру және мансап векторын өзгерту секілді жұмыспен қамтудың жаһандық трендтерін пайдалану қажет.

Еңбекке қабілетті жас азаматтар күрделі дағдылардың жеткіліксіздігі себепті өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында қызмет етудің орнына сауда саласынан нәпақасын табуға талпынады. Бұл сөзімізге Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мына деректері дәлел бола алады. Мысалы, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың пайызы 1,9%-ға төмендеген де, ал сауда секторында бұл көрсеткіш 1,5%-ға өскен.

Halyk Finance сараптама орталығының мамандары ел азаматтарының еңбек нарығында көбірек ақша табуына шикізатқа негізделген экономика мен еңбек өнімділігінің төмендігі тікелей әсер ететінін жариялады. Жеке сектор мен шағын және орта бизнес экономиканың тірегіне айналу былай тұрсын, тоқырауға ұшырай бастаған. Сонымен қатар мемлекет көптеген саладағы рөлін арттырып, өнімділігі төмен компанияларға нарықта қалуға мүмкіндік береді.

ДАМУДЫҢ ЖАҢА ДАҢҒЫЛЫ

«Қазақстанның еңбек нарығы 2023 – төмен өнімділік, жасырын жұмыссыздық, өңірлік теңсіздік» атты жарияланған есепте секторлардың иық тіресе қатар дамымауы, экономиканы мемлекеттендіру секілді бұрмалаулар экономиканың күрделілігін арттыруға, оны әртараптандыруға және оның тұрақты өсуіне мүмкіндік бермейтіні жазылған. Сарапшылардың сөзінше, соңғы жылдары белсенді түрде жүзеге асырылып жатқан «даму, индустрияландыру, жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламалары» түріндегі мемлекеттік құралдар экономика тетіктерінің тиімсіздігін көрсетеді. Мұның айқын көрінісін ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің табысы төмен болғандықтан саудаға ағылып жатқанынан көруге болады. Дегенмен, мемлекет әлі де векторын өзгертер емес, себебі жоспарлы тәсіл мен нарықтық емес интервенцияларды қолдану азайған жоқ.

Дегенмен сараптама орталығының мамандары бұл экономикалық дамудың жаңа моделіне көшу жасалып жатқан құрылымдық реформалар нәтижесі деп біледі.

«Бұл – әкімшілік басқару әдісінен нарықтық қатынастарға көшудің айқын белгісі. Мұндай жүйеде мемлекеттік бағдарламалар мен жоспарлар екінші орынға шығады да, жеке сектор барлық нарық субъектілері арасындағы салауатты бәсекелестікке ықпал етеді. Экономикалық дамудың мұндай моделі тиімсіз мемлекеттік кәсіпорындар мен ірі жеке фирмаларды жаңа және тиімдірек компаниялармен алмастыруға мүмкіндік береді, бұл сайып келгенде еңбек өнімділігін арттыруға ықпал етеді», – делінген баяндамада.

ТАБЫСЫ «ТАЛАБЫНА» САЙ ЕМЕС

«Еңбек өнімділігінің төмендігі азаматтардың табысына тікелей әсер етеді. Егер халық табысының көп бөлігін азық-түлікке жұмсаса, сәйкесінше, тауарлар мен қызметтерге деген сұраныс та төмендейді. Мұндай жағдайда жеке сектор мен бизнестің сапалы дамуын күту қисынсыз», – дейді зерттеушілер.

Мамандардың сөзінше, экономикадағы осы секілді толқулар тағы бір проблеманы туындатады. Себебі табыс деңгейі үнемі мамандардың дағдыларына сай бола бермейді. Мәселен, орта есеппен жоғары білімі бар жұмысшылар көбірек жалақы алады дегенімізбен, жоғары кәсіпқойлық пен шеберлікті қажет ететін «білім беру, денсаулық сақтау, өнер» сияқты көптеген салалардағы кіріс салыстырмалы түрде төмен», – делінген хабарламада.

Қазақстанда біліктілігі жоғары мамандармен салыстырғанда орташа деңгейдегі қызметкерлер сұранысқа ие. Дегенмен сарапшылар бұл тенденцияны экономиканы белсенді цифрландыру мәселесі өзгерте алады деп сендіреді. Өйткені ол шикізаттық емес салалардың өсуіне, сондай-ақ озық дағдыларды меңгерген кадрларға деген сұраныстың артуына ықпал ете алады.

«Инновациялар мен ноу-хау, күнделікті процестерді автоматтандыру, сапалы талдау нәтижелері арқылы өзгерістер енгізу мүмкіндігі-мұның бәрі сектор тиімділігі мен еңбек өнімділігінің өсуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар қызмет етушілердің жұмысынан айырылу қаупі жаңа жұмыс орындарының ашылу мүмкіндігімен пропорционалды. Сондықтан мемлекет инвестициялайтын салаларды жоғары технологияларды енгізуге және цифрландыруға ынталандыру қажет», – деп жазады есеп авторлары.

ЖЫРЫ БІТПЕС «ЖАСЫРЫН» ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, Қазақстандағы барлық жұмыс күшінің төрттен бір бөлігін өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар құрайды. Олардың тек 4%-ы ғана айына 300 мың теңгеден артық табыс таба алады, яғни кіріс мөлшері жалдамалы қызметкерлерге қарағанда төмен.

Сараптама ортылығының мамандары мұны экономиканың мұнай емес секторындағы еңбек өнімділігінің төмендігімен байланыстырады.

«Жалдамалы жұмысшылардың көпшілігі (62%) тиісті жалақысы бар өнімділігі төмен салаларда шоғырланған. Бұл толық жұмыспен қамтылған табысы төмен жұмыс істейтін кедей азаматтардың тобын құрайды. Еңбек өнімділігінің төмендігі – ЖІӨ мен жалақының өсуінің баяулауының негізгі себебі», – делінген хабарламада.

Зерттеушілердің айтуынша, 200 мыңнан астам өзін-өзі жұмыспен қамтығандар айына ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыс табады.

«Бұл елдегі «жасырын» жұмыссыздық проблемасын көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар қазір оның ресми көрсеткіші тәуелсіздік кезеңіндегі ең төменгі деңгейге жетті. Бұл жағдай жеке сектордың тиімділігінің төмен екенін тағы да растайды. Себебі өзін өзі жұмыспен қамтушылардың 73%-ы – жеке кәсіпкерлер», – дейді сарапшылар.

Сонымен қатар зерттеу авторлары биыл енгізілген жалпыға бірдей декларациялаудың артықшылықтарына тоқталған. Олардың пікірінше, мұндай бақылау олардың көлеңкеден шығуына да, қызметкерлердің жағдайы мен құқықтарын жақсартуға да ықпал етеді. Бұл жалдамалы қызметкерлер сияқты әлеуметтік кепілдіктер мен мемлекеттік қорғауға «ілігуге» жол ашады.

Зерттеушілер ерлер мен әйелдер арасындағы табыс алшақтығын атап өтті. Өйткені әйелдер арасындағы жұмыссыздық ерлермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Осы себептен сарапшылар еңбек нарығындағы гендерлік теңсіздікті жеңу үшін шаралар қабылдауды ұсынған.

«Сонымен қатар ауылдағы әйелдер де қолайсыз жағдайға тап болады – егер қалада жұмыс істейтін ерлер мен әйелдердің саны шамамен бірдей болса, онда ауылда жалдамалы адамдар арасында да, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында да әйелдердің еңбек белсенділігінің деңгейі төмен, сондықтан жұмыспен қамтылғандар арасында ерлермен салыстырғанда жарты миллионға аз. Сондықтан инвесторларды тарту және ресми жұмыс орындарын құру арқылы мемлекеттік ресурстарды ауылдық жерлерде әйелдерді жұмыспен қамтуды қолдауға бағыттау қажет», – деп түйіндейді мамандар.

Елімізде жүріп жатқан саяси реформалар барысында Мәжіліс пен мәслихаттарға көп артықшылық беріліп отырғаны белгілі. Халықтың әл-ауқатын арттыру, экономиканы, соның ішінде кәсіпкерлікті жандандыру жұмысында да олардың рөлі артып отыр. Өңірлерде де, елордада да бұл бастаманың бүгінде бірте-бірте жеміс бере бастағаны аңғарылады. Осы ретте Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовпен сұхбаттасқан едік.

Ерлан КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы:

АШЫҚТЫҚТЫ САҚТАУ МАҢЫЗДЫ

– Ерлан Ермекұлы, елордалық мәслихаттың алдында қандай міндеттер тұр?

– Елордалық мәслихат қалалық әкімдіктің барлық мемлекеттік органымен және құрылымдық бөлімшелерімен өзара тығыз іс-қимыл жасайды. Мәслихаттың белсенді қызметінің және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимылының жарқын мысалдарының бірі – әкімдік басқармаларының бюджеттік өтінімдерін қалыптастыруға қатысуы. Басқаша айтқанда, қаржы ағындарын бөлудің басымдығын біз өзіміз анықтаймыз. Мұның бәрі бюджет қабылданғанға дейінгі 2-3 ай бұрын болады. Төрт комиссияның мүшелері тексеру комиссиясынан қалалық бюджеттің атқарылуы мәселелері бойынша жүргізілген бақылау іс-шаралары туралы ақпаратты тұрақты негізде сұратады. Ақша бөлу кезінде әрдайым белгілі бір мәселелерді талқылау өте белсенді жүреді және аудан әкімдері, Астана әкімінің орынбасарлары, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шақырылатын кездесулер бірнеше сағат бойы жалғасады. Көп шығынның баптары түзетуге жіберіледі. Бұл мәселелерді талқылау үшін әлеуметтік желілерде тікелей эфир арқылы қала тұрғындары белсенді қатысады. Олардың тілектері мен ұсыныстары назардан тыс қалмайды. Сонымен қатар биыл елордалық кәсіпкерлердің көптеген өтінішіне байланысты депутаттық корпус барлық заңнамалық талапты ескере отырып, бөлшек салық мөлшерлемесін 4-тен 3%-ға дейін төмендетті. Бұл шешім біздің шаһардың экономикалық әлеуетін нығайтуға ықпал етіп қана қоймай, бизнесті көлеңкеден шығаруға мүмкіндік береді.

– Соңғы кезде барлық жерде ШОБ субъектілеріне салық салу тақырыбы талқыланууда. Менің білуімше, бұл мәселеде елорданың депутаттық корпусы принципті ұстанымға ие. Онысы нәтижесіз емес те сияқты. Осы жайында не айтасыз?

– Өткен аптада бөлшек салықтың арнайы режимін қолдануды көздейтін қызмет түрлерінің тізбесі (ЭҚЖЖ) 190 қызмет түрінен 364-ке дейін ұлғайтылды. Былтыр ШОБ субъектілерін қолдау үшін елордалық мәслихат депутаттары өз шешімімен бұл мөлшерлемені 4-тен 3%-ға дейін төмендетті. Тұтастай алғанда, көрсетілетін қызмет түрлерінің тізбесі дұрыс, тек оған қызмет түрі бойынша және алынған пайда бойынша осы тізімге кірмегендері енгізілді. Осы мақсатта мен құрамына мәслихат депутаттарын, Мемлекеттік кірістер департаменті мен кәсіпкерлер палатасының өкілдерін қосатын жұмыс тобын құруды ұсындым. Олар тізбені түзетумен айналысатын болады. Әйтпесе, қалалық бюджет ақша тапшылығына тап болуы мүмкін. Өткен аптадағы отырыстардың бірінде мен әріптестеріме Астананың 5 ауданының әрқайсысында кәсіпкерлерді қолдаудың шағын орталықтарын ашу мүмкіндігін қарастыруды ұсындым. Онда олар бір жерде бірқатар қажетті қызметті, мысалы салық декларациялары мен есептерін тапсыру туралы, кредиттер мен мемлекеттік бағдарламалар бойынша консультациялар ала алады.

– Елордалық мәслихат депутаттары халықтың үніне қаншалықты құлақ асып отыр?

– Елордалық мәслихат депутаттары үшін сайлаушылармен өзара іс-қимыл барысында ашықтықтың жоғары деңгейін сақтау өте маңызды. Біз кездесулер мен қабылдаулар кестесін әзірлеп, бекіттік. Мысалы, бірмандатты сайлау округтері бойынша 17 депутат үш қабылдау өткізеді, олар – өз округтерінде, өз партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесінде және мәслихаттың қабылдау бөлмесінде. Былтыр біз арнайы қабылдау бөлмесін аштық, онда депутаттардың әрқайсысы кестеге сәйкес айына бір рет азаматтарды қабылдайды. Цифрлар келтірер болсам, былтыр жыл аяқталмай жатып қала тұрғындарынан 800-ге жуық өтініш түсті. 400-ден астам азаматтарды қабылдау өткізілді, 2 мыңға жуық адам қабылданды. Сонымен қатар депутаттар өздерінің немесе көмекшілерінің WhatsApp нөмірлерін жариялап, сайлаушылармен үнемі байланыста болды. Олардың проблемалық мәселелеріне жедел жауап береді. Қоғам үшін мәслихаттардың қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі өте кең. Барлық отырыс пен сессиялар тікелей эфир режимінде өткізіледі.

Сонымен қатар біз қала әкімімен, қоғам белсенділерімен, өз сайлаушыларымызбен жиі кездесулер өткіземіз. Нақты іс-қимыл жоспарлары қабылданған. Сондай-ақ депутаттар арасында арнайы рейтинг енгіздік. Енді кімнің белсенді жұмыс істейтінін, сессиялар мен көшпелі кеңестерге қатысатынын анықтаймыз. Нәтижесін көпшілікке жариялауды жоспарлап отырмыз. Сондықтан әр депутат егер халық оларға риза болмаса, мандатты қайтарып ала алатынын түсінуі керек.

– VIII шақырылымның сайланғанына алдағы айда бір жыл толады, осы уақыт барасында қандай мәселелерді шеше алдыңыздар?

– Көтерілген мәселелердің басым бөлігін шеше алдық, ал қалғандары депутаттардың ерекше бақылауында деп сеніммен айта аламын. Депутаттық корпустың күш-жігерінің басым бөлігі елордада 16 тұрғын үй алабының тұрғындары үшін қолайлы жағдайлар туғызуға бағытталған. Біздің ойымызша, ондағы өмір жағдай қала орталығынан өзгеше болмауы керек. Мұнда жайлы мектептер, балабақшалар, ойын-сауық орталықтары, спорт кешендері болуға тиіс. Біз барлық әлеуметтік нысанның құрылыс барысын үнемі бақылауда ұстап отырмыз. Олардың мерзімін де, жабдықталуын да тексереміз. Жылына шамамен 3-4 рет құрылыс алаңдарына барамыз. Сөз ретінде айта кетсем, VIII шақырылымның алғашқы жылында біз 200-ге тарта көшпелі жиналыс өткізіп, проблемалық мәселелерді өз көзімізбен көрдік.

Әлеуметтік саланың көптеген проблемалық мәселесін, қала тұрғындарының тілектерін нақты уақыт режимінде Астананың бас жоспарына енгізу үшін депутаттар бас жоспар базасында көшпелі отырыстар жасады. Елорда халқының өсуіне қатысты алғашқы болжамдар ескіріп кеткені белгілі, осыған байланысты құжат айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Нәтижесінде, жаңартылған бас жоспар қабылданып, бекітілді.

Елордалық мәслихат депутаттарының бастамасымен тұрғын үй сертификаттарының сомасы 1 млн теңгеден 1,5 млн теңгеге дейін ұлғайтылды. Оларды алушылар санаты да кеңейтілді. Емдеу-сауықтыру мекемелерінің санын 5-ке дейін ұлғайту туралы шешім бекітілді. 2024 жылдың басынан бастап Мүгедектер күніне берілетін біржолғы төлемдері арттырылды. Ол I топтағы мүгедектер үшін 69 мың теңгені, II топ үшін 34,5 мың теңгені және III топ үшін 17,2 мың теңгені құрайды. Бурабай ауданында орналасқан қарттарға, мүгедектерге және мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту орталығының аумағында медициналық корпус салу мәселесі қолға алынды. 2024 жылы икемді протезді қолдана отырып бір адамға қызмет көрсету құны 204 мың теңге болатын 3 400 адамды тіс протездеу және санация қызметтерімен қамту туралы шешім қабылданды. Атқарылған шаруалар тізімін тағы да жалғастыра беруге болады.

> *Мәжіліс пен мәслихаттарға сайлау кезінде біз «AMANAT» партиясы елордалық филиалының алдағы 5 жылға арналған сайлауалды бағдарламасын әзірледік.*

– Елордалық мәслихаттың қазіргі құрамын қалай сипаттар едіңіз?

– Біздің қала қарқынды дамып келеді. Тұрғын үйлердің құрылысы, әлеуметтік, мәдени және спорт нысандарының қатары арту үстінде. Астана халқының саны да өсіп келеді. Қазір елордада 1,3 млн-нан астам адам тұрады. Осыған байланысты Мәжіліс пен мәслихаттарға сайлау процесі барысында елордалық мәслихат депутаттарының құрамын 34 адамға дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Партиялық тізімдер бойынша сайланған 17 депутаттың ішінен «AMANAT» партиясы 12 мандат алса, «ҚХП» партиясына және «Байтақ» қазақстандық жасылдар партиясына бір-бір мандаттан тиді, «Ақ Жол» партиясында үш мандат. Қалған 17 депутат бірмандатты сайлау округтері бойынша сайланды. Жаңа шақырылған мәслихат құрамында 25 ер адам және 9 әйел бар. Ең жас депутат – 23 жаста, ең үлкені – 63 жаста. Біздің мәслихаттан әртүрлі мамандық иелерін: дәрігерлерді, педагогтерді, құрылысшыларды және бизнесмендерді де кездестіруге болады. Мәслихаттың алқалы орган екенін білесіздер. Біздер бір-бірімізді толықтыра отырып жұмыс істейміз. әрбір депутат – өз қызмет саласындағы білікті маман және қала тіршілігінің басқа да салаларына қатысты мәселелер бойынша үнемі оқудан өтіп отырады.

– Бірмандатты округ бойынша сайланған депутаттардың болуы қандай да бір түрде дауыс беру кезінде шешім қабылдауға әсер ете ме?

– Былтырғы мәслихат сайлауы тартысты болды. Өйткені олар бірмандатты округтер бойынша өтті. Яки аудандардың тұрғындарына ерекше назар аударылды. Олар сайлаған депутаттар проблемалық мәселелер мен ұсыныстарды шешу бойынша жол карталарын әзірледі. Олардың барлығын сол кездегі сайлау процесінде депутаттыққа кандидаттар жинады. Осы тұста бүгінде сол мәселелердің 40%-ға жуығы бір жыл ішінде шешілгенін атап өткім келеді. Биыл Жол картасының барлық міндеті, кейбір жүйелік мәселелерден басқасы орындалды. Міне, дәл осы жұмыстардың нәтижелері бойынша 17 депутаттың да жұмысы бағалауға болады. Олардың әрқайсысы өз округтерінің тұрғындарының мүдделерін қорғағаны сөзсіз. Ал мәслихатта қабылданатын шешімдерге келсек, әркім жеке көзқарасын білдіруге құқылы, ал оның нәтижесі – біздің Астанада болып жатқан оң өзгерістер, сіздің сұрағыңыздың жауабы да осы болуы мүмкін.

– Мәслихаттағы көпшілік партия «AMANAT» екені белгілі. Оның жұмысына қандай баға беруге болады?

– Мәжіліс пен мәслихаттарға сайлау кезінде біз «AMANAT» партиясы елордалық филиалының алдағы 5 жылға арналған сайлауалды бағдарламасын әзірледік. Әдеттегідей бұл құжат сайлаушылардың ұсыныстары, сондай-ақ елорданың негізгі проблемалық мәселелері, соның ішінде тұрғын үй алаптарында қордаланған кешенді «тәуекелдер картасы» негізінде жасалды. Олар – бүгінде халық арасында әлеуметтік шиеленіс туғызатын мәселелер. Бірінші кезекте біз халықпен кездесулер барысында айтылған мәселелер бойынша іс-шаралар жоспарын жасадық. Негізінен, бұл коммуналдық-тұрмыстық мәселелер, яки қоғамдық көліктің жұмысы, абаттандыру, көгалдандыру, қоқыс шығару және тағы да басқа. Астана тұрғындары жайлы өмір сүру ортасы орныққанын қалайды. Бұл бағдарламалық құжатта оларды шешудің жолдары көрсетілген. Алдағы 5 жылда мәслихаттағы «AMANAT» партиясы фракциясының негізгі міндеті оның орындалуын бақылау және жәрдемдесу болмақ.

– Әңгімені бюджетке бұрсақ. Сіздер биылғы бюджетті бекіттіңіздер, ол қалай жасақталды? Қандай бағыттарға басымдық бердіңіздер?

– Бүгінде бюджетпен қамту, оны қалыптастыру және бөлу мәселесі – өзекті мәселелердің бірі. Осыған байланысты біз мемлекеттік органдардан бюджеттік өтінімдерді бөлу тәжірибесін қабылдап алып, табысты іске асырып жатырмыз. Қаржылық құжаттың келісімі мен бекітілуіне дейін жауап беретін бюджеттік комиссия бар. Оның құрамына мәслихат төрағасы мен бюджеттік комиссиясының төрағасы тікелей кіреді. Мәслихат сессиясында бюджет бекітілгенге дейін 2-3 ай ішінде бюджеттік өтінімдерді қарауды бастаймыз. Шығыстардың басым бағыттарын дербес айқындап, бірқатар әлеуметтік объектілердің құрылысын аяқтауды қаржыландыру бойынша тиімді ұсыныстарды әзірлейміз. Депутаттар алдағы үш жылға арналған бюджетті талқылау кезінде үлкен жұмыс жүргізді. Бюджет жобасын дайындау және талқылау жұмыстары екі айға созылды. Онда қала дамуының барлық аспектісі ескерілді. Оны дайындау барысында біз бірінші кезекте шығыстардың басым бағыттарын ескере отырып, балабақшалар, әлеуметтік тұрғын үйлер, емханалар, оқушылар сарайы, жедел жәрдем қосалқы стансалары және тағы да басқа құрылыстарды аяқтауға қаржы бөлу бойынша тиімді ұсыныстар әзірледік. Мен елорданың негізгі қаржылық құжаты әлеуметтік бағдарланған деп сеніммен айта аламын.

– Сіз әлеуметтік желілерде де белсендісіз, елорданың өмір тынысын дамытудың кешенді жоспарлары туралы сіз арқылы біліп отырамыз. Енді өзіңіздің көңіліңізге түйген сәттер болса, соны өз аузыңыздан естісек.

– Әрине, қаламыз заман ағымына сай дамып келеді. Бірақ елорда өмірінде шешілмей қалатынын мәселелер де болып тұрады. Ол ең бірінші кезекте қаржы жетіспегеннен немесе мүлдем қарастырылмағаннан екеніне түсініспікпен қарағанымыз жөн. Әуелгі айтарым осы. Ал жүзеге асырып жатқан жұмыстарымыз, өзіңіз аңғартып өткендей, көпшіліктің көз алдында. Мәселен, әкімдікпен бірлесіп біз алдағы 3 жылға арналған түрлі саланы дамытудың бірқатар кешенді жоспарын әзірлеп, іске асырдық. Соның бірі – «Денсаулық сақтау жүйесін дамытудың кешенді жоспары». Оның шеңберінде біз медициналық объектілерді күрделі жөндеуге қаражат бөлгіздік, олар – пайдалануға берілген кезден бері жөндеу көрмеген ғимараттар. Сонымен қатар оларға қажетті заманауи жабдықтар сатып алынды, ақ халатты абзал жандардың жалақысы мен басқа да төлемдерін ұлғайту туралы ұсынысымыз да қолдау тапты. Былтырғы жылдың соңында бірнеше емхана мен қалалық аурухананың жаңартылған ғимараттары қала тұрғындарына есігін айқара ашты.

VIII шақырылымның басынан бастап «2023-2025 жылдары елордада қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауға арналған іс-шаралар жоспары» әзірленіп, жүзеге асырыла бастады. Онда тәртіп сақшылары үшін қажетті автокөлік, есірткі заттарын жедел анықтау үшін жабдықтар сатып алу, учаскелік және модульдік полиция пункттерін салу, бейнебақылау камераларын орнату, спорт кешенін жөндеу көзделген. Бұл жұмыстар жоспар бойынша орындалуда.

ТЖ департаментімен де осындай жоспар сәтті жүзеге асырылуда. Біз елордада салынған зәулім ғимараттардың өрт қауіпсіздігі мәселелеріне арнайы техника, жеке құрам үшін қажетті киім-кешек пен жабдық қажет екенін түсінеміз. Елорданың тұрғын алаптарында заманауи өрт сөндіру депосын салу қажет, бізде ондай 16 алап бар. Біз барлық ескі өрт сөндіру бөліміне құрылыс компаниялары бар депутаттардың есебінен күрделі жөндеу жүргіздік. Олардың көмегімен батыс стандарттары бойынша бірнеше полиция бекеті салынды. Айтпақшы, әріптестермен бірге Ақтөбе облысына барған болатынбыз. Онда өрт сөндіру бөлімдерінің арзан модульдері тұрғызылғанын көрдік. Кешеннен тұратын оқу мұнарасы, спорт алаңы, жанармай құю бекеті, су ыдысы, БӨП, арнайы техникаға арналған анғарлар және тағы да басқа құрылымдары бар екен. Болашақта біз Астананың тұрғын үй алаптарында осындай типтік құрылыстарды салатын боламыз. Ондағы өрт сөндіру деполары біздің климаттық жағдайымызға және елордалық құтқарушылардың талаптарына толық сәйкес келеді. Қазір елордада 12 өрт сөндіру бөлімі жұмыс істейді, тағы 18 өрт сөндіру бөлімін салу қажеттілігі тұр. Біз құтқарушылардың әлеуметтік жағдайын жасау керегін де ұмытпаймыз – тұрғын үй сатып алуға сертификаттар бөлуді қолдадық, олардың балалары демалыс кезінде лагерьлерде демалатын болады.

Ақсақалдармен де белсенді жұмыстар жүргізудеміз. Астанада тұратын аға буын өкілдері үшін 2025 жылға дейінгі «Белсенді ұзақ өмір сүру» іс-шаралар жоспарын әзірледік. Бағдарламалық құжат тегін заң көмегін көрсетуді, қаржылық сауаттылықты арттыруды, қайырымдылық акцияларын, көрме-сатылымдарды, зейнеткерлердің қолымен өндірілген өнім жәрмеңкелерін, бос орындар жәрмеңкелерін өткізуді, емханаларда арнайы медициналық кабинеттер ашуды және тағы басқа шараларды көздейді. Бұл жоспарды іске асыру қарқынды жүріп жатыр. Ардагерлер кеңесінің басшыларымен тығыз байланыста жоспардың орындалуын бақылауда ұстап отырмыз. Айтпақшы, VIII шақырылым өз жұмысын бастаған қысқа мерзімде мұқтаж жандарға 2 млрд теңгеден астам сомаға қайырымдылық көмек көрсетті. Бірлескен іс-шаралар жоспарлары тақырыбына оралсақ, дәл осындай бағдарламалық құжаттар Спорт және денешынықтыру, сондай-ақ Білім және мәдениет басқармасы тарапынан да әзірленіп жатқанын атап өткім келеді. Осы айда олар бекітілуі керек.

–Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

ТУРИСТЕРДІ «ТӨСЕК АЛЫМЫНАН» ҚҰТҚАРДЫ

Отандық туризм саласындағы биылғы жылдың басты бір жаңалығы – Үкіметтің Bed Tax жүйесінен бас тартуы болды. Бұл – Мәдениет және спорт министрі болған тұста Арыстанбек Мұхамедиұлы ілгерілеткен, билік 2015 жылдан бері жыр қылып, үш жыл бұрын енгізген бастама еді. Осыған орай кейбір сарапшы Үкіметтің экс-министрдің мұрасынан арылғанын айтты. Шынында, туристік жарна шетелдік саяхатшылардың, отандық қонақүйлердің және турфирмалардың наразылығын туғызған. Әлемде табысты қолданылатын тәжірибе неге Қазақстанды жерсінбеді?

Айхан ШӘРІП

ҚАЛАУЫН ТАПСА, ЖАРНА ЖАЙНАТАДЫ

Былтыр жаңадан құрылған Туризм және спорт министрлігі бұл бетбұрыс жайында қысқа ғана хабарламамен шектелді. Онда шетелдіктердің 2024 жылғы 9 қаңтардан бастап туристік жарнаны төлемейтіні ескертілген.

«Қазақстанның Туризм және спорт министрінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №347 бұйрығымен шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларына өзгерістер енгізілді. Оған сәйкес Қазақстанның бүкіл аумағында нөлдік ставка қолданылатын болады. Өзгерістер осы жылдың 9 қаңтарында қолданысқа енгізілді», – деп хабарлады ведомство.

Бір қызығы, бірқатар елде «төсек алымы» (постельный налог, немісше, bettensteuer) аталатын осы тетікке қатысты озық дамыған елдер кері бағытта қозғалып барады: көптеген ел туристік жарна көлемін арттырды, жарнасы жоғы оны енгізіп жатыр. Euronews Travel түсіндіруінше, себебі екі, кейбір елде үш жылға созылған пандемиядан кейін туризм саласы қалпына келіп, өсімге ден қойды, туристер саны күрт артты.

Ал Bed Tax, әсіресе жергілікті билік органдары үшін табыстың құнды көзі саналады: нақты бір елді мекенге келген шетелдік қонақтардан түскен қаражат нақты сол жердегі көрнекті орындарды, парктерді, ескерткіштерді абаттандыруға, қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға бағытталуы мүмкін. Яғни, туристер жергілікті тұрғындарға түсетін қаржылық ауыртпалықты бөлісіп, қоса көтереді.

Мұның сыртында туристік жарна шетелдік инвесторларды тартуда қосымша дәйектеме болады. Мәселен, осы алымның артуы туристік ағынның артқанын бәрінен тиімді дәлелдейді. Қандай да бір қонақүй кешенін сатып алғысы келген инвестор оның өзіне түнеген меймандарынан жинаған Bed Tax-ы мәліметін талдайды. Сол арқылы клиенттерінің саны көп, әрі бизнесі табысты екеніне көз жеткізеді.

Сондықтан Барселона былтырдан туристік алым көлемін арттыра бастады. Каталонияның астанасында жатжұрттық саяхатшыларға өңірлік туристік салықты және қосымша жалпы қалалық алымды да төлеуге тура келеді. Былтырғы 1 сәуірден бері қалалық билік туристік жарнаны әр түн үшін 2,75 еуроға дейін арттырды. Ал 2024 жылғы 1 сәуірден оны 3,25 еуроға дейін өсіреді.

Валенсия да биылғы жылы туристік алымды енгізді. 0,50-2 еуро көлеміндегі жарнаны баспананың барлық түріне – қонақүй, хостел, апартамент-вилла немесе кемпингті таңдаған саяхатшылардың бәрі төлеуге тиіс. Одан алынған қаржылар туристік орталықтарда жергілікті халық үшін қолжетімді тұрғын үй салуға жұмсалады.

Португалия, Таиланд сияқты елдер туристік жарнаны былтыр енгізді, Венецияда биылғы жылы, ал Еуропалық Одақ елдерінің барлығында 2025 жылдың көктемінде пайда болмақ.

ҚАЗАҚСТАН НЕГЕ BED TAX-ТАН ТЕРІС АЙНАЛДЫ?

Сарапшылар бірнеше себебін келтірді. Біріншіден, одан түсетін түсім тым мардымсыз болып шықты. Кезінде Мәдениет және спорт министрлігі бұл бастаманы қорғағанда, «бастапқы кезеңнің өзінде Bed Tax-тан түсетін қаржылай түсімдер жылына 1,5 миллиардтай теңгені немесе шамамен 4 млн долларды құрайды және одан ары артады» деп уәде еткен еді.

Жаңадан құрылған Туризм және спорт министрлігінің дерегінше, туристік жарна енгізілгеннен қазіргі кезге дейін одан мемлекеттік кірістер органына шамамен 500 млн теңге ғана құйылған.

Екіншіден, бұл жаңашылдықты енгізгенде билік салалық бизнеспен ақылдаспаған. Тиісті қаулының жобасын нарық қатысушылары егжей-тегжей талқыламаған. «Атамекен» ұлттық палатасы мамандарының пікірінше, бастама жеткілікті пысықталмаған, сол себепті бұл норманы енгізуге әлі ерте.

Мысалы, Bed Tax-ты қабылдағанда, Үкімет 2022 жылғы 1-ші тоқсандағы статистиканы басшылыққа алды: ол қазақстандық туризм көрсеткіштерінің күрт жақсарғанын көрсетті. Бұл ретте деректер 2021 жылдың басындағы статистикамен салыстырған. Ол кезеңде коронавирусқа қатысты шектеулерге байланысты елге келуші шетелдіктер саны некен-саяқ болды.

Үшіншіден, ең алдымен шенеуніктердің өзі бұл жаңалықты енгізуге, оны әкімшілендіруге дайын болмай шықты. Қажетті нормативтік құқықтық актілер уақытылы қабылданбады. Мәслихаттар шешімдері де кешіктірілді. Салдарынан, шетелдік қонақтарды қабылдайтын орындар дағдарды.

Сондықтан туристік жарна заң жүзінде 2022 жылы күшіне енгенімен, Үкімет оны жинауды бір жылға ысыруға мәжбүр болды.

Проблема былтыр да шешілмеді. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап, Астанаға келетін шетелдіктер үшін тәулігіне болу құнының 5%-ы мөлшерінде туристік жарна енгізілді (Алматыда 2%). Ал ақпан айында елорданың 229 қонақүйі мемлекеттік органдардан туристік жарнаны қалай төлеу керегін түсіндіруді талап етіп, шағымданды.

Өйткені алымды дұрыс жинамаса, дұрыс аударма, салықшылардың тексеруіне ілігіп, айыппұл салынады. Еуразиялық қауымдастықтың кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі вице-президенті Қанат Елеусізовтің түсіндіруінше, шетелдіктер үшін туристік алым 2023 жылғы 1 қаңтардан енгізілді, алайда оны төлеу тетігі пысықталмаған. Сонымен қатар ол жарна ставкасының жоғары екеніне назар аударды.

Былтыр «Атамекен» палатасындағы осы мәселеге арналған жиынға шақырылған Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің камералдық мониторинг бөлімінің бастығы Әнуар Бекжұманов бұл мәселе бойынша кәсіпкерлерге тұщымды түсініктеме бере алмады. Содан ол толымды түсіндірме алу үшін жоғарғы жаққа бірлесіп жүгінуді ұсынды.

«Мәселе өте күрделі, кінәратты. Мен оған нақты жауап бере алмаймын. Бұл жарна салық түсімі болып саналмайды. Мен жоғары тұрған органдардың алдына мәселе қоя аламын. Оны бірге егжей-тегжейлі қарастырайық», – деп жалтарған еді салық органының өкілі.

ЖАРНА «ЖАҚСЫ КҮНДЕРДІ» КҮТЕДІ

Астаналық Туризм қауымдастығының өкілі, турфирма басшысы Татьяна Верницкая осы жарна салдарынан 229 елордалық қонақүйдің жұмысы дағдарғанын еске салды. Олар халықаралық мәртебеге ие, қызметін халықаралық қонақүй броньдау сервистері арқылы ұсынады. Жатжұрттық меймандарына барлық жағдай жасап, көңілінен шығуға күш салады.

Бірақ Bed Tax алымын төлей алмағандықтан, шетелдік туристерге соны төлегені туралы тиісті құжатты бере алмады. Онсыз ол адам заң бұзып, шекараны кесіп өтуде қиындыққа тап болуы мүмкін. Соның кесірінен шетелдік қонақтың да көңілі бұзылады, қонақүйдің және қазақстандық турфирманың беделіне де нұқсан келеді.

Мұны «Wyndham Garden Burabay» сату бөлімінің директоры Гүлназ Негмеджанова растады: жарна бизнес тарапынан да, қонақтар тарапынан да көптеген қиындық пен көңілтолмастық туғызды. Мысалы, «Бурабай ауданында жарна шетелдіктер үшін қонақүйлердің тартымдылығын төмендетті».

Туризм және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев туристік жарнадан отандық бизнеске қолайсыздықтар тудырғаны үшін бас тартылғанын мойындады. Әйткенмен, мемлекет әлемдік тәжірибеде бар Bed Tax тетігінен толық бас тартпайды, ұлттық заңнамадан алып тасталған жоқ. Тек кейін қайта енгізілгенше, «нөлдік ставка» қолданылады. Яғни, қағаз жүзінде қалады, алайда жарна ешкімнен жиналмайды.

«Атамекен» ҰКП басқарма төрағасының орынбасары Тимур Нақыпбеков Үкіметтің бұл қадамын құптады.

«Шетелдіктердің туристік жарна төлеуі қағидалары бекітілгелі туристік қоғамдастықпен тізе қосқан ұлттық палата жарнаны тоқтата тұруды не мүлдем алып тастауды талап етіп, осы бағытта жұмыс жүргізді. Неге? Өйткені бұл жарнаны салықтық және бухгалтерлік әкімшілендірудің түсінікті алгоритмі болмады. Салдарынан, бизнеске қосымша ауыртпалық түсірді. Бұл норманы енгізуге әлі ерте. Оның үстіне туристерден жиналып жатқан қаражатты пайдаланудың айқын механизмі болмады», – деді Т.Нақыпбеков.

Шынында, туристік жарнаның қайда жұмсалатынын туроператорлар да, қонақүй өкілдері де білмейді. Бизнес оны туризмді дамытуға бағыттауды ұсынған еді. Бірақ бұл ұсыныс қабылданбады. Сондай-ақ туристер аз баратын өңірлерге қатысты мәселелер көп болды: мәселен, олар онсыз да туристен тарығып отырғанда, енгізілген жарна жергілікті қонақүйлердің құнын, тіпті қымбаттатып жіберді.

Сарапшы Татьяна Верницкаяның айтуынша, негізі Bed Tax тетігі туристердің санын кемітуге, шектеуге ықпал етеді. Ал Қазақстанда саяхатшылар саны аз. Туристік жарна республикамызда заң бойынша тек қонақүйге түскен шетелдіктерден жиналады. Соның кесірінен, бұл өз бетінше саяхаттап, хостелдерге немесе жалдамалы баспанаға түнейтін «жабайы туристер» санын арттыруға түртті болуы мүмкін.

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, былтырғы туристік маусымда, яғни 2023 жылдың қаңтар-қыркүйек аралығында елімізге 834,9 мың шетелдік турист қана келді. Бұл – алдыңғы жылғы көрсеткішке қарағанда 225 мың адамға көп: 2022 жылғы тоғыз айда елімізге 609,8 мың шетелдік саяхатшы келген-тін. Яғни, алдыңғы жылғы ұқсас мерзімге қарағанда бірден 37%-ға артқан.

Бір гәп бар: туристердің көбі – Ресей мен Қытайдан. Турфирмалар өкілдерінің айтуынша, ресейліктер негізінен «жабайы туризмді» таңдайды: не Қазақстандағы туыс, таныс, достарының бірінің үйіне, не кемпингте, тіпті көлікте түнейді, болмаса пәтер жалдайды. Қонақүйге тоқтайтыны сирек. Олардың тамақты, мысалы, «Доширактарын» да өзімен бірге ала келетіні «аңызға» айналған.

Қытайлық туристерге қатысты кілтипан сол, шығыс көршіде топтық туризм дамыған, шын елінің саяхатшыларының саяқ жүруі сирек. Топтық саяхатты Қытайдағы турфирмалардың өзі ұйымдастырады: адамдар тек туржолдама құнын төлейді. Әрі қарай қытайлық туроператор Қазақстандағы қонақүйден қажетті көлемде бөлмелерді сатып алады. Әдетте, бұл қонақүйдің қожайыны қытайлық болады. Қазақстандықтарға сене бермейді. Осылайша, қытайлық туристердің қаражаты негізінен ҚХР-ға кері қайтады.

Ресми статистика бойынша, былтырғы тоғыз айда Қазақстанға Ресейден 356 850 турист келіпті: салыстырсақ, 2022 жылдың 9 айында 318 590 ресейлік қонақ болып қайтқан.

Қытайдан 2023 жылғы 9 айда 75 131 турист елді аралады. 2022 жылғы ұқсас кезеңде бұл сан екі есе аз: 37 253 болды.

Үштікті Түркия тұйықтады: былтыр 9 айда 41 134 адам келді. Яғни, 2022 жылғы 9 айдағы көрсеткіштен төмендеді (42 081 адам). Төртінші орынға Үндістан көтерілді: 34 757 турист (10 090). Бестікке АҚШ азаматтары кірді: 2023 жылғы 9 айда Қазақстанға 28 160 американдық саяхаттаған (2022 жылғы сәйкес мерзімде – 18 266 адам).

Яғни, Қазақстанға үнемшіл, қытымыр жақын көршілерден бөлек, алыс шетелдегі мемлекеттердің қолы ашық саяхаташылары-ның көптеп келе бастағаны қуантады.

Әлімжан ЖҰБАТҚАНОВ,
адвокат:

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ ЖОҒАРЫ ТҰРУЫ ҚАЖЕТ

Сот жүйесіндегі реформалар – үздіксіз даму мен жетілдіруді талап ететін процесс. Былтыр наурыз айында Президент «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды, оның мәтіні көпшілікке жарияланды. Бұл өзгерістер Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларын іске асыру мақсатында қабылданды. Соңғы жылдары елімізде көптеген, соның ішінде сот төрелігі саласында жүйелі және маңызды өзгерістер болып жатқаны рас. Осы ретте біз адвокат Әлімжан Жұбатқановпен бұл мәселе төңірегінде әңгіме өрбіткен едік.

– Әлімжан мырза, бұқара халық сұранысы көпшілік жағдайда сот билігі арқылы реттелетіні рас. Мемлекет басшысы 2023 жылғы қыркүйектегі Жолдауында қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы үшін судьялар корпусын шұғыл түрде жаңартып жасақтау қажет екенін алға тартты.

– Кеңес заманында соттарды халық сайлаған, соның ішінде автономды мемлекеттердің халқы аудандық соттарды 5 жыл мерзімге сайлайтын. Жалпы, соттарды халық сайлағаны дұрыс, қазіргі сот жүйесі бізде аудандық соттар, облыстық соттар және Жоғарғы Сот болып үш сатылы соттан тұрады. Соттардың мәртебесі «Сот жүйесі мен соттардың мәртебесі» туралы заңмен бекітілген. Алайда аудандық соттарды Президент тағайындағаннан кейін бәрібір де облыстық соттарға деген бағыныштылық болады. Облыстық соттың жиналысына қатысады, қаралған істердің статистикасы бойынша есептерін береді, аудандық соттың төрағаларына резервті облыстық сот ұйымдастырады және аудандық соттың судьяларының тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы мәселесін облыстық соттың пленарлық отырысында материалдар қаралып, Жоғарғы Сот кеңесіндегі қазылар алқасының қарауына беріледі. Аудандық соттарда облыстық сотқа жалтақтап қарайтындай қорқыныш болмауы керек, себебі үстінен бақылау жасайды. Мәселен, аудандық соттың судьялары кейбір істі ақтайын десе апелляциядан қорқуы мүмкін. Себебі апелляциялық инстанцияның аудандық соттардың шешімдері мен үкімдерін бұзып жіберетін құзыреті бар. Сондықтан аудандық соттар тек сайланған жағдайда толық тәуелсіз болады. Бұрынғы Жоғарғы Соттың төрағасы Мұсабек Әлімбеков «Қазақстан қоғамындағы сот жүйесінің даму негіздері» деген халықаралық конференцияда соттарды сайлау керек екенін айтып өтті. Жалпы, мұны халықтың көбі қолдап отыр. Біздің еліміз демократиялық жолмен сайлау жүйесіне қадам басып келе жатқанын атап өтуге болады. Мұның бір дәлелі – ауылдық округтік және аудан әкімдерін сайлау жүйесі енгізілген болатын. Мәжіліс депутаттығына партиялық тізімнен бөлек, бірмандатты сайлау жүйесі енгізілді. Яғни, елімізде көптеген заң жетілдіріліп, алға қарай жақсы жағынан дамып келеді. Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әділетті, жаңа Қазақстанға қадам жасаймыз» деп сол жолда бірқатар реформа енгізіп келеді. Жаңа айтып кеткен ауыл, аудан әкімін және бір мандатпен мәжіліс депутатына сайлау осының көрінісі екенін көруге болады. Бұл соттарды сайлау жүйесі бұрын кеңес заманында Қазақстанда болғандықтан, судьялар тәуелсіз болуы үшін қайтадан сол сайлау жүйесіне оралуымыз қажет. Америка Құрама Штаттарында 50-ге жуық штат болса, сол штаттардағы соттарды халықтың өздері сайлайды. Сондай-ақ Швейцарияда да соттарды халық сайлайды. Тіпті, партия арқылы да сайлана береді. Ал біздің елде сот болу үшін Жоғарғы Сот кеңесіне 30 жасқа толған азамат, 5 жылдан астам заң саласында тәжірибесі бар азаматтар құжаттарын тапсыра алады. Ол жерде біліктілігін тексеруге компьютерлік 8 пән бойынша тест тапсырады, эссе жазады, кейс есептерін шығарады, содан кейін психологиялық тесттен өтеді, Ұлттық қауіпсіздік департаментінің психологтері әңгімелесу өткізеді. Көп азамат осы психологиялық тесттен өте алмай жатады. Себебі мұны соншалықты қиындатып қойған. Психологиялық тест тапсырғанда қай жерінен қате кеткені ашық түрде жарияланбайды. Одан кейін 6 айдан соң ғана қайта тапсыра алады. Бізде көбіне судьялыққа өтіп жатқандар – сот хатшылары. Соттың хатшылары хатшы болып жүріп, Жоғарғы Сот төрелігі академиясында оқып, содан соң судья болады.

– Мемлекет басшысы бірінші кезекте барлық судьяның мәртебесін теңестіруді, олар өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді болмау қажет екенін атап өтті. Қоғамда судьялар үкім шығарылған азаматты ақтауға қорқады деген пікір бар. Сіз айтып отырған ұсыныс осы олқылықтарды жоя ма? Сіздің ойыңызша, соттар ешкімге жалтақтамауы үшін не істеуіміз керек?

– Әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу үшін сот тәуелсіз болуға және тек Конституция мен заңдарды басшылыққа алуға тиіс. Оған ешқандай қысым көрсетілмеуі керек. Иә, аудандық соттардың шығарған шешімдері мен үкімдерін облыстық соттар апелляциялық алқасы көп жағдайда өзгеріссіз қалдырып жатады. Арыз-шағымдар қаралмайды деп наразылығын айтып жатқан азамат көп. Осыған байланысты апелляциялық соттардан аудандық соттар қорықпай шешім шығару үшін аудандық соттың шешімін, басқа облыстық апелляциялық сот қарайтындай етіп жүйені өзгерту қажет. Себебі сол аудандық соттың судьясын облыстық соттар таниды. Сондықтан соттардың беделін арттыру, қызметін жетілдіру бағытында жүйелі және күнделікті қажырлы жұмыс қажет.

– Сонымен қатар Президент биылғы Жолдауында кассациялық деңгейде болып жатқан реформаларды да атап өтті. Оның ішінде судьялардың әлеуметтік кепілдігі, кәсіби біліктілігін қамтамасыз ету мәселесі өзекті екені рас. Осы кассациялық сот туралы сіздің пікіріңізді білсек...

– 2023 жылғы 12 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бизнес-қоғамдастығының өкілдерімен кездесуде, Жоғарғы Соттың кассациялық сатысында істердің 5% пайызға жуығы қаралатынын айтып, дербес кассациялық инстанция құру керегін айтқан болатын. Соған байланысты қазір заңгерлер осы мәселені талқылап жатыр.

Осыған орай барлық іс санаттарының кассациялық тәртіпте қайта қаралуына мүмкіндік жасап, азаматтар мен заңды тұлғалардың өз құқықтарын толық жүзеге асыруға мүмкіндік жасау. Дербес кассация сатысы әлемнің көптеген елінде, Түркия, Ресейде бар.

Кассациялық соттарға халықтың көңілі толмайтыны рас. Себебі кассацияға күшіне енген істер бойынша қайта қарауға өтінішхат жазсаңыз, олар қараудан бас тартып, қарауға негіз жоқ деп кері қайтарып жібереді. Бір мысал айтайын. Мен Ақтаудағы бір әйелдің ісі бойынша Жоғарғы Соттың кассациясына үкімнің күшін жойып, толық ақтауды сұрап және мүлкін қайтаруды жазған едім. Кассациялық сот өтінішті қарамастан үкім заңды, негізді, дәлелдемелер бар деп қараудан бас тартты. Мен тәжірибелі адвокат болғандықтан, осының қыр соңынан қалмай Жоғарғы Соттың бұрынғы төрағасы Жақып Асановтың қабылдауына кіріп, аталған іс бойынша кассациялық соттың негізсіз қарамай қайтарғанын айтып, М. деген азаматты ақтауды және 2 қабатты үйін заңсыз тәркілегенін дәлелдеп жеткіздім. Себебі ол мүліктің қылмыстық жолмен келмегенін, өзі несие алып үй салғанын, оның құжаттармен дәлелденгенін айтып, өзіне қайтаруды сұрадым. Төраға тек мүлікті қайтарумен келісіп, кассациялық сатыға қайта қарауға ұсыныс енгізді, сол ұсыныстан кейін кассациялық соттың 3 судьясы үкімді өзгертіп, М. деген азаматтың мүлкін қайтаруға шешім шығарды. Әрине, бұл үлкен жетістік! Негізінде, ол әйелді толық ақтау керек еді. Себебі оның кінәсін дәлелдейтін айғақтар жеткіліксіз еді. Бірақ соның өзінде судьялар төрағаға істі дұрыс баяндамағанның кесірінен іс жаңжақты объективті дұрыс қаралмаған деп ойлаймын. Істерді төрағаға баяндайтын судьялар, дұрыс баяндамаса іс нәтежелі қаралмайды. Жалпы, айта берсек, осындай жапа шеккен жандар өте көп-ақ! «Заңсыз әртүрлі мерзімге сотталдым» деп жылап-еңіреп, әділдік іздеп жүрген азамат көп. Кассациялық сот процестерін өткізіп, жазықсыз адамдардың ісін қайта қарайтын болса, әділдікке қол жеткізіп, тіпті көбінің ақталатындай мүмкіндігі болар еді деп ойлаймын. Қылмыстық процестік кодекстің 484-бабында кассациялық сот қарауына кедергі келтіріп қойған заң нормалары бар. Мәселен, онда қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар туралы істерді қарауға жатпайды делінген. Бұл заң нормалары сотталған азаматтардың кассациялық сотқа шағымдануға құқықтарын шектеп қойған. Сондықтан бұл нормаларды алып тастауды қажет етеді. Жазықсыз азаматтарды өздерінің кінәлі емес екенін сотта дәлелдеу құқығынан айырмауымыз қажет. Сонымен бірге Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 851-бабына сәйкес кассациялық сот, аудандық соттың қаулысы бойынша адамдардың өмірі, денсаулығы үшін не Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр зардаптарға алып келуі мүмкін болатын істерді ғана қарайды екен, басқа істерді қарауға шектеу нормасын енгізіп қойған. Бұған көптеген құқығы бұзылған азамат наразы! Сондықтан көптеген азамат жол-көлік оқиғасы, бұзақылық, тағы басқа істер бойынша кассацияға шағымдану құқығынан шектелген. Дербес кассациялық сот құратын болсақ, осыны ескеріп заңдағы шектеулерді алып тастау қажет. Ең бірінші кезекте азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалуы керек. Дербес кассациялық сот біраз мәселені шешеді деп ойлаймын. Ол үшін штат санын көбейтіп, жаңа соттарды сайлау қажет.

Сонымен қатар айта кететін жағдай, кейде құқығы бұзылған азаматтар білікті адвокат таппай, біраз ойланып, толғанып әркімнен кеңес сұрап жүрген кезде шағымданатын мерзімдерін өткізіп алып опық жеп жатады. Соның ішінде «Соттарға, облыстық соттың апелляциясына және Жоғарғы Соттың кассация сатысына бұзылған құқықтарымызды қорғап қалай шағымданамыз?» деген мәселе туындап жатады. Мұндай кезде адвокаттың көмегіне жүгінуге тура келеді не болмаса маған тікелей хабарласып, құқықтық кеңестер алуына болады.

– Президент сот жүйесін реформалау аяқталмайтынын, ол соттан тыс мамандардың көмегімен жетілдірілетінін айтқан еді. Жалпы сот жүйесінің дамуына тағы қандай кедергілер бар?

– Тағы бір мәселе – Астана және басқа кейбір облыстарда, сот процестерінің 80 пайызға жуығы көбіне ресми тіл орыс тілінде өтіп жатады. Оған себеп – талапкерлер мен жауапкерлердің және заңгер өкілдерінің қазақ тілін еркін білмеуінде. Мәселен, талапкер қазақ болғанымен, оның өкілі заңгер қазақ тілін білмегендіктен, талап арыздарды сотқа орысша береді. Соған сәйкес, сот істерді орысша қарауға мәжбүр болады. Яғни, тепе-теңдік жоқ десе де болады, ресми тіл орыс тілінің мәртебесі жоғарылап кеткен. Осыған заңмен шектеу қойып, талап арыздарды тек қазақ тілінде беру керек. Ал сот процесінде тараптарға түсініксіз болса, онсыз да аудармашы беріледі. Орыс тілі қазақ тілінің дамуына кедергі келтіріп отыр. Кейбір соттар тіпті қазақ тілін білмесе де қызметке өтіп кетіп жатыр. Мұның бәрі қазақ тіліне деген құрметтің болмауында.

– Сот билігінің мақсаты – азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету. Жалпы, соңғы уақытта тұрмыстық зорлық-зомбылық жиі өршіп тұр. Содан кейін билік те бұған аса назар аударып тиісті шаралар қабылдап жатыр. Осы жөнінде не дейсіз?

– Бүгінде зорлық-зомбылық мәселесінің өршуіне байланысты қоғамда қатты наразылық туып, жаппай Президенттің атына ашықхаттар жолдана бастаған еді. Оның ішінде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл ана мен балаларды қорғауды құқықтық тұрғыда жетілдіру де бар. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тарапынан бұл қолдау тапты. Балаларды мемлекеттің қорғауы, әрине жөн. Балаларына қарамайтын, олардың оқуымен, жағдайымен айналыспайтын ата-аналар көп-ақ. Осындай жағдайда сот азаматтардың ата-ана болу құқығын шектеп, не болмаса айыруға дейін барып, балаларды мемлекет қарамағына алу жұмыстарын да жүргізеді. Ал енді үйде отбасылық ұрыс-жанжалға келетін болсақ, әйелдер күйеуінен таяқ жеп, қорғансыз күйге түспес үшін бұл бағытта заңдар күшейтілген. Тұрмыстық зорлықтан зардап шегушілер өміріне не денсаулығына қауіп төнгенде полиция шақырады. Ал қызметкерлер келген кезде агрессорларға қарсы арыз жазудан бас тартады. Көбіне полиция келіп кеткеннен кейін отбасындағы жанжал әрі қарай жалғасып, кейде бұл ауыр жағдайға әкеліп соғып жатады. Ұсынылған түзетулер зардап шегушінің арызынсыз Әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қозғауға мүмкіндік береді. Хаттама толтыру үшін куәгерлердің, көршілердің айғақтары немесе бейнебақылау камераларының жазбалары жеткілікті болады. Ал соңғы шешімді сот қабылдайды. Кейде осыны пайдаланып, әйел адамдар да күйеуіне қарсы провокация жасап, «Мені ұрып-соқты, қоқан-лоқы жасады» деп 102-ге хабарласып, полиция өкілдерін шақырып, жалған ақпарат беріп жатады. Мұндай жағдайлар жетерлік. Осы жағын да ескеріп, еркектердің жазықсыз жапа шегуіне жол берілмеуі керек. Сондықтан жала жауып, 102-ні шақырған әйелдерді де жазаға тарту мәселесін қарастыру қажет.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Наурызбек САРША

> *Әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу үшін сот тәуелсіз болуға және тек Конституция мен заңдарды басшылыққа алуға тиіс. Оған ешқандай қысым көрсетілмеуі керек. Иә, аудандық соттардың шығарған шешімдері мен үкімдерін облыстық соттар апелляциялық алқасы көп жағдайда өзгеріссіз қалдырып жатады.*

Халықаралық Túrkistan газетінің негізін қалаған – көрнекті жазушы Қалтай Мұхамеджанов. Ол кісінің қазақ әдебиетіне қосқан үлесі өлшеусіз. Драматургиялық шығармалары бір төбе, қазақ журналистикасын дамытудағы рөлі де бір төбе. «Қалтайдың қалжыңдары» да бөлек жанр десек, артық айтқандық емес. Ел аузында қалған әзілдері, қалжыңдары жеке жинақ болып, «Атамұра» баспасынан жарық көрген. Баспаға жинақтап, әзірлеген – ақын Сейфолла Оспан. Бүгін біз әріптестері, қаламдас достары айтқан Қалағаңның қалжыңдарын жариялауды жөн көрдік.

Қалтай ата қоржынынан

ЕКІ ЕЛІ НАНҒА ТӨРТ ЕЛІ МАЙ

«Заман-Қазақстан». ...Жаңа ашылған газет. Әлі бір нөмірі шыққан жоқ. Әлі Түркияға ешкім кеткен жоқ. Әлі кадр да толық жасақталған жоқ. Редакциядағы барымыз – екі Әбекең (Әбілмәжін, Әбіраш), бір Нұрқасым, бір Жұмагүл және... Көлбай екеуміз. Осы барымызды жинап алған Қалағаң Қазақстан мен Түркия арасында жасалған газеттің жарғысы мен шарттарын таныстыра келіп:

– Мұнда бәрі бар: екі елі нанға төрт елі сары май жағып жегізетін еңбекақы, қаламақы, аяқ артар, бұт артар қос-қостан көлік, жан сарайындай редакция үйі, тіпті тілшілердің Түркияға командировкасы да бар. Алла қаласа, ертеңгі күні осы отырған барлығың Алматы мен Анкараның арасында ұшып-қонып жүресіңдер. Тек бір өтінішім

– осы газеттің бір нөмірін шығарып алып, бір-ақ кетіндерші тегі, – дейді.

ҚЫСҚА СӨЙЛЕЙТІН ӘДЕТІҢЕ БАСШЫ

Кезекті нөмірдің лездемесін өткізіп . Телефон шыр етті. Тегі арғы жақтағы адам әңгімені Адам ата – Хауа ана заманынан бері жылжытып келе жатса керек. Ақыры Қалағаң шыдамады білем:

– Айна-а-алайын, сенің қысқа сөйлейтін өте жақсы әдетің бар еді ғой, сол әдетіңе басшы енді, – дейді.

ҚҰЙРЫҒЫ БАР АДАМ

Қалағаң Зейнолла Қабдоловтың 70 жасқа толуына байланысты онымен кабинетте телефонмен сөйлесіп отыр.

– Зеке-е, сен туралы мақала жазуды Қалиханға тапсырдым. Өйткені оның құйрығы бар ғой.

– Құйрығы несі? – десе керек, арғы жақтан Зекең:

– Ау, академик басыңмен соны да білмейсің бе? Қалихан лауреат емес пе? Лауреаттың фамилиясының соңында бір құлаш «құйрық» болмай ма?..

НЕШЕ КҮНДЕ ОЙЛАП ТАПТЫ ЕКЕН?

– Менің бір құрдасым ғажап мақал шығарыпты. Қандай дейсің ғой? Мынадай: «Жазушысы халықтың – уылдырығы балықтың». Ақылынан айналайын сабазым, мұны неше күнде ойлап тапты екен?..

АТЫМТАЙ ЖОМАРТТАР БАР ЕКЕН ҒОЙ ӘЛІ

1996 жылдың жазында Павлодардан Ханафия Асқаров деген қарт адам редакцияға келді. Бір күліп, бір жылап отырып, Қалағаңа сыр тиегін ағытты. Таяуда ғана азамат болған бір баласынан айырылып қалғанын жыр етті. Сөз арасында қаншама жылдан бері қазақ тіліне жанашыр боп жүргенін де баян қылды.

– Ә, солай ма? Сіз ендеше түстен кейін маған қайта келіңіз, ұмытпаңыз, – деді Қалағаң.

Айтқандай-ақ Ханекең түстен кейін қайта келген. Қалағаң қалтасынан бір уыс 50 теңгелікті дудыратып шығарып, шалға ұсынды.

– Ойбай-ау, Қалекең-ау... бұныңыз не? Мен сізден ақша сұраған жоқпын ғой, – деп шал абдырады да қалды.

Алыңыз, ақсақал, алыңыз... Жолыңызға ұстаңыз, – деді Қалағаң.

Ертеңінде енді шалым шапқылап маған келген.

– Бұл Қалекең деген қандай адам, а?!. Бұл өмірде де Атымтай жомарттар бар екен ғой, а?. Кеше үйге барып санасам, тұп-тура 4 мың теңге. Өзім кіруге ұялып тұрмын, менің атымнан көп-көп рақмет айта салшы, а! – дейді шалым дәудірлеп.

Қалағаңа барып, шалдың «рақметін» айтып тұрып:

– Бұл кісіні бұрыннан танушы ма едіңіз? – деймін.

Жоқ, – дейді Қалағаң.

Ендеше неге ақша бердіңіз?

«Қазақ тіліне жанашырмын» дегеніне риза боп кеттім....

ИӘ ПӘТЕРСІЗ, ИӘ АҚШАСЫЗ ҚАЛМАС ЕДІ

Адамгершілік демекші, бүгінде марқұм боп кеткен жазушы Ахмет Жүнісов өмірінің соңғы екі жылында редакциямызға жиі келетін.

– Аха, не шаруа? – деймін келген сайын.

– Қалекең пәтер алуға көмектесем деп еді, – дейді ол.

Қалағаң «жоғары жаққа» жиі барады. Бір қап уәде арқалап, қуанып келеді. Бірақ... сол уәделердің түбіне жеткенше... Ахаңа «мәңгілік пәтер» қала сыртынан бұйырды. Қайтесің, бір құзыр Қалағаңның қолында тұрса, жер бетінде бір қазақ иә пәтерсіз, ақшасыз қалмас еді-ау...

ШАЛБАЙДЫҢ СҮРІНУІ

О кезде Шалбай Құлмаханов – Алматы қаласының әкімі. Қалекең алдында бір кіріп, Túrkistan газетіне қаржы сұрап ақша алған. Шалбайға тағы да кірудің сәтін ойластырады. Бір күні Шалбайдың бөлмесіне артымен біреу кіреді, беті есік жақта. Шалбай орнынан ұшып тұрып:

– Сіз кімсіз?

– Мен – Қалтаймын. Әнеукүні алдыммен кіріп, Túrkistan-да көп қаржы алғанмын. Енді артымның құнын білгім келеді. Артыма не көмегіңіз бар?

Шалбай күлкіден есін жия алмай:

– Сізге қанша қаржы керек, – дей беріпті. Қалекеңнің сөйтіп олжалы оралғаны бар екен.

АЯҒЫМДЫ БЕТІМЕ БАСҚАНЫ БАР...

– 90-жылдардың бас кезі. «Заман-Қазақстан» деген газет пен «Ара» деген журналға тел редактормын. Со тұста бір аяғымды ақсаңдай басып, сылти қалғаным. Бір құрдасым айтты: «Ай, «Қалтай, бірі – ауру, бірі – сау андағы аяқпен ұжым, ұйым басқару қиын ғой, біреуін бізге берсеңші. Иә газетті, иә журналды», – деді.

– Кім?

– Е, бір әкең!!!

– Ойбай, жақсы, құлағым сізде.

...Сосын мен айттым: «Бермеймін сендерге. Екі аяғы жоқ Рузвельт Американы 10 жыл билегенде, тулақтай бір газет пен тоқымдай бір журналды басқара алмайды дейсің бе бір аяқпен».

TÚRKISTAN

БАУЫРЛАСТАР, БІР МҰРАТТА ҰҒЫСҚАН, ТҰСАУ КЕСТІ ТӨЛ ҒАЗЕТІҢ «ТҮРКІСТАН»!

Türkistan — екі дүние есігі ғой

Халықаралық ерекше газет

Türkistan — تۇركستان

№ 1. Жұма, қаңтардың 28-і күні 1994 жыл

Алаш елдігі бізге ақиқат — бір жыл

Шерхан МҰРТАЗА

БІРТҰТАС ҚАЗАҚСТАН

1993... Елбасылары... Ерекше нөмірлер

Нұрсұлтан Назарбаев

Борис Ельцин

Сүлеймен Демирел

Сапармұрат Ниязов

Құттықтаулар

ТҮРКІСТАН ТУРАЛЫ ОЙ ТОЛҒАМДАРДАН

Әлихан Бөкейхановтың «Бірінші: газет – халықтың көзі, құлағы, тілі; екінші: газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе; үшінші: газет – халыққа білім таратушы; төртінші: газет – халықтың жоқтаушысы» деген сөзі бүгін де маңызын жоя қойған жоқ. Жүздеген жылдық тарихы бар баспасөз саласы қай кезде болмасын билік пен халықтың алтын көпірі болып келеді. Тегінде қазақ баспасөзі туралы әңгіме өрбітер болсақ, TÚRKISTAN газетін атап өтпеуге болмас. Биыл осынау халықаралық газетке 30 жыл толып отыр. Ордалы жылдарда ормандай қалың оқырманның сүйікті газетіне айналған басылымның шығу тарихына көз жүгіртіп, алғашқы сандарындағы сапалы дүниелерге назар аударсақ дейміз.

Наурызбек САРША

«БАУЫРЛАСТАР БІР МҰРАТТА ҰҒЫСҚАН»

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқанындай, тарих сындарынан сүрінбей өтіп, біздің заманымызға дейін жеткен адамзаттың ең асыл рухани қазыналарының бірі – газет жайында көптеген орамды ойлар айтуға болады. 90-жылдардан кейін тұрмысы тұралаған, экономиканың қыспағын көрген қазақ жұртына ұлттың санасын сілкіндіріп, серпін беретін ақпарат құралы – мерзімді басылымның қажеттігі туындаған болатын. Еліміз тәуелсіздігін алып, ұлттығын ұлықтап, жоғын түгендеп, жоғалтқанын қайта таба бастаған жылдары осы елдік мақсаттарды жүзеге асыратын ұлттық басылымдар да жарық көре бастады. Оның бірі әрі бірегейі, халықтық мүдде мен елдік мұратты ту етіп ұстаған апталық TÚRKISTAN газетінің жарыққа шығуы бұлт ішінен шыққан күндей болған еді. Осынау тарихы терең басылымның алғашқы сандарын арнайы іздеген едік. Енді сол бір басылымның алғашқы баспалдақтарына сапар шегіп, газеттің ішкі мазмұнына, сол кездегі мәселелерге тоқталып өтсек...

«ТҰСАУ КЕСТІ ТӨЛ ГАЗЕТІҢ, ТҮРКІСТАН!»

Газет 1993 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде ашылып, 1994 жылы 12 қаңтарда жаңа газеттің аты «Түркістан» деп бекітіліп, бірінші нөмірі 28 қаңтарда жарық көрді. Оқырманымен 4 бет көлемінде қауышқан басылым ә дегенде-ақ орамды ойларымен, мазмұнды мақалаларымен көпшіліктің ыстық ықыласына бөленіп үлгерді. Басшы қандай болса, басылым сондай екені ертеден әйгілі қағидат. Газеттің алғашқы редакторлық қызметін абыроймен атқарып шыққан Қалтай Мұхамеджанов басылымның ел арасына кең таралып, халықтың көзайымына айналуына сүбелі үлес қосты. Ұлт мүддесін алғашқы шепке қойған халықаралық басылымда, сондай-ақ қоғамдық, ұлттық мәселелерді қаламына арқау еткен ақын-жазушылардың қатарында Әбіраш Жәмішев, Әбілмәжін Жұмабаев, Нұрқасым Қазыбеков, Дидахмет Әшімхан сынды «сен тұр, мен атайындар» болды. Сонымен, газеттің алғашқы саны тұтас түркі елдері тоқ болсын деген ниетпен «Түркістан» атауы Түркістандағы Тайқазан бейнесінде жазылған Еркін Нұразхановтың таңбалы жазбасымен шықты. Үлкен форматтағы төрт беттік газеттің қамтыған тақырыптары әр алуан. Газеттің маңдайшасында үлкен әріптермен «Бауырластар бір мұратта ұғысқан, Тұсау кесті төл газетің, Түркістан!» деген жазу бар. Шерхан Мұртазаның «Біртұтас Қазақстан» мақаласы жарияланған. Сонымен қатар еліміздің сол кездегі Президентінің құттықтауы жарияланыпты. «Тәуелсіздік туын көтеріп, өркениет көшіне батыл бет бұрған жас республикамызда халықаралық жаңа бір басылымның жарық көруі – мәдени өміріміздегі елеулі оқиғалардың бірі. Дүниежүзілік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алуға ұмтылып келе жатқан Қазақстан үшін бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше болмақ. Осы орайда халықаралық «Түркістан» газеті Тәуелсіз Достастық елдерімен, шет мемлекеттермен әлеуметтік-экономикалық, рухани байланыстарымыздың нығая түсуіне өз үлестерін қосып, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа ұйтқы бола біледі деп сенемін. Тұсауы кесіліп отырған «Түркістан» газетінің редакция ұжымына зор шығармашылық табыс тілеймін», – делінген құттықтауда. Одан бөлек, сол кездегі бірнеше басылым да қатарына қосылып жатқан газетке сәттілік тілей отырып, құттықтау хаттарын жолдапты. Соның ішінде «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш», «Ана тілі» газеттерінің ізгі тілектері жарияланыпты. Газеттің бірінші бетінің астыңғы жағына Түркістан туралы ой-толғамдар беріліпті. Онда Мұстафа Шоқайдың «Түркістан» атты мақаласынан, Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» атты ұзақ өлеңінен және өзге де тарихи деректердің үзінділер жарияланыпты. Иә, алғашқы санында жарияланған беташар мақаласы – газеттің алда ұстанатын бағытын айқындағандай еді. «Түркістан – ер Түріктің бесігі ғой, Түркістан – екі дүние есігі ғой» деп Мағжан ақын айтқандай, «Түркістан» газеті исі түркі жұртының басылым-бесігі болуды мақсұт тұтыпты.

АСҚЫНҒАН ЖАРА АШЫНТАР

ЕЛІШІ КӨП ЕЛДІҢ ЕНШІСІ КӨП

Қазақстанда Ұлттық кітапхана ашылды

Ұлттық ақ Мәжілістің түрлі ойлаулылығы

Ер елдің салты басқа

Еуразия елдерінде

«Назарбаев — батыл адам»

Ленинің тұмшаны қайтыс болды

Тәуелсіз басылымдары Ойлы көшпелілер

Сыйлық берулі тілек өтеді

«Жаңаөзен» оқиғасындағы қорытынды

ТҰҢҒЫШ САНЫ ҚОЛЫҢЫЗДАҒЫ ТҮРКІСТАН» АТТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ГЕРМАНИЯДАН ЖЕТКЕН ДҰҒАЙ СӘЛЕМ!

Газеттің екінші бетінде Әбілмәжін Жұмабаевтың «Түркістан осылай туды» атты көлемді мақаласы жарияланыпты. Онда: «Туған республикамыздың экономикалық реформаның қатал қыспағына түскен тар заманда кең көлемді жүзеге асырып жатқан саяси-әлеуметтік батыл шаралары, қоғамның ішкі рухани бірлігі мен ынтымағын нығайта түсу жолындағы ізгі істері салқын ақыл, сабырлы сана таразысына салынып, жаңаша ойлап, түсінуді керек етті. Сол себепті де «Заман-Қазақстан» газеті ұжымы жинаған азды-көпті тәжірибені сақтай отырып, оның жұмысын жаңа белеске көтеру, көлемді өріске шығару қажеттігі туды. Сосын газет аты өзгертілді де, оның статусы жоғарылатылып, оған кең тыныс берілді. «Түркістан» газеті, міне осындай жай-жағдаят нәтижесінде жарыққа шықты», – делінген. Осы мақаланың ішінде бөлекше ерекшеленіп «Дұғай сәлем» деген атаумен Хасен Өралтайдың сонау Германияның Мюнхен қаласынан жолдаған ізгі тілегі беріліпті. Алыстағы қандасымыз «Түркістан», «Түркі» атауларына тоқтала келе: «Ал Түріктің кім екендігін «Қазақтың түп атасы – батыр Түрік...» деуі арқылы Шәкерім Құдайбердіұлы, «Арғы атам – ер Түрік, біз – қазақ еліміз..» деп Жүсіпбек Аймауытұлы анық аңғартады. Сіздер шығаратын және Сіз басқаратын «Түркістан» газетінің атына лайық болуын тілеймін» деп дұғай сәлемін жолдапты. Сонымен қатар газеттің екінші бетінде экономика айдарында Көлбай Адырбекұлының «Ынтымақтың жеңісі» мақаласы, Абзал Бөкеннің Парламент сайлауына қатысты «Көтере алмас шоқпарды...» атты шолуы, сол кездегі Республика Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің жауапты хатшысы Жұмағали Наурызбаевтың «Қазақстан сан тарау саясат жолында» мақалалары жарық көрген. Сонымен қатар газетте «Түркістанның құрылтайшылары» айдарымен Заманбек Нұрқаділовтың «Алматы – Астана, бас қала» атты көлдей мақаласы мен Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Уақыт және әдебиет» атымен әлем әдебиетіндегі қазақ әдебиетінің алатын орыны туралы ой-толғамы беріліпті. Заманбек Нұрқаділовтің өзінің жазған мақаласында Алматының Алаш үшін маңызы мен орны туралы айта келіп, сол кездегі өткір мәселелерге тоқталады.

ҚЫРЫМ КІМДІКІ ОСЫ

Қырым мәселесі соңғы уақытта жұртты қатты елеңдетіп тұрғаны белгілі. Осыған орай біз соңғы сандарымызда «Қырым үшін қырғи-қабақ» № 13, «Таксіретке толы тағдыр» № 16 атты материалдар жарияладық еді. Жұмыр жердің осы бір отты ошағына қатысты ойымызды бүгін және жалғастырып отырмыз.

«...Осы ретте «Алматы – жастар қаласы» деген қанатты сөздің иелері болып табылатын студенттер қауымына жүктелер міндет үлкен. Себебі астанада тәлім алып жүрген студенттер саны – 230 000-нан астам. Бір атап өтерлік жайт, республиканың кейбір облыс тұрғындарының саны біздің зейнеткерлер санына жетпейді екен. Осыдан-ақ 1,5 миллионнан астам тұрғыны бар алып қаланың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын тиісті деңгейде ұстау үшін қаншама қажыр-қайрат екенін саралай беріңіз», – дейді Алматы қаласының сол кездегі әкімі. Сондай-ақ сол бетте

ОСЫЛАЙ ТУҒАН

Түркияның Ислам діні ғылымының профессоры Али Өзектің суреті беріліп, оның Ыстамбұлда жүз қазақ баласын оқытып жатқанын, сонымен қатар Алматыдағы салынып жатқан мешітке қаржылай қолдау көрсетіп жатқанын атап өтіпті. Суретті түсірген Ж.Тұрлыбеков екен. Газеттің алғашқы санында Жаңабек Шағатайдың «Асқынған жара ашынтар. Қазақстанға қос азаматтық қажет пе?» атты өткір мәселе көтерген мақаласы жарияланып, онда: «Тәуелсіздігін жаңа алып, кешегі КСРО империясының әлеуетті шеңгелінен әрең ажыраған, күрмеуі қиын экономикалық, әлеуметтік, саяси дағдарыстардан тәлтірек қаққан республикалардағы орыс тілдес тұрғындарға қосымша Ресей азаматтығын да беру керек пе, жоқ па деген сауал төңірегінде бас қатырып, қабырғасы қайыспаған саясаткер кемде-кем» дей келе, мақал соңында Олжас Сүлейменовтің пікірі беріліпті. Онда ақын: «Қазақстан халқының 50 проценттен астамы басқа елдің азаматтығын алған кезеңін көз алдыңа елестету мүмкін емес. Мұндайды әлемнің ешбір елі көріп-білген жоқ. Бұл дегеніңіз –жолаушылар ұшағындағы жағдайға ұқсас. Жолаушылардың жартысының парашюті бар делік, егер жазатайым апат бола қалса, олардың аман қалуы мүмкін, ал екінші жартысы ше?» – дейді. Сондай-ақ соңғы бетте «Елшісі көп елдің еншісі көп» деген атаумен Алматыда тіркелген дипломатиялық өкілдіктер тізімі жарияланыпты. Онда 34 мемлекеттің елшілерінің аты-жөндері берілген. Міне, алғашқы санында-ақ елді елең еткізер ақпараттар мен мәнді де мазмұнды мақалалар жариялап бастаған «Түркістан» газетінің ақпарат айдынындағы ғұмыры осылай басталған еді.

«ТҮРКІСТАН» ОСЫЛАЙ ТУДЫ

Қадірменді қалайық!
Өздеріңізге мәлім, осыдан екі жыл бұрын, 1992 жылдың қаңтарында түрік-қазақтың қайта жаңғырған достығының дәнекеріндей болып еларалық еркін газет «Заман —Қазақстан» шаңырақ көтерген еді. Ойлы, зиялы қауымға арналған бұл үнқағаз аз уақыт ішінде өзінің өзекті тақырыбы, соны да соқталы ойы бар, бедерлі бет-бейнесі, айқын бағыт-бағдары бар, оқырман жүрегіне жол тапқан абыройлы-беделді басылымға айналды.
Енді ғана егеменді ел атада аздап та болса айттық. Және сол сапар ілгері басқан қадамың кейін кететіндей қабағат қиын жағдайда өтуде. Соған қарамастан арада өткен аз уақыт ішінде тұтас бір ғасырға жүк боларлық, халық тағдырына қатысы бар, аса ірі тарихи істер жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасының Бас заңы қабылданып, жүзеге асырыла бастады. Тәуелсіздік туралы Декларация, Тіл туралы заң қабылданды. Бір кездері тынысы тарылып, талықсы бастаған ана тіліміз қайта өлденіп, қалпына түсіп
Сол себепті де республика саяси басшылығының демократиялық мұраттарды ардақтап, халықаралық тұрақтылықты, ұлтаралық татулық пен келісімді нығайтуға бағытталған салиқалы да сындарлы саясаты тек өз елімізде ғана емес, күллі әлем жұртшылығынан қолдау тауып, қатты құрметтелуде. Қазақстанның дүние жүзі өркениетті елдерінің қатарына қосылу жөніндегі жемісті қадамын әлемнің 100-ден аса елі мойындап таныды.
Туған Республикамыздың

ТҰРМЫСТЫҚ АҚПАРАТТАР

Басылымның бір ерекшелігі – сол кездегі тұрмыстық заттарды, киім-кешектердің бағасы қай жерде қанша теңгеден сатылып жатқаны туралы ақпараттарды бөлісіп отыратындығы дер едік. Бүгінгідей ғаламтордың қанат жаймаған кезінде «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болған басылым жұртшылыққа барынша қажетті ақпараттарды беруге ұмтылғандығын байқаймыз. Мәселен, «Тұрмыстық ақпараттар» айдарымен Алматыдағы Сейфуллин көшесінде орналасқан «Ташкент», «Алматы» дүкендеріндегі, Ленин көшесіндегі «Ынтымақ» сауда үйіндегі тұрмыстық заттардың бағасы жарияланған мына бір ақпараттарға назар аударып көрелік.

Әйелдер плащы – 202 теңге
Әйелдер курткасы – 80 теңге
Әйелдер етігі 156 теңге
Ерлер етігі – 125 теңге
Кілем – 480 теңге
Самаурын – 216 теңге
Көрпе – 300 теңге
Әйелдер пиджагы – 139 теңге
Жемпір (Германия) – 228 теңге
Сүлгі (Өзбекстан) – 25 теңге
Жайнамаз – 3 теңге
Тақия – 6 теңге 74 тиын
Ерлер көйлегі (Корея) – 48 теңге
Куртка (Түркия) – 456 теңге
Тон (АҚШ) – 800 теңге
Магнитофон (Алматы) – 500 теңге
Шалбар (Түркия) – 198 теңге
Диван (Түркия) – 1 819 теңге

Сонымен қатар «Саяхат-сапарға шыққыңыз келе ме?» айдарымен шетелдерге шығу, жолсапар құны жарияланып отырған. Мәселен, Францияға 7 күн спарға – 1 400 теңге жұмсасаңыз, Сирияға – 2 200 теңге, Мысырға – 1 864 теңге, АҚШ-қа 1200 АҚШ доллары, Индияға – 1 325 теңге, Араб Эмиратына – 1 210 теңге, Қытайға – бар болғаны 150 теңгеге 7 күнге сапарлап қайтасыз. Басылымда сонымен қатар әлемдік геосаяси жағдайлар да жиі қозғалып отырған. Мәселен, «Қырым кімдікі осы?», «Таулы Қарабақ. Көкпар» тақырыптарымен сол кездегі шиеленісті оқиғалар да назардан тыс қалмаған.

Басылымда халқымыздың небір қаймақ қайраткерлері кенен де кемел ой-пікірлерімен руханият шырағданын маздата жақты. Сол тұстағы газеттің сарғайған беттерінен саясаттың, әдебиет пен журналистиканың қайыспас кәтепті қара нарлары саналған арыстардың алаңкөңіл мақалаларын көптеп кездестіруге болады.

«ТІЛ ҮШІН, ДІН ҮШІН, ҰРПАҚ ПЕН ҰЛТТЫҢ ҚАМЫ ҮШІН»

Газеттің алғашқы санынан бөлек, кейінгі сандарын да парақтап шықтық. Онда Орталық Азия республикаларының қоғамдық өмірінің тыныс-тіршілігінен, түркілерге жататын ұлттардың салт-дәстүрінен, өз еліміздің тарихы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлары, дін мәселесі жөніндегі білікті мамандардың мақалаларын жарияланып, әдебиет те назардан тыс қалмаған. Газет тілшілері Жұмагүл Солтиева, Абзал Бөкен, Нұрқасым Қазыбеков, Сәбит Дүйсенбиевтің, ақын-жазушы, ғалымдар: Шерхан Мұртаза, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әбіш Кекілбаев, Асқар Сүлейменов, Зейнолла Қабдолов, Мұхтар Мағауин, Камал Смайлов секілді тұлғалармен сұхбаттары жарияланып, онда өзекті, өткір мәселелер қозғалыпты. Газетте Алаш арыстары мен тарихи тұлғалар жөнінде «Тұманды жылғы тұлғалар», «Ол... және ол туралы» деп аталған тың тақырыптар ашып, Алаш арыстары мен Кеңес өкіметі кезінде халық үшін қызмет еткен жандар туралы зерттеу мақалалар жарық көріпті. Ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Талқы» сериялық мақалалары да бірнеше нөмірге жарияланыпты. Кез келген газет сияқты «Түркістан» газетінің де тұрақты айдарлары болғанын көреміз. Олар: «Дүбірлі дүние тынысы», «Құлаққағыс», «Архивтен табылған асылдар», «Халықтың қамын кім ойлар?», «Түбі туыс түркілер», «Ойтолғақ», «Беймаза мынау дүние», «Түркістанның» танымдық мүйісі», «Алаштың алтын қорынан», «Қиырдан жеткен қандастар», «Тірлігі тосын адамдар», «Ой түбінде жатқан сөз» атты айдарлары түрлі тақырыпты қаузап, мәселелердің мәнісіне үңіліпті. Қоғамдық өмірдегі келеңсіз жағдайларды өткір сынға алған басылымда өткен ғасырдың 90-шы жылдарының соңында елімізде өте толғақты мәселелердің біріне арналған көші-қон проблемасына арнап, арнайы «Қоныс» қосымшасын жүргізгенін де атап өткен жөн. Қосымшаның редакторы Айтан Нүсіпхан Қазақстанның көші-қон саласындағы іргелі саясатының қалыптасуы жайында көп проблемаларды сөз еткен. Мәселен, 1994 жылдың 28 қазан күні шыққан санында «Елім деп келіп, еңіреп кетіп барады» тақырыбымен «қыркүйектің 22-сі күні Ақмоладан 32 қазақ Моңғолияға қайта көшіп кетті. Бұған бас ауыртқан басшы бар ма?» деп алғашқы бетінде үлкен әріптермен көлемді ақпарат жарияланыпты.

Сонымен қатар белгілі суретші, карикатураның шебері Еркін Нұразханның ізденістерін айтпай кетуге болмайды. Саяси тақырыптарға салған әзіл-оспақ суреттері газеттің бірінші бетінің әрін келтірсе, ал Серік Тұрлыбеков пен Шүкір Шахайдың қоғамның қалтарыстарын қалт жібермеген фотосуреттері де газеттің айшығын аша түскендігін байқауға болады. Әсіресе, «Нарық пен халық» атты айдармен халықтың сол кездегі тұрмысын бейнелейтін фотосуреттер бүгінде тарихқа айналған құжаттардың бірі десек болардай.

> *«Туған республикамыздың экономикалық реформаның қатал қыспағына түскен тар заманда кең көлемді жүзеге асырып жатқан саясиәлеуметтік батыл шаралары, қоғамның ішкі рухани бірлігі мен ынтымағын нығайта түсу жолындағы ізгі істері салқын ақыл, сабырлы сана таразысына салынып, жаңаша ойлап, түсінуді керек етті.»*

Басылымның 25-ші яғни, 1994 жылдың 9 қарашасы күні жарық көрген санында «Тіл үшін, дін үшін, ұрпақ пен ұлттың қамы үшін» деген атаумен бір топ қазақ газеттерінің оқырмандарға үндеуі жарияланыпты. «Біз, қазақтар, бүгінгі күнге жарты жаны, жарты саны әзер жеткен халықпыз. Оташылар мен озбырлар жерімізді тоздырды, елімізді аздырды. Дініміз кеміс, тіліміз мүкіс болды. Енді ес жия бастаған кезде мынадай кезеңге тап болдық. Тұрмыс таукыметіне тап болған саналылардың көбі сауданы, ақылды дегеннің дені алыс-берістің жолына түсті. Сонда ұлттың, ұрпақтың болашағы не болады? Демек, «ойлан, қазақ!» дейтін кез келді. Ал ойлай білетін әр қазақ бұл жолда өз қолынан келетін бір іс тындырса, біз сонда ғана болашаққа үмітпен қарармыз. Бұл орайда біздің қолымыздан келетіні – халыққа бар шындықты жеткізу, ұйықтағанды ояту, жігерсізді жану, қайратсызды қамшылау. Сіздің қолыңыздан келетіні – біз шығарған газетті болмағанда бір қазаққа жаздыру. Бұл – азамат ретінде, қазақ ретінде Сізге сын! Ал газетті бар жағынан халық қажетіне жарату – бізге сын. Бәрі де тіл үшін, дін үшін, ұрпақ пен ұлттың қамы үшін» деп келетін үндеудің астына «Түркістан», «Жас Алаш», «Ана тілі», «Өркениет» газеттері деп жазылыпты. Осындай ұлттық мұратты серік еткен басылымдар өз үдесінен шыға да білді.

ТҮЙІН:

Иә, осылайша «Түркістан» газеті халықаралық басылым ретінде танылып, туған еліміздің тәуелсіздік жылнамасын жасауды қолға алды. «Әуелі, газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газета сондай керек!» деп «Қазақ» газетінің алғашқы санында Ахмет Байтұрсынұлы жазғандай, ұлтты ағарту, ұлтты ұйыстыру бағытындағы өздерінің тарихи міндеттерін адал атқарған Қалтай Мұхамеджанов бастаған қаламгерлер қазақ баспасөзіне қайыспай еңбек ете білді. Ең қиын кезеңдерде, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, қаржының тапшы кезінде газетті шығарып отырды. Сол кездегі газет қызметкерлері де айлап жалақы алмаса да, алған бағытынан таймады. Газетке еңбегі сіңген атпал азаматтардың ішінде сол кездегі қала әкімі Заманбек Нұрқаділов пен сол кездегі Ақпарат министрі Алтынбек Сәрсенбаевтардың жанашырлықтарын атап өтпеске болмас. Заманбек Нұрқаділов редакцияның Бөгенбай батыр көшесіндегі №150 үйді беріп, ғимараттан бөлек, бір көпорынды «Рафик», бір су жаңа «Волга» және «Жигули» көлігін сыйға тартса, Алтынбек Сәрсенбаевтың тұсында редакцияның әлеуметтік жағдайы жақсара түскен екен. Міне, бүгінде 30 жыл бойы қазақ оқырманына жол тартқан, ұлттың рухымен үндескен, жалпы қазақтық һәм түрікшілдік идеясын ту еткен газет Түркі жұртының қара шаңырағы – Қазақстанның басты басылымдарының біріне айналды. Басылым ел тәуелсіздігімен қатар дамып, қазақтың ұлттық мәселелерін, қоғамның өзекті жайттарын нысана етіп келе жатыр. «Халықтың қай дәреже алға кеткендігі халық арасында таралған газет, журнал һәм кітаптарынан білінеді», – деп «Айқап» журналының тұңғыш санында журналды шығарушы Мұхаметжан Сералин айтқандай, қазақ баспасөзі дамыса – ел де дамиды деген сөз. Ендеше отыз жылдық тарихы бар осынау басылымға ұмтылы ұзақ болғай деген тілегімізді жеткізгіміз келеді.

Қазақ баспасөзінде өзіндік қолтаңбасы бар Шәмшидин Пәттеевтің редакторлық қолтаңбасы халықаралық «Түркістан» басылымының қалыптасу және даму кезеңдерінен айқын көрінеді. Түркістан басылымының дүниеге келу кезеңіне көз салар болсақ, Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдары елде бұрынғы кеңес заманындағы байланыстардың барлығы үзіліп, тоқыраудың нағыз зардабын тартып, экономикалық қиындықтарға ұшырап жатқан аса бір қиын кезеңде осындай рухани үлкен жобаны қолға алу қазақтың қадірлі қаламгері Қалтай Мұхамеджановтың жанында серік болып, Шәмшидин Пәттеевтің осы басылымның қаз-қаз тұруына сіңірген еңбегі деп айтар едім.

Кең ойлап, тең өлшейтін

Тәуелсіздіктің көк байрағы желбіреген соң, «Түркістан» идеясының қолға алынуы заңды. Бұл «Түркістан» – кеше Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов армандап жете алмаған, барша түркі елінің басын қоссақ, түбі бір туыс елдер бірігіп отырса, өзгеге сес көрсететін мемлекет құрар едік деген идея еді. Әрине, ол идея кешегі 70 жыл билік орнатқан кеңес заманының саясатына кереғар болды. Сондықтан да, бұл идеяны тамырына балта шапты деп айтсақ және оны қолдағандардың көпшілігінің тағдыры тауқыметке айналды десек ақиқаттан алыстамаймыз.

Осындай аумалы-төккелі заманда Қазақстан кешегі кеңес мұрасы болып қалған қиындықтардың құрсауынан босай алмай тұрғанда, «Түркістан» басылымын шығару қазақ руханиятындағы үлкен сілкініс, үлкен белес болды. Осы кезеңде Қалтай Мұхамеджанов қолға алған басылымға алдымен Шәмшидин Пәттеев орынбасар болып келіп, сол заманның ағымына сәйкес, басылымның қаржылық жағдайының жақсаруына көп еңбек сіңіргенін әріптестері жақсы біледі. Қалағаннан кейін басылымның тізгіні Шәмшидин Пәттеевке бұйырды. Сол кезде Түркістан қандай басылымға айналды деген сауал туындауы заңды.

«Түркістан» бұл уақытта бағыт-бағдарын айқындаған, өзіндік орны бар басылымға айналды. Ол бағыт – Қазақстан нағыз дербес ел, шынайы тәуелсіздікке жеткен, сыртқы саясатта да өзіндік көзқарасы, өзіндік жолы болуға тиіс деген бағыт. Жасыратыны жоқ, мен өзім сол кезде еліміздің бас басылымы «Қара шаңырақ», «Егемен Қазақстан» газетінде басшылық қызметін атқарып жүрдім. Біздің басылымдар мәселенің дәл осы тақырыбына ашық қарай қоймайтын. Әлемде болып жатқан жаңалықтар, көршілес елдердегі саяси өзгерістер мен оларға саяси баға беріп, өзімізбен салыстыру «Түркістан» газетінен басқа басылымдарға тән болған жоқ. «Түркістан» қазақ баспасөзінің осы олқылығын толтырды.

Шәкең басқарған жылдар ішінде «Түркістан» нағыз халықаралық тақырыпқа жазатын, түркі бірлігіне үндейтін, жұрт санасатын басылымға айналды деп айта аламын. Бір айғағы – кезінде елдің Сыртқы істер министрі қызметін атқарып жүрген Қасым-Жомарт Кемелұлының осы басылым бетінде өткір мақаласының жарияланғаны біздің есімізде. Дәл осындай форматта ол кісі баспасөзге мақала, сұқбат берген емес.

Бір мәселені айтайын, осыдан 15 жылдай бұрын «Түркістан» басылымында «Путинді кім тоқтатады?» деген сараптама мақала жарық көрді. Ол кездегі геосаяси жағдай қазіргімен салыстырғанда мүлде өзгеше. Басылым бетінде жарияланған бұл мақала үшін басылым басшылығы сөгіс алғанынан хабардармын. Ал қазір біздің журналистикада халықаралық тақырыптарға мақала жазатындар некен-саяқ. Оның үлкен мектебі кезінде Шәмші тұсында қалыптасқан еді. Қазіргі басылым да елдің ертеңіне болжам жасайтын, геосаяси жағдайдағы Қазақстанның орнын айқындайтын батыл пікірлерін айтатын болса, Шәкең салған жолдың даңғылға ұласатыны ақиқат.

Шәкең ойын кесіп, жасырмай бүкпей айтатын жан ғой. «Түркістанның» тізгінін ұстап тұрған кезде, жазушы Жүсіпбек Қорғасбектің үйіне бардық. Ауызашардың кезі еді. Шәкең ыстық шәйін күтпей, бірден салқын газды суды ішті де, артынан қазықартаның бір-екі кесегінен жеген ғой. Содан май қасқа суық сумен қосылған соң оңа ма? Үй-үйімізге тараған соң, шамалы уақыттан кейін жұбайы Зәуреш хабарласып, жедел жәрдем шақырғанын айтты. Нұртөре Жүсіп бізден бұрын жетіп, асқазаны ауырып жатқан Шәкеңді көріп, «кісі тани ма?» деп сұрағаны бар. Сонда асқазаны түйнеп жатқан кісі күліп жіберсе керек. Бұл Шәкеңнің қарапайымдылығын, аңқаулығын білдірсе керек.

Шәкең 50 жасқа толған кезінде «Егемен Қазақстан» газетіне топтама дайындадық. Топтамада Қазақстанның халықаралық журналистика саласын дамытып келе жатқаны қамтылған. Айтайын дегенім, курстастарының да лебізі қатар берілді. Олардың арасында Шәкеңнің жақын досы қайраткер Амалбек Тшанов та тұр. «Курстастар лебізі» деген айдар қойылған. Газет шығып, тойына апарып, таратып жүрген кезде «Амалбек Тшанов та сіздің курстасыңыз екен ғой» деді басқалар. Ол қазір сексеннің сеңгіріне көтерілді. Шәкең Қалтай ағаның қасында жүрді, оның досы Әбдіжәміл Нұрпейісовпен де араласты, үйінде әңгімесін тыңдап, өзімен қатар адамдай жүрді.

Шәмшидин Пәттеев студент күнінен-ақ сыртқы саясатқа сараптама жасауға құштар болатын. Сол кездің өзінде әлі тәуелсіздікке жетпеген қазақ елінің болашағы туралы әңгімелер қозғайтын. Айтып отырған болжамы жас жеткіншіктерге аңыз-ертегі сияқты көрінетін. Бірақ болжамы дәл келгеніне куәміз, еліміз тәуелсіздік алды.

Еркін ҚЫДЫР,
«Astana akshamy» газетінің редакторы



Тіл эволюциясының жылнамасы

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының іргелі сөздік ретінде Oxford Dictionary еңбегін таңдауы бекер емес. Өйткені Оксфорд ағылшын тілінің сөздігі (OED) – өте танымал және аса беделді білім құралы. Оның ішінде ағылшын тілінде сөйлейтін барлық құрлық пен елден жиналған 500 мың сөз бен сөз тіркесінің мағынасы, тарихы мен қолданылуы туралы мәлімет жинастырылған. Тарихи сөздік болғандықтан, OED қазіргі заманғы ағылшын сөздіктерінен айтарлықтай ерекшеленеді. Мұнда тек заманауи мағыналарды емес, сонымен қатар жекелеген сөздердің тарихын да таба аласыз. Оның ішінен қейбір сөздердің XI ғасырдан басталатын этимологиялық жолын көруге болады. Сондай-ақ классикалық әдебиет пен арнайы мерзімді басылымдардан бастап киносценарийлер, ән мәтіндері және әлеуметтік медиадағы жазбаларда қолданылған 3,5 миллион цитатаны бақылап, талдау арқылы жасалған тіл тарихы да бар.

Қазір сөздікте 850 мыңға жуық анықтама бар және оған жыл сайын шамамен 15 мың өзгеріс енгізіледі. Бұл – XIX ғасырдың екінші жартысынан бері жалғасып келе жатқан ұзақмерзімді және ауқымды жоба әрі Oxford University Press білім беру миссиясының ең басты міндеттерінің бірі.

2028 жылы OED-тің бірінші басылымының дайын болып, жарыққа шыққанына 100 жыл толады. Мерейтой қарсаңында OED командасы сөздіктің пайдалылығы мен құндылығын және ауқымын арттыруға арналған OED 100 деп аталатын арнайы жұмыс бағдарламасын жүзеге асыруда. Бұл жобаның ауқымы кең. Оған сөздіктің мазмұнын бұрынғыдан да жеделірек жаңарту, түрлі құрлық пен мемлекеттегі ағылшын тілінің түрлерін қамтуды кеңейту, сөздікті түсінікті және мәдени тұрғыдан тез қабылданатын ету, OED қолданушылармен ынтымақтастық пен өнімді қарым-қатынас орнату мен oed.com сайтына жаңа платформа жасау сияқты жұмыстар кіреді.



OED ТАРИХЫ

Оксфорд ағылшын сөздігі жүз жылдан аса уақыт бойы ағылшын тіліне қатысты ең беделді еңбек саналады. Бірақ оның ғылыми маңызы мойындалып, зор сенім артылса да бұл еңбектің қалай пайда болғаны туралы көп мәлімет жоқ. Оксфорд ағылшын сөздігінің тарихы қандай? Жүздеген қызметкер мен мыңдаған автор жұмыс істеп, 500 мыңнан астам сөздің анықтамасын жинастырған аса зор шығарманың тарихы қандай?

1857 жылы тілді ғылыми зерттеумен айналысатын Лондондағы ұйым – Филологиялық қоғамға ұсыныс жасалады. Онда қолданыстағы ағылшын сөздіктерінің кемшіліктері туралы баяндала келе «Жаңа ағылшын сөздігін» жасау туралы айтылады (ол бастапқыда осылай аталған). Ричард Ченевикс Тренч, Герберт Кольридж және Фредерик Ферниволлдың жетекшілігімен ағылшын-саксон дәуірінен бастап ағылшын тілін толығымен қайта қарап шығу көзделеді. Бұл өте батыл және ауқымды жұмысқа ақырында бастапқыда ойлағаннан әлдеқайда көп уақыт пен күш жұмсалды. Бұл сөздік тіл тарихының барлық кезеңіне қатысты баспа дереккөздерден алынған сөздердің қолданылуы туралы нақты мәліметтерге негізделуі керек еді. Кольридж алғашқы редакторы болып тағайындалды. Кольридж бен Фернивалл ағылшын әдебиетін оқып, сөздердің қолданылуын көрсететін цитаталарды дайындайтын ерікті оқырман тобын жинайды. Бұл цитаталарды оқырмандар «слиптер» деп аталатын шағын қағаздарға жазып, редакцияға жіберіп отырған. 1861 жылы Кольридж қайтыс болып, орнына Фернивалл редактор болып жұмысты жалғастырады. Алайда ол бұл қызметті ойдағыдай атқара алмай, салдарынан бұл істің дамуы баяулап кетеді.

1879 жылы Оксфорд университетінің баспасы бұл жұмысты басуға келіседі және Филологиялық қоғам мүшелерінің арасынан Джеймс Мюррей жаңа редактор болып бекітіледі. Мюррей – Шотландияның азаматы. Ол ерте жастан тілге қызығып, осы әуестігінің арқасында өзі ізденіп ғалым болады. «Сөздіктің» редакторы болған соң ол еріктілердің мәтінін оқып, сөздік құрастыруға көмектесуге ниетті бір топ қызметкердің басын қосады. Олар алғаш темір қоймада жиналатын болған, Мюррей оған «Скрипторий» деген атау береді. Бұл «офистер» алғашында ол редактордың Лондондағы Милл Хиллдегі, содан кейін Оксфордтағы үйлерінде ашылған еді. Бұл іске Мюррей өз балаларын да тартады. Оның балаларына (оның он бір баласы болады) сөздіктің парақтарын алфавиттік ретпен сұрыптағаны үшін азын-аулақ ақша да төленетін. Мюррейдің есебі бойынша сөздікті тұтастай жасап шығу үшін он жыл қажет болды. Бес жылдан кейін, яғни 1884 жылы, кітаптың бірінші бөлімі (немесе техникалық терминмен айтқанда фасцикл) шықты. Бұл жайт осыдан 30 жыл бұрын филологиялық қоғам ойлағаннан әлдеқайда кең әрі ауқымды жұмыстың атқарылып жатқанын анық көрсетті. Шын мәнінде, сөздік құрастыру жұмысында сырттан келетін хат-хабардың көп болғаны сонша, Мюррейдің Оксфордтағы үйінің дәл алдына пошта жәшігі орнатылады. Ол жәшік сол орнында әлі күнге дейін бар.

Жұмысты жылдамдату үшін Мюрреймен қатар екінші редактор тағайындалды. Ол Генри Брэдли болатын. Кейінірек оған Уильям Крейги мен Чарльз Лук деген тағы екі редактор қосылды. Әрқайсысы өз көмекшілерімен алфавиттің әртүрлі бөлімі бойынша жұмыс істеді. Олар қазір Оксфорд Ғылым тарихы мұражайына айналған ғимаратта еңбек етсе, Мюррей мен оның командасы өз жұмысын Скриптониумда жалғастыра берді. Төрт редактор мен олардың айналасында топтасқан қызметкерлер талмай еңбек етіп, сөздікті құрастыруға зор еңбек сіңіреді. Ақырында 1928 жылдың сәуірінде сөздіктің соңғы бөлігі жарияланады. Алғашында бұл сөздік төрт томнан тұратын 6 400 беттік жұмыс болады деп жоспарланған еді. Кейін 250 мыңнан астам негізгі мақала мен 2 миллионға жуық цитатадан тұратын он томдық еңбек болып шығады. Сөздік A new English Dictionary on Historical Principles – «Тарихи принциптерге негізделген жаңа ағылшын сөздігі» деген ерекше атпен жарық көрді. Кейін ол Оксфорд ағылшын сөздігі деген атаумен де белгілі болды. Өкінішке қарай, Мюррей мен Брэдли қайтыс болып, бұл еңбектің жарыққа шыққанын көре алмады. Бұл сөздік бүкіләлемдік баспа тарихындағы бұрын-соңды болмаған жетістікке айналды.

Тіл тірі ағза ретінде әрдайым өзгеріп отырады. Бұл бірде-бір сөздіктің ешқашан толық аяқталып, нүктесі қойылмайды дегенді білдіреді. Сөздіктің бірінші нұсқасын дайындау үшін елу жыл еңбектенген редакторлардың жұмысы да бұл заңдылыққа бағынғаны сөзсіз. Бастапқы он том дайын болған соң қалған екі редактор Крейги мен Лук сөздікке толықтыру ретінде бір томдық арнайы еңбекті құрастыра бастайды. Ол 1933 жылы жарық көрді. Сонымен қатар бірінші басылым он екі томдық болып қайта жарық көреді де, «Оксфорд ағылшын сөздігі» деген өзінің ресми атауына ие болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Оксфорд университетінің баспасы OED штаб-пәтерін қалпына келтіру және 1933 жылғы «Толықтыруды» қайта қарау жөнінде шешім қабылдайды. 1857 жылы Филологиялық қоғам алғаш рет ағылшын тілінің жаңа сөздігін құрастыру жөнінде шешім қабылдағаннан кейін араға тура бір ғасыр салып, яғни 1957 жылы Роберт Берчфилд өз қызметкерлерімен бірге жаңа «Толықтырудың» редакторы міндетін өз мойнына алып, оқырмандардан қайтадан көмек сұрайды. Бастапқыда «Толықтыру» шамамен 1 300 беттен тұратын бір томдық жұмыс ретінде ойластырылған еді. Алғашында оны құрастыру үшін жеті жыл уақыт кетеді деп есептелген. Бірақ ол 5 750 беттен тұратын 4 томдыққа айналып, 1972-1986 жылдар аралығында жарияланды.

ЗАМАНАУИ ӨЗГЕРІСТЕР

1980 жылдардың басында баспа монументалды сөздікті қазіргі дәуірге қалай икемдеу керегін ойластырады. Сөздік құрастырудың дәстүрлі әдістері енді жарамайтыны белгілі болды. Мәтінді қайта қарауды бастамас бұрын бірінші басылым мен толықтыруларды біріктіру туралы шешім қабылданады. Ол үшін деректерді электронды форматқа аудару қажет болды, содан кейін мәтіндерді сыртқы авторлардың көмегімен біріктіруге және өңдеуге мүмкіндік туар еді. Сол себептен жұмысты жүргізу үшін лексикографтармен қатар жоба менеджерлері мен жүйелік инженерлер қажет болды. Баспа «Жаңа Оксфорд ағылшын сөздігі» жобасын құрып, 1984 жылы осы жұмысқа толықтай кіріседі. Джон Симпсон мен Эдмунд Вайнер бірлескен редакторлар ретінде Оксфордтағы лексикографтардың негізгі тобын басқарды. Олар жаңа электронды мәтінді тексеріп, редакциялап, өңдеп, сөздікке 5 000 жаңа сөз бен мағына қосады. Жалпы алғанда, қызметкерлер жұмыстың 85%-ын бағдарламалық құрал арқылы жасап шығады. Ал қалған 15%-ына редакторлар тікелей араласқан еді. Бұл үлкен жобаның шарықтау шегі мәтінді теру мен оны басып шығару болды. Осының бәрі атқарылған соң 1989 жылы уақытынан кешікпей Оксфорд ағылшын сөздігінің екінші басылымы жарыққа шықты. Бұл жинақтың көлемі 22 мың беттік жиырма томды құрайды.

1990 жылдары OED-ті жан-жақты қайта қарау жұмысы басталды. Ондағы мақсат толық жаңартылған мәтін жасау болды. Сол арқылы әр материал жаңа құжаттық дәлелдер, ғылым саласындағы заманауи жетістіктер және жаңа мақалаларды ескере отырып қайтадан жан-жақты қаралды. Бұл Джеймс Мюррей мен оның замандастары құрастырып, 1928 жылы жарыққа шыққан бірінші басылымдағы материалдардың алғаш рет өңделуі еді. Сөздіктің электронды нұсқасының болуы басқа баспа форматтарын қолдануға мүмкіндік берді. 1987 жылы бірінші басылымның CD-ROM нұсқасы шығарылды, ал 1992 жылы бір компакт-дискіде екінші басылым да шықты. Сөздіктің дискідегі нұсқасы оның алғашқы кітап түрінде сөреде бір метрден астам орын алып, салмағы 70 келіге жуық жиырма томдық еңбек болған кезінен қатты ерекшеленетін. Оны CD-ROM-да жарыққа шығару өте пайдалы әрі сәтті болды. Цифрлық формат ақпаратты іздеу және алу үшін сөздікті қолдануда төңкеріс жасады. Бұл болашақта Оксфорд ағылшын сөздігі жасайтын технологиялық прогреске ашылған терезе секілді еді. 2000 жылы OED Online іске қосылды. Ол сөздікті айрықша қолжетімді етті. Мұндай мүмкіндік бұрын-соңды болмаған еді. Сондай-ақ ол үшінші басылымның материалдарын онлайн нұсқаға тоқсан сайын жүктеп отыруға мүмкіндік берді. 2023 жылы OED Online сайты өзгеріп, соның нәтижесінде бүгінгі қолданыстағы платформа пайда болды. Қазір де үш ай сайын сөздікке өзгерістер енгізіліп отырады. 25 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келе жатқан бұл жүйе толықтай жаңартылған Оксфорд ағылшын сөздігін жасап шығуға мүмкіндік береді.

1857 жылы Филологиялық қоғам өз алдына нақты мақсат қойған еді. Бірақ бұл істің олардың өздері күтпеген феноменалды жетістіктерге жол ашатынын білген жоқ. Оксфорд ағылшын сөздігі – сөздерді және олардың этимологиясын табуға ыңғайлы еңбек ғана емес, ағылшын мәдениетінің ажырамас бөлігі. Ол – тіл эволюциясының жылнамасы ғана емес, ол сонымен қатар ағылшын қоғамының үздіксіз дамуына куәлік етіп, оны құжат түрінде сипаттайтын шығарма. Оксфорд ағылшын сөздігі – бүгінде де өте өзекті құрал.

Оксфорд ағылшын сөздігінде сөздердің соңғы жүздеген жылдағы тарихы туралы толық ақпарат жиналған. Осы мәліметтер жазылған карталар Оксфордтағы сөздіктер бөлімінде (және университеттің жақын маңдағы баспасөз мұрағаттарында) сақтаулы. Сөздікте 1980 жылдардың аяғынан бастап ақпараттың көп бөлігі электронды түрде британиялық, солтүстік американдық және әлемдік ағылшын тілдеріндегі оқу арқылы жиналған іздеу функциясы бар (Incomings) мәліметтер базасында сақталады. Ол деректер барлық редакторға қолжетімді. Соңғы 30 жылда лексикографтарға ыңғайлы әрі қолжетімді онлайн зерттеу ресурстары тез көбейді. OED лексикографтары үшін Early English Books Online (EEBO) және Eighteenth Century Collections Online (ECCO) сияқты толықмәтінді тарихи дерекқорлар өте қызық. Сондай-ақ олар үшін іздеу функциясы бар әлемнің бұрыш-бұрышындағы ағылшын тілді мемлекеттердің мерзімді басылым мұрағаттары да аса тартымды. Google Books көптеген тарихи және заманауи материалды қолжетімді етті әрі оларды іздеп табу да ыңғайлы.

Саят ЖӨКЕНҰЛЫ

Оксфордта қазақ сөздігі таныстырылды

Ұлыбританиядағы Oxford University ғимаратында тұңғыш рет қазақ-ағылшын және ағылшын-қазақ тіліне аударылған Oxford Qazaq Dictionary сөздігінің халықаралық деңгейдегі таныстырылымы өтті.

Oxford Qazaq Dictionary – Oxford Languages желісі мен халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бірлескен лексикалық жобасы. Сөздікті дайындау барысында дүниежүзіне танымал Oxford екі тілді сөздігін құрастыру әдістемесі мен технологиясы негізге алынды. Сөздік Oxford University Press баспасының ресми рұқсатымен 10 мың дана таралыммен басылды. Жалпы, 1 300 беттен тұратын сөздікте 60 мыңнан аса сөз қамтылған.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы дайындаған аталмыш сөздікті құрастыру жұмысы төрт жыл жүрді, оған қазақ және ағылшын тілінің лексикасына маманданған 50-ден аса тәжірибелі сарапшы атсалысты.

Жобаны жетілдіруге Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандары қатысып, сөздік институт ғылыми кеңесінің сараптамасынан өтті. Сөздік құрастыру аясында қазақ және ағылшын тілі лексикасындағы өзгерістер, әсіресе қазіргі мәдениет, ақпараттық технологиялар, медицина, экономика, қаржы мен сауда саласындағы жаңалықтар ескерілді. Сондай-ақ сөздікте ағылшын және қазақ тілдерінің грамматикасы мен дыбыстау, емле ережелері түсіндірілетін қысқаша нұсқаулықтар, қазақ тіліндегі іскерлік және электронды хат-хабар жазу үлгілері берілді.

«Бұл сөздік тіліміздің халықаралық қолданыс аясын кеңейтіп, түрлі саладағы терминдік түсініктердің мемлекеттік тілде қалыптасуына ықпал етеді. Өздеріңізге белгілі, Рауан Кенжеханұлының жетекшілігімен «100 кітап» жобасы аясында әлемдік үлкен еңбектерді қазақ тіліне аударды. Олар бүгінде жоғары оқу орындарында кеңінен пайдаланылуда. Бұл сөздік те сондай мағыналы еңбектің бірі болады деп пайымдаймын», – деп атап өтті сенатор Нұртөре Жүсіп.

Сондай-ақ осы сөздік негізінде қазақ тілі Oxford Global Languages платформасына қосылады. Бұл бастаманың мақсаты – әлемнің ірі де, іргелі 100 тілінің лексикалық қорын өзара байланыстырып, ортақ ғаламдық тіл корпусын жасақтау. Oxford Qazaq Dictionary қазақ тілін әлемдегі танымал әрі беделді сөздіктер желісімен байланыстырып, ғаламдық лингвистикалық ортаға қосылуға мүмкіндік береді.



Таңат АЯПОВА,
филология ғылымдарының докторы, профессор:

– Oxford Qazaq Dictionary сөздігі дайын болып, қолымызға тиген соң маман ретінде сыни қарауға тырыстық. Сапалы, мазмұнды еңбек болды деп ауыз толтырып айта аламын. Тәжірибелі тіл маманы ретінде айтарым, шет тіл үйренемін дейтін қазақы орта, қазақ баласы үшін сүбелі сыйлық болды. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіндегі доцент Жанна Тұтбаева, PhD доктор Жұлдыз Құрманбаева және басқа да білікті шәкірттерімнен құралған ұжым болып ағылшын-қазақ бөлімін дайындадық. 2,5 жылға созылған жұмыс барысында ұдайы пікірталастар, күнделікті талқылаулар болды. Қазақ тілінің сөздік қоры өте бай. Ағылшынның бір сөзіне бізде бірнеше балама бар. Сондықтан аударма кезіндегі қиындықтардың бірі қазақша нұсқасын сәтті беру еді. Ағылшын сөзін қазақ тіліне емес, қазақы санаға лайық аудару керек болды. Әрбір сөздің мәніне үңіліп, қолданыс зерделеуге тырыстық. Мәселен, ағылшын тілінде I told you fifty times дейтін сөз тіркес бар. Оны біз «Мен саған жүз рет айттым» деп қазақшаладық. Тура мағынасында «50 рет» деп тұр, әйтсе де, біздің сөз қолданысымызда бұл ұғым «100 рет», «1000 рет» деген сандармен түсінікті болады. Осындай мысал көп. Бұдан өзге, техникалық терминдерді қазақшалау кезінде де қиындықтар болды. Өйткені көбіне-көп терминің қазақша нұсқасы жоқ. Орыс тіліне түпнұсқамен берілген де, біз сол орысшасымен айтып жүреміз. Осы тұста біршама пікір таластық. Ағылшын және әлем тілдеріндегі терминдерді сол қалпында ұсындық. Жалпы, сөздік төрт жылдай дайындалды, бұл – ұзақ мерзім емес, тиісті уақыты. Өйткені аударма ісі, оның ішінде сөздік құрастыру жұмысы асқан жауапкершілікті талап етеді. Oxford Qazaq Dictionary өзінің сауатты, сапалы межесіне жетті деп есептеймін.

Зәуреш БАШБАЕВА,
Oxford Qazaq Dictionary сөздігінің редакторы:

– Oxford Qazaq Dictionary – елімізде сөздік құрастыру ісінде тұңғыш рет дайындалған ауқымды жоба. Сөздік тіл мамандары үшін ғана емес, жалпы қазақ және ағылшын тілін үйренуге ынталы кез келген оқырман үшін пайдалы еңбек десек болады. Жалпы, сөздік баспаға даярлау барысында тәжірибелі және жас аудармашылар, құрастырушылар, ағылшын және қазақ тілі мамандары-редакторлар қоян-қолтық жұмыс істеді. Ал аударма ісінде қиындықтар кездесетіні сөзсіз. Өйткені ағылшын тіліне жетік аудармашының қазақ тілін жетік білмеуі немесе керісінше болуы да мүмкін. Редакторлар аударманың жатық болуына күш салды. Сөздік құрылымы бойынша әрбір сөздің аудармасына сөз тіркесінен және тұрақты сөз тіркестерінен сөйлемдер келтіріліп, күнделікті өмірде әртүрлі әлеуметтік топ арасында қолданылатын практикалық мысалдармен, қаратпа, қыстырма, одағай сөздермен, мақал-мәтелдермен, тағы басқа сөздермен толықтырылған. 60 мыңға жуық сөз қамтылған мұндай көлемді сөздіктің жалпы тіл мамандарына қажет құрал ретінде ғана емес, тіл үйренушілердің тілді оңай үйренуіне көмегі тиетін еңбек ретінде де маңызы зор.

Асыл ТҰМАР

Ақмола облысындағы ондаған ауылдың тұрғындары жұт басталды деп шырылдап отыр. Жем-шөбі таусылуға таяған тұрғындардың малға берер азығы там-тұмдап қана қалған. Кейбірі тіпті мүлде жем-шөптен ада қалып, құны аспандап кетсе де сатып алуға мәжбүр болғанын айтады. Оның үстіне, қысы-жазы дала төсін еркін кезетін жылқы малы да көтерем болып қолға қараған ауыл көп. Тіпті, қылқұйрықты түлігінің біразы пышаққа ілінбестен арам өліп жатқандар да баршылық. Бұл малмен күнелткен ауылдағы ағайынның шақшадай басын шарадай етті. Жем-шөбі жетпей, қыстан шығудың өзі мұңға айналған ауылдағы ағайын дағдарып отыр…

ҚҰТ БОЛҒАН МАЛЫ ЖҰТ БОЛДЫ

ҚАРА МАЛДЫ ДА ДАЛАДА БАҒЫП ЖҮР

Көкшетаудың дәл іргесіндегі Васильков кентінде тұратын Қажығали Сақыпов – жастайынан малмен көзін ашқан қазақтың бірі. Осыдан ондаған жыл бұрын бір аяғынан айырылып, үшінші топ мүгедегі болса да, атакәсіптен ешқашан қол үзіп көрген емес. Далада шыңылтыр аяз тұрғанымен, шаруаның малы аппақ қардың үстінде көл жиегіндегі қамыс, қардың бетіне шығып қалған қау шөпті талғажау етіп жүр.

Васильков ауылына арнайы ат басын бұрған бізді ауылдың шетінен көлігімен өзі қарсы алған алпысты алқымдап қалған ақсақал үйіне бастап барды. Мал күтімінің қиындығына қарамастан атакәсіпке ден қойған Қажығали аға ұлы Рүстеммен бірге 50 қара мал, 150-ден аса қой мен айғырлы бір үйірде он бестен аса жылқы бағып отыр. Дегенмен ақсақал да ауылдағы жұртқа мал бағудың тым қиындап кеткенін ашына жеткізді.

– Ауылдарда жайылым жер жоқ. Бұрын осы Васильков ауылында ауылдың бәрі жаппай мал ұстайтын еді. Қазір менен басқа көп мал ұстайтын ешкім қалмады. Қысқа азығы таусылғандардың қарасы көп. Ал шөп пен сабанның бағасы аспандап кетті. Қазір сабанды сонау Солтүстік Қазақстан облысынан әкеліп жатырмыз. Ал осында әкеліп сататындар сабанның 250 келі ғана болатын бір бумасын 11 мың теңгеден сатып жатыр. Шөптің 300 келілік бір орамы 15 мың теңгеден асып жығылды. Тіпті, малдың өзіндік құнынан да пәлен есе асып кетіп тұр. Асырап бақ қан адал ақы малыңа делдалдардың берген бағасы көк тиын. Жуырда ғана 100 келі таза ет тартады деген ірі бұқамды 170 мың теңгеге әзер өткіздім. Бұрынғыдай үйдің ауласында соя алмайсың. Қазір шөп болмаған соң қыс бойы қара малды да далада бағатын болдық. Үйде тек бұзаулаған, қоздап қалған мал мен көтерем болғандары ғана тұр, – дейді ақсақал Қажығали Сақыпов.

Малдың жайын бес саусағындай білетін Қажығали ақсақал елдің ауыл шаруашылығының, әсіресе мал шаруашылықтарының тұралап қалуына түрткі болған бірнеше себепті атады. Ақсақал бұрын мал тұқымын мемлекеттік органдар селекция жүргізіп жаңартқанын, жылқы малының қыстың қытымыр аязына төзімді тұқымының азайып бара жатқанын, жайылым жерлердің тарылып, тіпті ауылдың дәл іргесіне дейін егін егіліп жатқанын сынға алды. Әсіресе, жайылым мен шабындық жерлерден айырылып, мал баға алмай қалған ауылдардың жайы мүшкілдене бастаған.

МАЛ БАҒАТЫН ЖАЙЫЛЫМ ЖОҚ

Тақырыпты талдау барысында Васильков ауылындағы Қажығали ақсақал ғана емес, өңірдегі ондаған ауылда кәдімгідей жұт басталғанын анықтап жанымыз ауырды. Әсіресе, Зеренді, Бурабай аудандарында ондаған ауыл малдың тісіне басар тікенек шөптің де таусылғанын айтып зар илеп отыр. Атап айтқанда, Зеренді ауданына қарасты Ақадыр, Айғыржал, Ортақ, Қошқарбай, Раздольный, Күсеп, Первомайский ауылдарында ұлтарақтай жайылым болмауынан жылқылары жаппай қолға қараған тұрғын көп. Даладағы қардың беті жылтыр мұз басып, жылқылар тебіндей алмай, биелер құлын тастап, тіпті кей ауылдарда арам өлген жылқылар да болған. Үйге алып келгенімен, қыр арқасы көрініп, әбден жүдеп, көтерем болған жылқыларды көтеріп алар жем-шөп те таусылған. Салдарынан ауылдарда мал бақ қан жұрттың жағдайы мүшкілдене бастапты.

– Жайылым қылатын жаялықтай жер жоқ. Жылдағы жағдай биыл тіпті ауылдағы малымен күнелткен қазақты әбден қинады. Ауылда малдан басқа күнкөріс жоқ. Осындағы қоңсылас жатқан ондаған ауылдың жағдайы аса мүшкіл. Жем-шөп бәрінде таусылуға таяп қалған. Оның үстіне, жылқылар қолға келіп жатыр. Биелер құлын тастаған. Арық, сүйегіне терісі жабысқан етсіз малды кім алсын?! Сабанды да, шөпті де аса қымбат бағаға қарызданып-қауғаланып сатып алуға мәжбүрміз. Бағасы удай. Әбден қиналып кеттік, – дейді Ақадыр ауылының тұрғыны Әдебиет Сағидолла.

ЖЕМ-ШӨП ҚОРЫ 100 ПАЙЫЗ ЖИНАЛҒАН

Ауылдар жем-шөп таусылды деп шулап жатқан соң Ауыл шаруашылығы басқармасы былтыр жаздың соңында жария еткен жем-шөп қорының есебіне тағы бір мәрте назар аударды. Ведомство облыс бойынша қыстық қорды 100 пайыз жинадық деп жоғарыға есеп берген. Басқарма басшылығымен тағы бір тілдескенде де жем-шөп қоры облыс бойынша барлық ауданда толықтай жеткілікті көлемде жиналғанын жеткізді.

– Облыста жем-шөп қоры 100 пайыз жиналған. 1 млн 306 мың тонна шөп, 188 мың тонна пішен, 150 мың тонна сүрлем мен 375 мың тонна сабан жиналып, жоспар толықтай орындалған. Аудан және округ әкімдіктері жеткілікті көлемде шөп жиналды деп есеп берген. Егер қандай да округке қарасты ауылдарда малдың жем-шөбі таусылып жатса, сол округ әкімдігі қол ұшын созуға тиіс. Облыс әкімінің төрағалығымен штаб та құрылған. Жалпы, мал ұстаған соң жаздай жинап қор жинап алуы керек қой. Округ әкімдіктерінен біліп көруіңізге болады. Қазір ауылдарда жылқыға аса қиын болып кетті. Осы соңғы екі-үш жылда қыс ортасында жаңбыр жауып, қардың беті мұз құрсанып қалатын болды. Тұяқты жылқы тебіндей алмай қалып жатыр, – дейді Ақмола облысы Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Еркеш Әленов.

«ЖЕМ-ШӨБІН АЛА ЖАЗДАЙ ҚАМДАУЫ КЕРЕК»

Түйткілді мәселе жөнінде ауыл әкімдерімен де тілдесіп, жем-шөп мәселесінің қиындығы жайлы пікірін білмек болдық. Зеренді ауданы Шағалалы ауылдық округінің әкімі Болат Дүйсенов тұрғындар ала жаздай жем-шөбін қамдамағандықтан, осындай жағдайға душар болғанын, сондай-ақ жайылым жерлердің де жеткілікті екенін айтып ақталды. Әкім мұнымен қоса ауылдарда мал бағатын малшы таппайтынын айтып, тағы бір үлкен мәселенің шетін шығарды.

– Күзге дейін екі КамАЗ-бен 50 тең сабан тасылды. Саумалкөлден де келіп апта бойы шөп, сабан сатып тұрды. «Әй, сабан-шөп алыңыздар! Қысқа қам жасаңыздар!» деп талай айттым. Бірақ алған жан болмады. Апта бойы тұрып-тұрып кетіп қалды. Ауылда жайылым жер де бар, округ бойынша 17 мың гектар жайылым бар. Былтыр 3,5 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Шөпті мал ұстаған соң өздері шауып, яки болмаса арзан кезінде сатып алуы керек қой. Қыстың қамын ойлауға тиіс. Малды көп ұстайтын ағайындар бар. Малды ауылдың маңын шиырлай бермей әрірек жерде бағыңыздар деп те айттым. Өйткені тапталып кетеді ғой. Сондай-ақ ауылдарда, тіпті бізде ғана емес, осы аймақтың бәрінде мал бағатын жан жоқ. Өздері мал ұстайды. Бірақ мал бағатын малшы жоқ. Ешкім шықпайды. Мәселен, малы көп Ақадыр ауылы кезектесіп бағады. Осындай жағдайлардан кейін, әрине мал күтімі төмендейді. Мал бақ қан соң оны жаздай қамданып, жем-шөбін өздері дайындамаса, біреу әкеліп бермейді ғой, – дейді Шағалалы ауылдық округінің әкімі Болат Дүйсенов.

P.S.

Қысқасы, халықтың жүйкесін жұқартқан жем-шөп мәселесінің жайы мәз болмай тұр. Түйткілдің түйінін тарқатуда құзырлы һәм жергілікті атқарушы органдардың да қолынан келер қайран қалмаған ба деген ойға қалдық. Әлде сол ала жаздай әзірленген жем-шөп қағаз жүзінде ғана болды ма деген де ой келеді. Қайткенмен де «Қыстың қамын жаз ойла…» деген аталы сөзге халық та, билік те әлі болса назар аударма й тұрған сияқты…

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Елімізде соңғы жылдары тыңайтқыш өндіру ісі күрт төмендеп кетті. Мамандар бұған шетелдерден келетін арзан өнімнің әсері мол дегенді алға тартып отыр.

ТЫҢАЙТҚЫШТЫҢ ТҮРІ ДЕ, ЖЫРЫ ДА КӨП

Бердібек ҚАБАЙ

«Минералдық тыңайтқыштардағы негізгі қоректік элементтер азот, фосфор, калий элементтері екені белгілі. Минералды тыңайтқыштарды дұрыс пайдалану дақылдардың өнімін арттырумен қатар, оның түсімінің сапасын жа қсартады, топырақты қоректік элементт ермен байытып,микробиологиялық процестерге әсер етеді», – дейді Imexgroup компаниясының агрономы Октябрь Құрметбек.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің ақпаратына сүйенсек, республикада тыңайтқыш өндіретін 12 зауыт жұмыс істейді. Олардың негізгілері – «Қазфосфат» ЖШС мен «ҚазАзот» АҚ. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2022 жылы 640,8 мың тонна минералды тыңайтқыш, оның ішінде 445 мың тонна азот және 195,8 мың тонна фосфор тыңайтқыштары өндірілді. Былтыр минералды тыңайтқыштарды өндіру 10 есеге дейін төмендеген.

FORBES.KZ ақпарат агенттігінің мәліметіне қарасақ, былтырғы қаңтар-наурыз айларында Қазақстанда 104 мың тонна азот тыңайтқыштары өндірілді, бұл бір жыл бұрынғыдан 7,6% аз. Фосфор тыңайтқыш өндірісі бір жыл бұрын 48,7 мың тонна болса, қазір бірден 8,2 есе, яғни 5,9 мың тоннаға дейін қысқарғаны туралы ақпарат таратқан. Бір сөзбен айтқанда, елімізде тыңайтқыш өндірісі төмендеуде. Ал өндірістің мұнша төмендеп кетуіне шетелдік арзан өнім қатты әсер етіп отырған сыңайлы. Әрине, экономикалық тұрғыдан арзан өнімнің болғаны дұрысырақ шығар. Дегенмен сол сырт елдерден келетін тыңайтқыштың сапасына мән беріп отырған құзырлы орынның болмауы көңілге күдік ұялатады.

«Елімізде тыңайтқыштардың сапасын ешкім тексермейтін күмәнді жағдай қалыптасып отырғаны шындық. Олардың құрамындағы әрекет ететін заттардың мәлімделген параметрлерге сәйкестігі анықталмайды. Бізде агрохимикаттар Ресей, Украина немесе Беларусьтағыға ұқсас тіркеуден өтпейді. Демек, көрші елдерде тіркеудің өзі екі-үш вегетациялық кезеңде топыраққа, өнімге қалай әсер ететінін тексеруден тұрады. Бізде мұның бірі тексерілмейді. Иә, бізде өндірілген және әкелінетін химиялық өнімдерді тіркеу тәртібі бар, оның ішіне минералды тыңайтқыштар да кіреді, бірақ қоршаған орта мен адамға әсер ету қаупіне ғана бағалау жүргізіліп отыр. Онымен қоса, бұл тіркеу декларативті сипатқа ие болуда», – дейді «ҚазАзот» АҚ бас директорының корпоративтік даму жөніндегі орынбасары Тахмина Нағұманова.

Халық арасында «тыңайтқыштың зардабы өте көп, тіпті адамға да, малға да топыраққа да кері әсер етуде» деген алыпқашпа сөз көп. Бірақ мамандар мен ғалымдар тыңайтқыш дұрыс әрі аса дәлдікпен топыраққа енгізілетін дүние болғандықтан, оның кері әсері мүлдем аз деген пікірді алға тартады.

«Тыңайтқыштың жаманы болмайды. Мысалы, қазір ауыл шаруашылығы саласында екі бірдей тыңайтқыш түрі қолданылып жүр. Біріншісі – дәстүрлі органикалық тыңайтқыш болса, екіншісі – минералды тыңайтқыш. Тыңайтқыштардың қайсыбірін қолданса да топыраққа кері әсері болмасы анық. Тек олардың өсімдікке және өнімге әсер ету факторы екі басқа деп айтар едім. Мысалы, органикалық тыңайтқыш бірнеше жылдан соң жақсы әсер етеді. Тиісінше, оның болашағы өте тиімді болмақ. Ал минералды тыңайтқыштың әсер етуі өте тез. Биыл енгізілген тыңайтқыш осы жылы ғана өнімге ерекше әсер береді де, одан кейінгі жылдардағы әсері төмендеп кете барады. Ал тірі органикалық тыңайтқыш уақыт өткен сайын пайдалы бола береді», – дейді Агроэкологиялық сынақ орталығының меңгерушісі, PhD доктор Ақгүл Кәсіпхан.

Дегенмен экологтар тыңайтқыштың органикалық түрін не отандық өнімді қолдану керегін алға тартып отыр. Себебі сырттан әкелінген мол өнім отандық өндірушілерді тұқыртып қана қоймай, сапасы төмендеген дүниемен экологиямызға кері әсер етіп жатыр.

«Әрине, тыңайтқыштарды қазір өзге елдерден көптеп тасымалдап жатыр. Бұл – басты қателік. Себебі еліміздің аумағы кең болғандықтан, бізге әр өңірдің өзіне тән тыңайтқыш өндірісін қалыптастырған абзал. Себебі өңірлердің климат пен топырақ жағдайы мүлде бөлек. Соған сай тыңайтқыштың әсер ету деңгейі де басқаша бөлек. Қазір бізге тыңайтқыштар Қытайдан, Ресейден, тіпті Үндістаннан да келе беретін болды. Әрине, бағасы арзан. Бірақ сапасы қандай? Ол элемент бастапқы сапасын сақтап қала алды ма, жоқ па? Міне, осыған мән беруіміз қажет. Мысалы, Үндістаннан жеткізілген тыңайтқыш түрлі климаттық әсерге ұшырайтыны белгілі. Бірде ылғалды ортаға тап болса, енді бірде тым ыстық аумаққа түседі. Осыған сәйкес өсімдікке әсер етуі міндетті түрде төмендеп кетеді. Одан бөлек, жергілікті топырақпен әрекеттесуі қалай болмақ? Сауалды осы жағынан қойып көрген жөн», – дейді Ақгүл Кәсіпхан.

Шынында, шетелдерден келген дүниенің сапасы нашар болса, оның өсімдікке әсері де төмен болары хақ. Ең өкініштісі сол – біздегі алыпсатар делдал компаниялар мемлекеттің сеніміне кіріп, сенім сертификатын алған соң сатырлатып ақша санауды ғана көздеп кететіні бар. Нарық солай екені шындық. Бірақ нарық солай болды деп босаңсымай, Ауыл шаруашылығы, Сауда және интеграция, Өнеркәсіп және құрылыс министрліктері бір тоқтамға келіп, мәселенің түйінін тарқатса болмай ма деген ой көкейге еріксіз оралады.

«Отандық тыңайтқыштарға көбірек қаржы бөлінсе, шетелден алатын тыңайтқыштарды ығыстырып тастайтынымыз шын. Бұл алдымен отандық өндірістің дамуына сеп болады. Өнім түрлерінің көбеюіне де әсер етер еді. Ең бастысы, ғалымдардың жобаларын зауыт зертханаларында сынап көруге мүмкіндік туады. Одан қалса ішкі нарықта сырттан келген өнімдердің үстем болып кетуіне жол бермейді, – дейді ауыл шаруашылығы саласының экономисі Диас Бабаш.

Кейде «өзге елде гектарынан аста-төк өнім алады екен» деген уәжді жиі айтамыз. Әрине, ол елдерде топыраққа да, тыңайтқышқа да ерекше мән беріледі. Мысалы, Беларусь елінде 1 гектар жерге 270 келіге дейін тыңайтқыш себілетін болса, біздегі көрсеткіш 3-5 келіден аспайды екен. Украина, Канада елдері де топыраққа ерекше күтім жасайды, тоздырмауға тырысады. Ресейде ауыл шаруашылығына арналған жерлерді басқарудың өзіндік заңы бар. Сербияда заң бойынша әрбір жер иеленуші жерді күтіп, оның құнарын арттыруға міндетті. Ол жақта шаруалар жерді өңдеп, одан өнім алмаса да жыл сайын жердің құнары арнайы зертханада тексерілуі керек. Ондай базалық мәлімет болмаса, жер иеленуші 3 жылда иелігін мемлекетке қайтаруға міндетті. Ал Қазақстанда топыраққа қатыстысы былай тұрсын, жекеменшікке не жалға алған жерлердің өзінің толық электронды картасы жоқ болып тұр.

Алматының апорты әлем нарығына шығады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 19 қаңтарда Италияға ресми сапарында БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) Римдегі штаб-пәтеріне арнайы барып, ұйымның бас директоры Цюй Дунъюйге әйгілі апортты таныстырды.

АЛМАТЫНЫҢ АЛМАСЫ КҮННІҢ ҚЫЗЫЛ ТҮСІНДЕЙ...

– Қазақстан алманың отаны ретінде кеңінен танымал. Апорт сұрбы еліміздің ең ірі мегополисі – Алматының маңайында өседі. Біз алманың осы түрін өздеріңізбен күш біріктіре отырып, әлем нарығына шығаруға ниеттіміз. Осы бастамамызды іске асыру барысында сіздің жеке қолдауыңызға арқа сүйейміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

FAO-ның бас директоры Цюй Дунъюй Қазақстанның нарттай қызыл алмасын бір тістеп, дәмін алған соң бас бармағын көрсетті. Алматының апорты талайдың таңдайын қақтырғанына тарих куә. Мысалы,1908 жылы Германияның Мангейм қаласындағы көрмеде апорт Верный (Алматы) қаласындағы бақтың өнімі ретінде таныстырылыпты. Көз тартар тартымдылығы, қайталанбас дәмі арқылы европалықтардың таңданысын тудырған.

Қазақстан жергілікті бірегей ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу үшін тұрақты өндіріс және сауда тізбектерін жетілдіруді көздейтін FAO-ның «Бір ел – бір негізгі өнім» (One Country One Priority Product) бастамасына қатысады. FAO-ның Қазақстандағы кеңсесіндегі бағдарлама үйлестірушісі Жаңыл Бозаеваның айтуынша, «Бір ел – бір негізгі өнім» бастамасы өндірістік процестерді оңтайландыруға, қоршаған ортаға өндірістің кері әсерін бәсеңдетуге және жоғары өнімділікке қол жеткізуге бағытталған. «Ол мамандандырылған ауыл шаруашылығы өнімдерін ұлттық, аймақтық және тіпті жаһандық нарықтарға шығару үшін өндіріс пен сауда тізбегін қайта құру жолында ғылым, инновация және технология саласындағы дәстүрлі білім мен жетістіктерді біріктіреді. Арнайы ауылшаруашылық өнімдеріне назар аудару стратегиялық жоба болып саналады – FAO оларға лайықты көңіл бөлуді көздейді», – дейді Ж.Бозаева.

«Бір ел – бір негізгі өнім» бастамасы 2021 жылдың қыркүйегінде енгізіліп, содан бері әлемнің әр мемлекеті өзінің брендік өнімін ұсына бастаған. Мәселен, Қазақстан оған апорт алмасын ұсынса, Албания – каштан жемісін, Армения – аскөк /зелень/, Қырғызстан – грек жаңғағын, Түркия – інжір, Өзбекстан – шие, Тәжікстан – абрикос, Сербия таңқурайды таныстырып отыр.

«Бір ел – бір негізгі өнім» бастамасы қазақстандық экспортты әлемдік нарықтарға танымал ету және ілгерілетудегі елдің орасан зор әлеуетін іске асыруға көмектесетін жоба. Бастамаға қатысу бойынша басты талап: тропиктік, құрғақ және таулы аймақтарда орналасқан елдерге басымдылық бере отырып, өздерінің сұраныстары мен салыстырмалы артықшылығы негізінде OCOPP (One Country One Priority Product) қосылуға құқылы», – деп түсіндірді маман.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы сапарында ұйымды Арал бассейніндегі жерлердің топырағын мелиорациялауға және су ресурстарын басқаруға қатысты жобалар әзірлеу ісіне жан-жақты қолдау көрсетуге шақырды. Сондай-ақ Президент елімізде FAO-ның Орталық Азиядағы өңірлік бөлімшесін ашуды ұсынды.

АПОРТ – БРЕНД

Былтыр 13 қазанда апорт – Алматының алма сұрпы ретінде патенттелді. Қазір апортты халықаралық брендке айналдыру, әлемдік нарыққа кеңінен таныту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оған БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының бастамасы да сеп болмақ.

Әлемге аты мәлім ботаник ғалым Аймақ Жанғалиев кезінде «Біздің бабаларымыз осыдан 165 миллион жыл бұрын өздігінен өсіп тұрған жабайы алмаларды жеп жүрді. Осы жерден өткен Ұлы Жібек жолы керуені арқылы алма әлемге таралды» деп жазған екен. Академиктің зерттеуінше, 1793 жылы әйгілі биолог Иоганн Сиверс Тарбағатай тауын аралап, Үржар ауылына барғанда алманың белгісіз түрлерін көргенін сипаттап жазып қалдырады. Осылайша, тұтасқан Алатау мен Тарбағатай жоталарында текеметтің түріндей құлпыра өскен алмалар ғылымға Сиверс атымен енді.

Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ҒЗИ-ның «Талғар» аймақтық филиалының директоры Сағи Солтанбековтің түсіндіруінше, Сиверс алмасы – апорт алмасына ең жақсы, ең дұрыс тамыр, яғни телітуші деп саналады.

«Жалпы, Сиверс алмасына келсек, ол бір ғана түр болғанымен, оның орманды популяциясында әртүрлі алма формаларын кездестурге болады. Бұл жабайы алманың генетикалық ерекшелігін, полиморфтылығын көрсетеді. 2002 жылы әлем ғалымдары «Қазақстан – алманың Отаны» екенін мойындап, ғылыми тұрғыда дәлелдеп шықты. Біздің жердегі жабайы Сиверс алмасынан жер бетіне алма тарады деген қағидат бекітілді. Ол молекуларлы-генетикалық талдаулар арқылы да дәлелденді», – дейді С.Солтанбеков.

Қазақстанда алма жемісін көбейту, бау-бақша өндірісін дамыту ісі 1959 жылдан бастап жылдам қарқын алды. 1965 жылы ғалымдар Алматы апортын ел аумағында пайдалану бойынша селекциялық жетістіктер тізіліміне енгізді. 1970 жылға қарай республикадағы алма бақтардың жалпы аумағы 107 мың гектарға жеткен. Сол жылы жеміс дақылдары санағының деректері бойынша Қазақстанда 10 113 395 түп жеміс ағашы болған, оның ішінде 3 851 193 түп ағаш – апорт сұрпы деп тіркеліпті.

Әйгілі «Алматым менің» әні дүниеге келетін кез де осы жылдар. Белгілі композитор Мансұр Сағатов 1972 жылы Алматыдағы Мұқан Төлебаев атындағы көшенің бойымен қыдырып келе жатқанда бір әуен ойына оралады, ыңылдап айтып жүріп, дереу үйіне келген соң күйсандыққа отырады. Ақын досы Нұрсұлтан Әлімқұловқа телефон соғып, сөз жазып беруін сұрайды. «Арасында «Қыз Жібек пен Баяндай» деген сөздер болса деген өтінішін де қоса айтады сазгер. Осылайша, жұртшылықтың жатқа айтатын «Алматым менің» атты әні туады:

«Алматымның бағы қандай,
Алмасының дәмі балдай.
Алма дидар арулар,
Қыз Жібек пен Баяндай».

Мамандар апорт теңіз деңгейінен белгілі бір биіктікте өсетіндіктен өзінің ең жақсы қасиетін сақтауына да таулы аймақтың әсері бар деген тұжырым жасайды. Алма жемісін ұзақ жыл зерттеген академик Аймақ Жанғалиев 2008 жылы ақпарат құралдарына берген сұхбатында «Апорт тек жабайы тамыр сабағында және тек тау бөктерінде ғана апорт болады. Одан төменге түсіріп ексеңіз апорттың дәмі кәдімгі картоптың дәміндей болып қалады» деген екен.

> *Қазіргі сәтте апорт алқаптары көлемінің Алматы және Жетісу облыстарындағы жалпы аумағы 2 000 гектарды құрайды, өнімнің жалпы жиынтығы – 20 000,0 тонна шамасында.*

ҚАЙТА ОРАЛҒАН ӨНІМ

Алайда әйгілі апорттың да басынан бағы тайған кездер болды. Мысалға, 1970 жылы Қазақстанда 3,8 млн түп апорт ағашы болса, 1984 жылы оның 1,4 млн түбі ғана қалған. Тоқсаныншы жылдардағы тоқырауда, кейінгі бейберекет дүние бөліс кезінде де Алматының тау жағында алма ағаштары түгелдей оталып, орнына коттеджде түсіп кетті.

Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ҒЗИ-ның «Талғар» аймақтың филиалы ұсынған мәліметке сүйенсек, қазіргі сәтте апорт алқаптары көлемінің Алматы және Жетісу облыстарындағы жалпы аумағы 2 000 гектарды құрайды, өнімнің жалпы жиынтығы – 20 000,0 тонна шамасында.

Былтыр 10 өндірушіні қамтитын «Алматы апортын өндірушілер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі құрылды. Бірлестіктің мәліметінше, бүгінде өндірісте 150-ден астам адам жұмыс істейді, алдағы уақытта 300 адамды қамтиды. Өндіріс аумағы қазір 50 гектар десек, алдағы кезеңде 200 гектарға дейін ұлғаяды. Бұл апорт сортының бақтарын ұлғайтуға мүдделі болып тұрған шаруа қожалықтардың бастамасы. «Біз 2011 жылы Іле Алатауы, Жоңғар Алатауы және Тарбағатай мемлекеттік ұлттық табиғи парктердегі Сиверс алмасының популяциясынан 30 құнды формаларын іріктеп жинап алдық. Іріктелген формалардан ДНҚ бөлініп, молекуларлы-генетикалық талдау нәтижесінде 11 форманың апорт сортына жақын екені анықталды. Сол 11 формадан гермоплазмалық тұқым алып, одан соң тамырсабақ дайындалып, 2012 жылы Апорт сортына телініп көшеттік өсірілді. Аталған көшеттермен 2015 жылы 5 гектар аумаққа алма бағын отырғыздық», –дейді Сағи Сайранұлы.

Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ҒЗИ-ның «Талғар» аймақтың филиалы құрған эксперименттік бақ жемісін бере бастаған. Нәтижесінде, қоршаған ортаның күйзелістеріне, бактерялық күйік және тазқотыр ауруларына төзімді (молекулалық талдаулармен расталған) 1 сұрып-телітуші комбинациясы алынипты. «Осылайша, біз 2021-2022 жылдары алғашқы өнімді алдық. Бақтан алған бір алманың салмағы жарты келі тартты, жемісінің дәмдік және сапалық көрсеткіштері де өте жақсы. «Алматы апорты» сұрыбын қайта жандандыруда ғылыми-негізделген заманауи әдістердің көмегімен біршама нәтижеге жеттік және «сұрыпты жасарттық» деуге болады», – дейді филиал директоры.

Қазақ жеміс көкөніс шаруашылығы ҒЗИ соңғы 10 жылда Гранттық және нысаналы қаржыландыру бағдарламасы аясында 4 жоба іске асырған. Он жылдық зерттеулердің нәтижелері жас ғалым Сағи Солтанбековтің диссертациялық жұмысында жинақталған. Ғалым биыл «Алманың апорт сортын микроклондау, телітушілер таңдау арқылы жандандыру және оның негізгі ауруларға төзімділігін бағалау» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация қорғағалы отыр.

Сағи Солтанбековтің сөзінше, филиал жұмыстың келесі кезеңінде іріктеліп алынған апорт алмасын теңіз деңгейінен 900-1200 метр биіктікте көбейту, бақтар отырғызу қарастырылған. «Осындай биіктік белдеуінде өскен апорт бақтары жемістері ірі, дәмдік сапасы жоғары, хош иісті өнім бере алады. Одан төменгі белдеулерде болса жемістері ерте пісіп, еті борпылдақ болып кетеді, ал жоғары болса – өзіне қажетті қант мөлшері жиналмай, сапасы төмендейді.Біздің филиал Қазақстандағы атестацияланған көшеттіктердің бірі, алдағы уақытта аталған бағымыздан суперэлиталық көшеттер дайындаймыз. Алдағы 2024-2025 жылдарға халыққа, шаруа қожалықтарға, бағбандарға қажетті көшеттерге тапсырыс қабылдаймыз», – дейді ол.

Әрине, апортты көбейтіп, баяғы даңқын қалпына келтіру оңай шаруа емес. Оның үстіне, қоғамда апортты үлкен өндірістік тұрғыда өсірудің перспективасы жоқ, тек Алматының бренді ретінде, тарихи мифология ретінде ғана қарастырылмаса, нарықта бәсекелестігі төмен сорт деген пікірді айтып жүрген де мамандар бар. Десе де «алма піс, аузыма түс» деп қарекетсіз жатудың да жөні жоқ. Апорт – жер бетіндегі хош иісі мен шырынды дәмі қайталанбас бірегей жеміс. Қазақстан апорттың халықаралық нарықтағы құны мен атағын БҰҰ-мен бірлесе көтеруді көздеп отыр.

Бауыржан БАЗАР

Соңғы екі-үш күн болды, алматылықтар күндіз күлкіден, түнде тыныш ұйқыдан айырылды. Қаңтардың 22-нен 23-не қараған түні Алатау баурайында орын тепкен қала тұрғындарын шырт ұйқыдан оятқан жер сілкінісі көптің санасында үрей туғызды. Дәл сол түні қала іші баласын жетектеген анаға, абыр-сабыр жеңіл киіммен сыртқа қарай аптығып шыққан адамдарға, қала сыртына асыққан жандарға толды. Бірі үйін тастап туыстарына кетсе, бірі отбасына қауіпсіз орын іздеп әуре сарсаңға салынды. Былтыр Түркияда болған жойқын зілзала халықтың санасынан әлі күнге дейін өшкен емес. Онымен қоса, жаңа жыл басталған беттегі Жапониядағы жер сілкінісі тұрғындардың есінен шыққан жоқ. Бір қызығы, жер сілкінісінен кейін қала сыртына асыққан тұрғындардың қауқарсыздығын пайдаланып, такси құнын бірден көкке ұшырып жіберген азаматтар да кездесті. Дегенмен бойын үрей билеген жұртқа қолынан келгенше көмек көрсетіп, бір тиын да сұрамай, «балалармен болса, тегін алып кетемін» деп хабарлағандар да табылды. Иә, бұл түнді күллі қала жұртшылығы ұйқысыз өткізді.

Жүректі сақта, ЖЕР-АНА!

Елдар КАБА *(коллаж)*

АЯҚ-ҚОЛЫМ ДІРІЛДЕДІ ДЕ ҚАЛДЫ

Қаладағы жоғары оқу орындарының бірінде білім алатын студент Дана (есімі өзгертіліп берілді-ред) жұмысына байланысты университет қалашығында орналасқан жатақханаға тұрақтаған. Негізгі себебі де сол – жатақхананың қала орталығында орналасуы әрі бағасының салыстырмалы түрде төмендігінде. Алайда апта басындағы жер сілкінісінен кейін Дананың санасын үрей билеп алған. Жатақхананың бесінші қабатында орналасқан ол сілкініс байқалған бойда баспалдақпен сыртқа шығып үлгерген. Университет қалашығының іші дүрбелеңге түсті, дабылдың болмауы кесірінен жұрт дал болып, кейбірі естен тана жаздады. Бір түнде. Бір түнде жатақханаларға келген жедел жәрдем көліктерінің саны да жиілеген.

– Жер сілкінген кезде жатақханада болдым. Ұйқыға енді жатайын деп жатқанымда төсегім кенеттен қозғалып кетті. Басында түсінген жоқпын. Жер сілкінгенін сезгенде қолыма телефоным мен сырт киімімді алып, жалаң аяқ күйде ілінгенін киіп сыртқа қаштым. Осы уақытқа дейін жер сілкінетіні жайлы түрлі қауесетті естіп келдік. Бірақ бұлай қорықпаппын, шыны керек. Сол сәтте аяқ-қолым дірілдеді де қалды. Түсінгенім, адамның жаны расымен тәтті екен. Мұндай сәтте ештеңенің маңызы болмай, басыңды аман алып қалудың қамын ғана ойлайсың. Сілкініс басылғанша, жатақхана сыртында болдық. Сосын группаластарыммен жатақхананың 1-қабатында отырдық. Өйткені дала сондай суық болды. Шынымды айтсам, таңғы 5-ке дейін көз ілмедім. Ешкімнің көмегіне жүгінбедім. Жатақхана қызметкерлері сақ болуымыз керек екендігі ескертті, – дейді әлі күнге дейін қорқынышпен өмір сүретін Дана.

Алматы – еліміздегі сейсмикалық қаупі жоғары қала. Бүгінге дейін алып шаһар бірнеше жойқын зілзаланы басынан өткерді. Солардың алғашқысы қала Верный аталған уақытта осыдан 137 жыл бұрын, яғни 1887 жылы 28 мамырда тіркелген жер сілкінісі. Таңғы бестер шамасында басталған зілзаланың күші 7,3 балды құрады. Кейбір деректерде «Верный апаты» деген атаумен қалған қайғылы оқиғада 332 адам опат болды. Осыдан кейін қаладағы ғимараттардың көбі ағаштан салына бастады. Оған дәлел әзірге дейін сақталған, мемлекет қорғауына алынған қаладағы ескерткіштер. Ал шаһардағы келесі жойқын зілзала 1911 жылы 4 қаңтарда болған. Қарап отырсаңыз, екі жер сілкінісінің аралығы – 24 жыл. 9 балдық жер сілкінісі 44 адамның өліміне себеп болды. Адам шығынынан тыс қаланы әп сәтте қиратқан жер сілкінісі тарихта «Кеминдік» деген атаумен таспаланды. Деректерге сүйенсек, апаттың салдарынан қала ішіндегі көшелер қақ айырылып, 780-ге жуық үй жермен-жексен болған.

ЖАҚЫН КҮНДЕРІ ЖОЙҚЫН ЖЕР СІЛКІНІСІН КҮТПЕЙМІН

Қаңтар айының басында Алматы қаласында болуы ықтимал жер сілкінісі туралы ақпарат тараған еді. Кейінірек ел ішін жылдам шарлаған хабарламаға қатысты Сейсмология институты мен ТЖД өкілдері арнайы мәлімдеме жасап, блогерлер дерегінің ғылыми негізі жоқ екенін атап өтті. Одан өзге эколог, қоғам қайраткері, Табиғат экологиялық қозғалысының төрағасы Мәлс Елеусізов Алматы қаласында кез келген уақытта 12 балдық жер сілкінісі болатынын ескертті. Үлкен апаттың әр жүз жылда қайталанатынын негізге алған ол жер сілкінісінің уақытынан асып бара жатқанын, сондықтан кез келген уақытта ірі зілзаланың болуы мүмкін екенін айтты. Экологтың пікірінше, жер сілкінісі 12 балға дейін баратын бес мемлекеттің ішінде біз де бармыз. Сантүрлі болжамға толы ақпаратты сіңіріп алған халық санасында осыдан кейін күдік пайда болған сыңайлы. Алайда таяуда болған жер сілкінісінен соң Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті алдағы уақытта Алматыда 70 пайыз ықтималдықпен зілзаланың болмайтынын хабарлады. Сонымен қатар сейсмологтар да қалада жақын күндері қатты жер сілкінісі болмайтынын алға тартты. Осы жөнінде толығырақ ақпаратқа көз жеткізу үшін сейсмология ұйымдарының жетекшісі Мұхтар Хайдаровпен байланысқа шықтық. Сейсмолог сарапшы әлемдегі алпауыт елдердің деректерін мысалға ала отырып, жақын күндері жоғары шкаладағы жер сілкінісінің болмайтынын жеткізді. Дегенмен бұл ұзақ мерзімге жасалған болжам емес екенін де қоса ескертті.

– Жақын күндері жойқын жер сілкінісін күтпеймін. Қазір Америка, Қытай, Еуропа елдерінің ашық сайттарында жер сілкінісіне қатысы деректер көрсетілген. Осыдан 15 минут бұрын не жағдай болғаны жайлы толық ақпаратты лезде шығарып береді. Мен сол мәліметтерге қарап отырып, Алматыға ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ деп бағамдадым. Сейсмолог мамандар циклдың екі түрі бар дейді. Біріншісі 500, 700 жылды қамтиды. Біздің өміріміз қысқа ғой, сондықтан бұл циклға аса мән бермейміз. Екінші цикл 25 жылды құрайды. Қала тарихында болған жер сілкінісін мысалға алайық. Олар 1887, 1889, 1911 жылдары болды. Арасында 24 жыл уақыт бар. Сол бір цикл болып саналады. Әлем тарихына назар аударсақ, 1906 жылы Сан-Франциско қаласы қирап қалды. 2004 жылы Индонезиядағы жер сілкінісінен 300 мың адам қырылды. 2008 жылы Қытайда магнитудасы 8 балл болатын жер асты дүмпуінен 75 мың адам қаза тапты. Онымен қоса, 2011 жылы Фукусимадағы апаттың салдарынан қырылып қалғандар саны көп болды. Соңғысы бәрімізге жақсы таныс былтыр Түркиядағы үлкен зілзала. Мен тізіп айтып шыққан оқиғалар – әлемде болған күшті жер сілкіністері. Мұның барлығы 25 жылдың циклы. Бұл расымен дәлелденген болса, циклдың соңына жету үшін 5-6 жыл уақыт бар деген сөз, – дейді ол.

> *Жер асты дүмпуінен кейін қаладағы жер үйлердің саудасы қызып тұрғандай дерсің. Онсызда көптің қалтасын көтере бермейтін Алматыдағы жер үйлер мен төменгі қабатта орналасқан пәтерлердің бағасы қазір тіптен шарықтап тұр. Сілкіністен шошынған халықтың жалғыз таңдауы да сол – қауіпсіз жер үйлер. Алматыда бір күннің ішінде саяжай мен жер үйді жалға алғандар саны төрт есеге өскен.*

ТӘРТІПТІ ХАЛЫҚ ТЫҒЫРЫҚТАН ҚҰТЫЛАДЫ

Сейсмолог сарапшы Мұхтар Хайдаров жер сілкінісінің алдында ешқандай ақпараттық саясаттың жүргізілмегенін айтып ашынды. Маман Қазақстандағы сейсмологтардың біліктілігі мен тәжірибесіне де күмәнмен қарайды.

– Президент Алматы қаласындағы сапарында жауапты тұлғалардың ақпараттық тұрғыда жұмыс атқармағанын айтты. Алдын ала ескерту жүйесі істемей қалды. Олқылықтың орнын толтыру үшін мықты сейсмологиялық қызмет болу керек. Онда істейтін мамандардың бар жоғы 2-3 жылдық емес, 20-30 жылдық тәжірибесі болуы міндетті. Жер астындағы сейсмикалық толқындардың кинематикасын, әрбір толқынның күшін білуі тиіс. Кем дегенде 20 жыл зерттеумен айналысуы маңызды. Өкінішке қарай, мұндай жұмыстарды ешкім істеген жоқ. Алдын ала ескерту жүйесі өзге мемлекеттерде де болған. Бірақ жер сілкінісін болжау өте күрделі болғандықтан, ескерту жүйесінің нәтижесі болған жоқ. Елімізде жауапты мамандар ақпараттық саясат ісін толыққанды атқармады. Ақпараттық саясат дегеніміз – халықты оқыту, жер сілкінісіне алдын ала дайындау және т.б. Ақпарат уақытылы жетпегендіктен, қарапайым халық сасқаннан не істерін, қайда барарын білмеді. Кез келген ұйымның жұмысында мақсат болмаса, оның нәтижелі болуы екі талай. Өкініштісі, елімізде білікті сейсмолог мамандар мүлдем жоқ. Қанша маман бар екенін санап айту үшін бір қолдың өзі жеткілікті, – дейді сейсмолог сарапшы.

Осы тұста Мұхтар Хайдаров 2011 жылғы жер сілкінісі мен цунамиден кейін Жапонияның жинаған тәжірибесі мен білімін мысалға алып, олардан көп нәрсені үйренуге болатынын айтты.

– Жапониядан біраз нәрсе үйренуге болады. Біріншіден, тәртіп дер едім. Тәртіпті ұстанған халық алысқа барады. Екіншіден, Жапонияның халықты жер сілкінісінен қорғау стратегиясы жақсы дамыған. Жапондар ең алдымен жер сілкінісіне төтеп бере алатын жоғары сападағы үй салумен айналысып жатыр. Зілзала болған сәтте халық биік ғимараттарға жүгіреді екен, сенесіз бе? Өйткені биік үйлер мықты тұрғызылған. Жапонияда салынған үйлердің бағасы бізден әлдеқайда қымбат шығар. Бір қызығы, жапондар қысқа мерзімді, орта мерзімді жоспармен аса айналыса бермейді. Өйткені олардың экономикасы тұрақты түрде жолға қойылған. Бір минут бір орында тұрып қалса, банкротқа ұшырайды. Олар экономикасын бір сәтке де тоқтата алмайды, сондықтан болжам жасаудан қашады. Ал бізге қашудың қажеті жоқ. Себебі экономикамыз, орналасқан аумағымыз басқа, – деп сөзін түйіндеді М.Хайдаров.

САЯЖАЙ МЕН ЖЕР ҮЙДІ ЖАЛҒА АЛҒАНДАР САНЫ ТӨРТ ЕСЕГЕ ӨСКЕН

Жер асты дүмпуінен кейін қаладағы жер үйлердің саудасы қызып тұрғандай дерсің. Онсызда көптің қалтасы көтере бермейтін Алматыдағы жер үйлер мен төменгі қабатта орналасқан пәтерлердің бағасы қазір тіптен шарықтап тұр. Сілкіністен шошынған халықтың жалғыз таңдауы да сол – қауіпсіз жер үйлер. Алматыда бір күннің ішінде саяжай мен жер үйді жалға алғандар саны төрт есеге өскен. Сондықтан тұрғындар тарапынан сұраныс артқан сайын пәтер құны да өсіп барады. Жер үй бағасының артқанын риэлтор маман Саяжан Мұханова да жоққа шығармайды.

– Қазіргі уақытта жер сілкінісінен кейін көпқабатты үйлерге сұраныс жоқ. Керісінше, жоғары қабатта орналасқан тұрғындардың бойында қорқыныш пайда болып, «жер үйге қалай көшсек болады?» деген сұрақ мазалай бастады. Маған жақында 10-15 қабаттағы тұрғындардан жер үй алу мәселесі бойынша қоңыраулар келіп түсті. Бірақ сұраныстың артуына байланысты жер үйдің бағасы сатып алу немесе жалға алу үшін 10 пайызға өсті. Кеше ғана тұтынушымның сұранысы бойынша жер үй іздедім. Кешкісін қарағанымда жер үйлердің бағасы 500 мың теңге болған, ал таңертең 600 мың теңгеге көтерілген. Жер сілкінісінен кейін көпқабатты үйлерге байланысты шешімін өзгертіп, таңдаудан бас тартқандар кездесті. Тіпті, жер сілкінісі болған түні отбасылы азамат «Жер үй іздеу керек, оныншы қабатта үш баламмен қалдым» деп хабарласты. Отбасына, балаларының болашағына жауапкершілік алған қаншама ата-аналар жер үйге көшкісі келеді. Көбіне бесінші қабаттан жоғары орналасқан тұрғындарда шамалы қорқыныш бар. Тіпті, сілкіністен кейін жер үйді жалға алып, сонда әлі күнге дейін тұрақтап жатқандар бар, – дейді риэлтор.

Риэлтор сұхбат барысында үйді сатып алар алдында оның қанша балдық жер сілкінісіне төтеп бере алатыны жөнінде ақпарат құжатта көрсетілмейтінін, ақпарат толық берілсе де, қазіргі ғимараттардың сапасы сын көтермейтінін ашып айтты. Оның сөзінше, егер жер сілкінісі бірнеше минутқа жалғасатын болса, үйлердің аман қалуына ешқандай кепілдік жоқ.

– Шыны керек, үй сатып алар алдында оның қанша баллға төтеп бере алатыны жөнінде ақпарат құжатта көрсетілмейді. Бастапқыда презентацияда көрсетілуі мүмкін. Бірақ соның өзінде сапасы берілген мәліметтерге сай келмейді. Мәселен, қаладағы Абай көшесінде орналасқан 15 қабаттан жоғары тұрғын үйлер қораптан салынған сияқты. Сондықтан тұрғын үй осыншама баллға қарсы тұра алады деп айту қиын. Қазіргі салынған ғимараттар қатты сілкініске шыдамайды. Бір жақсысы, кешегі жер сілкінісі бірнеше секундқа ғана жалғасты. Мен тіпті киімдерімді жинап үлгерген жоқпын. Заттарымызды жинап сыртқа шыққалы тұрған сәтте сілкініс басылды. Негізі қаладағы ғимараттар қанша жерден мықты деп айтылса да, кейінгі салынған тұрғын үйлердің көпшілігі сілкініске төтеп бермейді. Кейбір тұрғын үйлерде адамдардың дауысы, жүгіргені көрші үйлерге анық естіліп тұрады. Расын айтанда, алматылықтар қатты сілкініске рухани әрі материалдық тұрғыда дайын емес, – дейді қаладағы ахуалға алаңдаған С.Мұханова.

Мегаполис тұрғындарының көңілі әлі күнге дейін байыз тапқан жоқ. Әр түн сайын алматылықтарды «жойқын зілзала болып, өліммен бетпе-беп келмеймін бе?» деген ой мазалайды. Қалада 2-3 балл аралығындағы жер асты дүмпулері қазір де сезіледі. Сейсмологиялық бақылау және зерттеу ұлттық ғылыми орталығының директоры, сейсмолог Дәулет Сәрсенбаев жойқын жер сілкінісінің болмайтынына 100 пайыз кепілдік беретінін, түнде 5 балды көрсеткен сілкіністен жоғары балды дүмпу болмайтынын, керісінше тербеліс күші кеми беретінін айтып сендірген еді. Алматыдай алып шаһар орын тепкен жер анамыз қашанға дейін зілді мінезін көрсетер екен?! Уақыттың еншісіне қалдырайық...



Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».
Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады, шаққан жері жара болады».
Оспанхан Дубәкіров

АРА

«Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім».
Сейіт Кенжеахметұлы

№152

27.1.2024 ж.

«Айқынның» сатиралық қосымшасы

МЕН ОСЫ КІММІН?

Үйде алаңсыз төбеге қарап, мұрнымды шұқып отыр едім:

– Сендей қорқақ адамды көрсем, көзім шықсын, – деп әйелім төбеден түскендей қойып қалды. Мұндайы жоқ еді, таңғалдым.

– Басыңды бағанаға соғып алдың ба? Мұның не? – дедім.

– Қорқақ екенің өтірік емес, жұрттың байлары қос-қостан банктен несие алып қоңданып, байып жатыр. Сенің отырысың мынау қара жүнді қарға құсап, саған тұрмысқа бекер шықтым, одан да орысқа тигенім жақсы еді, – деп, көктіктен жылап жіберді. Көзінің жасы тырс-тырс етіп еденге тамшылады.

– Жоқ, олай демеңіз. Менің қорқақ екеніме бұл нақты дәлел емес, – деп есікті тарс жауып сыртқа шықтым. Намыстан ішім өртеніп, тамағым кеуіп барады. Тіпті, борбайым терлеп кетті. Аулада шешем тауыққа жем сеуіп жүр екен, содан сұрадым:

– Апа, мен осы кіммін?

– Қорқақсың, – деп апам бетіме айтып салды. Желкем тоқ ұрғандай зың ете қалды. Бұл сөзді не үшін маған айтады?

– Неге? – дедім басым кетіп.

– Кеше алақандай жеріне көршінің аузы салпиған қабаған иті кіріп кеткенде міз бақпай, үйде теледидардан футбол қарап отырдың. Сол итті қақ маңдайдан таяқпен ұрып құсаң қайтеді?

– Ой, апа-ау, ит деген жеті қазынаның бірі ғой.

– Бүгін аулаңа кірсе, ертең ол ит үйіңе кіріп төрдегі бала-шағаңды талап тастаса қайтесің?

– Апа, енді футболдың нағыз шешуші кезеңіне келгенде қалай барамын?

– Әй, төбеңе біреу түкіріп кетсе де қозғалмайтын біреусің, – деп апам теріс айналды. Бұларға не болған? Шынымен мен қорқақпын ба? Аула сыртында отырған әкеме бардым.

– Әке, мен қорқақпын ба?

– Әрине, қорқақсың. Сендей айтар ойы жоқ сүмек адамды көрсем көзім шықсын. Өз көлеңкеңнен өзің қорыққан бірдеңесің ғой, әйтеуір...

– Сонда елдің бәрі батыр ма?

– Сен, өзіңе жауап бер. Бір баладан кейін келін де тумай қалды. Баланы қалай асыраймын, – деп қорқасың ба?

– Жоқ.

– Кеше үйдің бұрышына құтырған өгіз сүйкеніп тұрғанда, сен мәз болып қарап тұрсың. Әрең тұрған жаман үйдің шаңырағы ортасына түссе қайтесің?

– Ту, әке қазір жер көп қой, үйді басқа жерден тұрғызамыз.

– Иә, аларсың атауыңды, су жүрек, – деп әкем, ашуланып қалды. Немене, бұлар бір-бірімен ақылдасып алған ба? Содан жүйкем қозып, көшеге шықтым. Жұрттың бәрі маған «әй, қорқақ не істеп жүрсің?» дегендей көрінді.

Ауылдағы жалғыз дүкеннің алдында Мәток деген ақсақал сақалын санап отыр. Таң атқаннан кеш батқанға дейін осы араны күзетеді. Өйткені ол бұрын совет заманында атақшы дүкенші болған еді.

– Ассалаумағалейкум, ата!

– Молда бол айналайын, амансың ба?

– Шүкір, шүкір, сізден бірдеңе сұрасам бола ма?

– Не сұрайын деп тұрғаныңды білемін, сен қорқақсың, – деп төбемнен дүрс еткізді.

– Сіздің бұл айтқаныңызға келіспеймін.

– Бар, бар, саған баяғының жау жүрек батыр жігіттері болу қайда? – деді.

Үлкен кісіге не айтасың, үндемей зыттым. Бұларға не жаздым?..

Япыр-ай, шынымен мен, қорқақпын ба?

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

ДАЛБАҢДАП ДАМБАЛШАҢ

ДАЛАҒА ҚАШҚАН ДӨКЕЙ

Есік сарт етіп ашылып, ішке толған айдай толықсыған Меңдігүл кіріп келгенде Бәкен Сәкенович селк ете түсті.

Өйткені ол жаңа ғана хатшы қызға: «жиналысқа дайындаламын, әкімнің өзі келсе де кіргізбе» деп қатаң ескерткен. «Бәкен Сәкеновичтің үстінен кіріп келетіндей бұл қай жүрек жұтқан жанкешті болды екен?» деген бір ой қылт етіп бас көтерген. Өзін құдайсынған жан не ойламайды? Сөйтсе...

Сөйтсе, алпыстың үстіне шыққанда махаббатын маздатқан Меңдігүлі екен ғой. Ат шаптырым кабинеттің есігінен төріне жеткенше шалда шыдам қалмады. Оқтай түзу балтыр былқ-сылқ етіп кәрі көзінің құртын жеп барады. Теңселе басқан жүрісінде қыздың «жігітіне» деген назы басым.

Едәуір ашықтау омырау «мені көрдің бе?» дегендей жалт-жұлт етеді. Керме қас, қызыл ерін, алма бет, аққу мойын осылардың барлығы қосылғанда жиырмадан енді асқан бойжеткеннің бағасын аспандатып тұр. Оның үстіне, Меңдігүл әлемдегі ең қымбат иіссуды ақ тамаққа аямай сепкен-ақ екен. Бәкен Сәкенович атын шатастырып ала беретін беттегі кремнің керемет хош иісі тағы бар. Тегі, қор қыздарының өзінде мұндай сымбат, мұндай жұпар иіс болмас. Бәкен Сәкеновичтің басы бақыттан айналғандай болды. Меңдігүл шие ерінін бүрістіре келіп, Бәкен Сәкеновичтің орашолақ тракторшы айдап кеткен жері сияқты қыртыс-қыртыс, бүдір-бүдір безеу бетінен емірене сүйгенде суала бастаған саусақтар қыздың нәзік беліне қарай шөл жыланындай сумандап бара жатты. Қыз суық саусақтардан секем алмады. Қайта әлсіз қол өзіне тартқан, сөйтіп жыланға арбалған балапандай шал құшағына құлай берді.

– Меңдеш-ау, сағындырдың ғой...

– Сағынбасын деп келіп тұрмын ғой алдыңызға.

– Бұл жерге келе берме деп едім ғой. Кім біледі... Сотовый телефоннан хабарласайық па? Қалаған саунаңа заказ беріп қоятын едім ғой.

– Жаным-ау, мені тіптен сағынбағансыз ба? Тіптен, үркіп отырсыз ғой. Өткен жолы мына демалатын бөлмеде-ақ...

– Хатшы қыз бірдеңе сезген сияқты...

– Сезе берсін. Тіліне ие бола алмаса жұмыстан қумайсыз ба?

Бәкен Сәкеновичтің бір осал тұсы осы – хатшы қыз. Кезінде «үлде мен бүлдегел ораймын» деп ол қызғалдақты да ерте үзген-ді. Енді міне, шырынын сорып, қабығын лақтырып тастаған жеміс сияқты бағасы кетіңкіреп тұр. Бірақ шалды уысынан ерте шығарып жіберетін ол да осал жау емес. «Алжыған қақпас, мұныңды алдыңа бір келтіремін» деп жоспар жасап отыр.

– Оны жұмыстан қуа алмаймын ғой.

– Неге?

– Негесі несі? Ол – бір үлкен кісінің қарындасы.

– Өтірік. Ана жолы екеуміз мына бөлмеде махаббатпен айналысып шыққанда, түрі өрт сөндіргендей бұзылып кеткен екен. Сіз шалбарыңызды кие алмай бөлмеде бөгеліп қалдыңыз, ана хатшы қаншық мені буындырып өлтіріп қоя жаздады.

– Сол жолы неге айтпадың?

– Оған шама болды ма? Жүргізушіңіз келіп қалып мені жетелей жөнелген жоқ па?

– Жарайды. Әңгімені көп созба. Неге келдің?

– Сауда орталығынан 2 000 доллар тұратын қыстық пальто көрдім. Бірге барып алайық. Өзі маған құйып қойғандай.

– Мен қазір бос емеспін. Өзің ала бер. Бүгін кештеу шығармын. Өткендегі саунаға сағат онда кел. Жүргізушімді жіберем. Пальтоны сонда жуамыз.

Меңдігүл мыжырайған шалдың мыж-тыж, алқам-салқам, шешектен қалған жараның орнындай қорқынышты қара таңбалы бетінен алма-кезек сүйді де бір уыс долларды қол сөмкесіне сұңгітіп, сыртқа емтиханнан бестік алған студенттей екі беті алаулап жүгіре шықты.

Хатшы қыз аяғын тосып үлгеріпті. Меңдікүл кілем үстіне етпетінен түсті. «Сөмкедегі олжадан айырылып қаламын» деді ме, ауырсынса да орнынан ұшып тұрып, хатшы қызды бүйірінен «ыңқ» еткізіп бір тепті. Ол да осал жау емес көрінеді, бастығының алдынан бұрқырап шыққан «күндесінің» кеңірдегінен ала берді. Төбелес басталып кетті.

Айқай-шуды, сынған, ұшқан заттардың дауысын естіп басқа бөлмелерден қызметкерлер жүгіріп-жүгіріп келіп қалды. Ата-бабаларынан қалған кектері бардай екі жезтырнақ бір-біріне желімдей жабысып қалған екен. Екеуінің арасын лом, күрек әкеліп жүріп жұрт зорға ажыратты.

Бәкен Сәкенович ештеме естімегендей бөлмесінде былқ етпей отыра берді. Қызкеліншектер беттерін шымшысып, еркектер иықтарын бір-бір қозғап тарқасты.

Ертесіне хатшы Кермеқас ауруханаға түсіп қалды. Орнына есепшілер бөлмесіндегі компьютерші Айжан уақытша отырды. Кермеқастың сырлас құрбысы еді. «Егер ана Меңдігүл Бәкеңе келсе, маған телефон соқ, көрсетейін оларға», – деп ол Айжанға құпия тапсырма берді. Кермеқастан кедергі болмаған соң Меңдікүл келуін жиілетті. Ішке кіріп кетіп, бастықпен ұзақ әңгімелесетін болды. Меңдігүлдің осындай бір келісінде Бәкен Сәкенович: «бізге ешкімді кіргізбе, бір маңызды мәселені шешкелі жатырмыз», – деп ескертті Айжанға. Айжанға да керегі осы. Кермеқас тікелей жеңгейдің өзіне...

Бәкен Сәкенович алқынып жатқанда тура үстінен бәйбішесі түседі деп ойламапты. Осындай ұяттылау тірлікпен айналысқысы да жоқ еді, Меңдігүлдің мекіреңген үні еркін алып, есінен шатыстырды емес пе?

Далаға дамбалшаң қашып шыққан Бәкен Сәкеновичті көргенде дағарадай мекеменің дап-дардай қызметкерлері үрпиісіп-үрпиісіп қалды. Жүргізушісі ылдым-жылдым екен, ақ «Волгаға» отырғызып бастығын ала қашты. Меңдігүлді қызметкерлер ашық-шашық талып жатқан жерінен тауып алып, ауруханаға жөнелтті. Алғашқысында бөлмеге еркектер кіріп көрді. Ессіз жатқан қызға қарап он еркек ауыздарынан суы құрып елу минуттай есеңгіреп тұрып қалды. «Ойпырым- ай, осындай да сұлулық болады екен-ау» деп бас шайқасты.

Бәкен Сәкенович сол кеткеннен реанимацияға түсті. Жұрт оны «жұмысқа қайта келмейді» десіп жүр. Кім біліпті? Небір қиыннан жол таба білетін Бәкен Сәкенович қой ол. Ауруханада да «маңызды мәселе» талқылап жатқан шығар. Өйткені оны бүгінде «басқа мекемеге бастық болады екен» деген де сыбыс шығып қалды.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

«БОЛЬШАЯ МАМА»

Бұлар Әжелер емес. Кеңес заманында кеңседе қызмет істегендер. Қоғамға белсене араласқандар. Коммунистік жиналыста дес бермей сөз сөйлеп, активист болғандар, яғни ерлермен иық тіресіп, өздерінің айтуынша, «еркек болып» кетпегендер. Бірақ бір-екі баланы дүниеге әкеліп, оның тәрбиесін күйеуіне беруге намыстанып, «туған да өзім, асыраған да өзім» деп жар салғандар.

Кеңес заманының барлық әйелдерге берілген құқығын асыра пайдаланғандар. Жарықтық ол заманда әйел де, еркек те қатарласа ішіп, қатарласа құлай салатын еді ғой. Осы бір бақытты шақтарды басынан өткізген бас Әжелер әңгімеміздің қаһармандары еді..

Осы Әже болғысы келмейтін нағыз қаһармандарымыз қашса, құтыла алмайтын зейнет жасына шыққанда қатты күйзеліске ұшырады.

– Ойпыр-ай, отбасына үйренбеген едік, қоғамнан бөлініп енді не істейміз? – деп қайғырды. Сен қайғырған екенсің деп қарайтын қоғам ба, «Зейнетке шықтың ба, сау бол ендеш» деп, бір тал гүлдерін беріп шығарып салды да, есіктерін тарс жауып, қайыра ашпай қойды.

Бұл аналарымыздың тіпті немере бағуға да икемдері келмеді. Әрі олардың ықыластары да аумады. Немерелер де бала емес пе, жабысып «Әжелей» бастаған. «Әже» демекші, алғаш осы сөзді есіткенде бір әжеміздің денесі мұздай болып кетті.

– Ненадо так говорит, – деді немерелеріне жақтырмай.

– Шындығында, по правде бабушка

– Ажесіз, – деп баласы түзеп еді. Айналайын келіні ара түсе қалмасы бар ма?

– У нас мама еще молодая. Пусть Ерик назовет Маму «Большая мама», а Папу «Большой Папа» деп жол тауып берді. Сөйтіп, бұл жас болғысы келетін Әжелер «Большая мама» деген атауды немерелеріне үйретті.

Большая мамалар бастарына ақжаулық тартайын десе, «кемпір» болып қаламыз деп қорықты. Жаланбас, жаланаяқ, кеуделерін бұрынғыдай ашып тастап, ішкен коньяктарын ауыздарынан тастамай, өздеріндей зейнетке шыққан подругаларымен бас қосып жүрді.

Содан бергіде біраз уақыттар өтті. Жақында Большая мамалар мен Большой папалар 70 деген жастың қырқасына шыққанын тіпті білмей қалған ғой. Осы дөңгелек жетпіс «ыңғайсыз» жағдайға тап қылып, жүректерін ауыртты.

Айнаға қараса, астапыралла, бұрынғыдай емес. Шаш болса, анау селтиіп. Бояуын боятып-ақ отыр мөп-мөлдір ғып тұнық қоңырға. Сонда да басқа жарасып тұрғаны шамалы. Көздің алды көлкіген. Осы косметологтар да жаны ашымайды. Кеше ғана бетті түзеген сияқты еді, қыруар ақша алып, бүгін әжім басқан бет орнында қайта тұр. Бір Большая мама осы күйіктен марқұм болды. Екіншісі ауруханаға түсті. Үшіншісі «бақытты шақты» еске алып, ойланып отырған. Есік қоңырауы шылдырлады. Көршісіндегі жас келіншек екен.

– Әжей, үйде екенсіз ғой. Қандай жақсы болды. Сіз бір-екі күнде ешқайда кетіп қалмайсыз ба? – деп іші-бауырына кіріп барады. Өзі «Большая мама» рұқсат етпей-ақ, ішке бірден кіріп алды.

– Оның сізге не керегі бар еді? – деді дүңк етіп Большая мама, – әже деген қаратпа сөзді әзірейілдей көріп жақтырмай.

– Әжей, кешіріңіз, мені. Бейсенбіде аруақтарға құран оқытып, бата жасатуға ниеттеніп едім. Бұл жерде үлкен кісілер аз екен. Сіздерден басқа. Әкей құран оқи алса, құран оқып, аруақтарға бата жасап дегендей, өтінішпен келіп едім, бейсенбі күні түсте, құдайы көршіміз ғой... – деп күмілжи тіл қатты келіншек.

– Қарағым, бізде не жұмысыңыз бар. Құран оқытсаң, мешіттен шақырмайсың ба молдаларды? Біз құран оқу білмейміз...

– Мешіттен шақырдық, молдалар болады. Сіздер көршіміз болған соң, батаның арасында болсын деп едік... Үлкен кісілер болған соң... Қарсы есіктегі №19-пәтер ғой. Келіңіздер, күтеміз, рақмет, әжей, – деп келіншек шығып кетті.

– Вот, дает, а?! «Әже» дейді. Құран оқитын жерге шақырып отыр. Ендігі қалғаны осы еді, маған. Ақ-қақ-қақ! Ақ-қақ-қақ! Ақ-қақ-қақ! Ақ ых! – деп Большая мама көз жасын көл қылып, жыласын келіп. – Мені кемпір қылғысы келеді. «Әже» дейді жап-жаман қылып, оңбаған, а?

Большая мама содан тұрмай, қатты ауырып қалды. Большой Папа кемпірін жұбатты.

– Сен әлі жассың. 70-ке келді деп сені ешкім де айтпайды. Биік өкше туплиің бар ғой, соны ана импортный шляпаңмен киіп шықсаң, мүлде 40-тағы қыздар сияқтысың. Қазіргі жастар біртүрлі. Бәрі адамның көңіліне қарамайды. Кейбірі дінге беріліп кеткен милары ауысып. Шақыра берсін, бармаймыз, соған бола... Тек басынды көтерші.

– Знаешь, құран оқитын кәрілер деп оскорбить етіп отыр емес пе? Оскорбляет меня и тябя... Да... да... такие оскорбительная слова не переношу... Я не старая... Ненавижу, я старость. Ненавижу, – деп өкірді Большая мама.

Қан қысымы көтерілді. «Жедел жәрдем» шақырылды. Дәрігерлер келді. Большая мама ауырып қалу себебін өзін құдайыға шақырған келіншектің кесірі деп, келген дәрігерлерге барлық айтылған сөзді тәптіштеп жеткізді. Большая мамаға тыныштандыратын дәрі салынды.

– Кәрілік деген неше түрлі болады, қызық, – деп күлді дәрігерлер шығып бара жатып бір-біріне.

– Біздің мамамда явно кәріліктің синдромы, – деп күлді баласы мен келіні келесі бөлмеде шәй ішіп отырып.

Өріс ЯШҮКІРҚЫЗЫ

НЕ ӨМІР! НЕ ӨЛІМ

Өмірі акшасының тиын-тебенін санап, жыланып жүретін Жұрнақ дәріханадан бір дорба дәрі алып, үйіне келді.

– Үһ, денем қалтырап, аузым кебірсіп, тұла бойымнан әл кетіп үйге әрең келдім ғой. Жолда өліп қалам ба деп едім, су әкелші, су, – деп әйеліне бишара қаліппен қарады.

– Үйден шыққанда сап-сау едің ғой, – деді 40 жыл отасқан әйелі Күйкентай күйеуінің сәл нәрсеге жыларман болатын мінезін біліп. – Әжептеуір тамақ ішіп кеттің. Әлсіреп әлің құритындай.

– Мені шаршатып әлсіреткен мына бір дорба дәрінің құны. Құдай-ау, жарты қойдың етінің бағасына дәрі алып келдім. Удай-ау, удай! Қымбаттап кетіпті. Алмайын десең, өліп бара жатсың ауырып, алайын десең, күллі ақша осы дәріге жұмсалады.

– Сен де қызықсың! Осы дәріні дәрігерлер айтса ала беретінің не? Дәріні ішпесең өлетіндей ауруыңды байқап жүрген жоқпын. Іше бересің, іше бересің не болса соны. Телебізірде жарнамалап нені айтса, соны аласың?

– Оу, сақтансаң сақтаймын деген Құдай да. Айналаның бәрі біртүрлі аурулар. Бұрын Ковид деп еді. Енді оның басқа түрі дейді. Тұмау сияқты денені әлсіретеді дейді. Мұрынды бітеп тастайды екен. Көзден жас ағызады. Әлсіретеді дейді. Жаңа өлейін деп келген жоқпын ба? Асқазаным ол да дұрыс емес сияқты. Бұрын шұжық жегенде ауырмайтын. Қазір ауырады. Шөлдеймін, таңдайым кеуіп.

– Ау, шұжықта тұз көп. Шөлдетпей қайтеді ол. Ет тағамдарын байқап жеу керек десем болмайсың.

Жұрнаққа әйелі алара қарады.

Жұрнақ өте сақ. Дәріханадан әкелген дәрілерді лупамен асықпай оқып алады. Қалай ішу керек, дәрілермен әркеттесуі қандай әсер береді. Ұзындығы екі метрге жететін дәрілік нұсқауларды ерінбей бір күн оқиды.

Сол нұсқауды қалт жібермей қабылдайды. Дәріні қабылдауды ұмытпау үшін сағатына қоңырау қояды. Қоңырау шырылдағанда екінші рет қабылдауды бастайды. Бұл жағынан өте пысық. Соны білетін әйелі Күйкентай бір дорба дәріні екі күн оқитын болды ғой деп қасынан кетіп қалған. Бір уақытта Жұрнақтың:

– Ойбай, қатын обай! Ойбай-ай! Ойбай! Әкеңнің аузын мына фармацевтерді қайтсем екен, ә?! – деген жан дауысы шықты.

Күйкентай жетіп келді.

– Не болды сонша, қатындарша ойбайлап? – деді бірден.

– Міне, мынаң қара! Оқышы, былай деп ескертіпті.

– «Бұл дәріні ішсең, өзіңе қол жұмсауың, суицидтік мінез-құлық пайда болуы мүмкін» депті. Бекер алыппын мен. Құдай-ай, бақандай 5 мыңның дәрісі бұл. Енді не істедім? Оқыш, міне оқыш мына жерде сана шатасады дегені тағы бар. «Депрессиялық синдром пайда болады» депті.

– Қандай дәрі алғаның сатып, көрсетші маған? – деп әйелі қасына жақындады.

– Гептрал деген дәрі. Саудалық атауы да сондай.

– Мұны неге алдың?

– Ау, асқазаным біртүрлі болып жүрген соң алған жоқпын ба?

– Дәрігерге барған жоқсың. Көрінген жоқсың. Олар саған бұл дәріне іш деп айтқан жоқ, неге сатып аласың?

– Телебізірде осы дәріні дәріптеп күнде беріп жатқан жоқ па?

– Ендеше іш! – деді әйелі ашуланып.

– Әй, сен менің өлгенімді қалап тұрсың ғой. Өзіне өзі қол жұмсап өлді де қалды деп қуанып сен отырасың. Мен өлем де қалам. Саған осы керек пе?

– Мен әкеліп берген жоқпын, өзің барып алдың ғой. Маған неге айқайлайсың?

– Мына дәріні удай ақшаға сатып алған не істеймін деп тұрғаным жоқ па?

– Ендеше лақтыр далаға! Ішпе! Тағы қандай дәрі алдың? Оны да дәрігердің нұсқауынсыз алдың ба? – деп, әйелі дорбадағы дәрілерге қолын созып елі, Жұрнақ дереу дорбаны өзіне тартып алды.

Артынша Жұрнақ тағы айқайға басты.

– Әй қатын бері кел! Менің көзім көрмей қалды. Бағана көзге құйған дәрімнен бірнәрсе болды. Әжептеуір оқып отырған көзім қарауытып, түк көрмей қалды. Риболизин деген көзге құятын дәрінің нұсқаулығын оқып көрші.

– Оны қайдан табам?

– Міне, мына екінші дорбада жатқан сияқты еді қара.

Әйелі ұзақ қарады. Күйеуінің дорба-дорба дәрісінен табылды-ау әйтеуір.

– Дәнеңе жоқ. Ешқандай қауіпті ешнәрсе жазылмаған. Көзіңді жұмып демал. Сосын кетеді, – деді Жұрнақты өтірік жұбатып.

Көзі көрмей қалған Жұрнақтың көзі бірден ашылып сала берді.

– Ойпырым-ай, қазіргі дәрілер бір ғана ауру түріне ем де, қалған 99 пайызының қарсы көрсетілімдері бар. Осындай дәріні неге шығарады екен, ә? Ешқандай бақылау жоқ, фармацияда. Ертең депутаттарға арыз жазамын. Бұл мәселені дұрыстап қолға алуы керек. Денсаулық министрлігі де ешнәрсе бітірмейді, – деп күңкілдеп жатты Жұрнақ.

– Ия. дұрыстай ғой, сенің арызшағымың керек еді оларға. Бұл дәрі деген – бизнес. Не өмір, не өлім. Түзете алмайсың! – деп әйелі Күйкентай күңкілдеп екінші жаққа кетті.

Өріс ЯШҮКІРҚЫЗЫ



ЖАТЫПАТАР ЖАҢЫЛТПАШТАР

Қос сөз
Бос сөз бе?
Атам:
– Пай-пай, – деді де,
Ішейікші шай-пай! – деді.
Пай-пай мен шай-пайдың
Шайын түсіндім де,
Пайын түсінбедім.

***

Ыбылжыған ынжықты
Кім жықты?
Жаттықтырушының жаттығуын
Бұлжытпай орындаған бұл мықты.

***

Тұраш та,
Рәш та,
Күләш та
Квасқа
Құмар екені рас па?
119.
Қияңқы қырсықтанды.
Қырсықтанды да,
Қимас досының
Қитығына тиіп, ұрысып қалды.

***

Сурет салдым.
Ирек-ирек
Үйрек салдым.
Сирек салмай,
Жиірек салдым.
Пламастермен
Бәле басқыр
Және қасқыр салдым.

***

Бағана
Ағама
Тайымды тағала!» – деп ем,
«Тайды тағаламайды», – деді.

***

Қозы, лақты
Өзі бақты.
Қозы, лақтың
Көзі ұнапты.

***

Бағдаршамды
Аңғарсаң аңғар.
Таңғалсаң,
Таң қал.
Үшкірлі бұрышында
Үш түрлі шам бар.

***

Көке мен бөпе кофе іше ме,
Сок іше ме?
Бөпе сок ішеді,
Көп ішеді.
Көке кофе ішеді,
Көп ішпейді.

***

Аралары ара-дара
Қара қарға дара-дара ұшты.

***

Автоматта
Қат-қабат жатқан оқ
Атқан оқ емес.

***

Картаны қарай шық,
Сарайшықта бар айшық.
Қай жерде Сарайшық?

***

Жылтыңдамаймын,
Тың тыңдамаймын.
Жылтыңдап,
Тың тыңдап жүргеннен
Тымпыңдап жүрген жақсы.

***

Жағадан алып,
Жағаласты.
Біреуі біреуінің
Құлақшынын ала қашты.
Қашқан бала
Қарау болып қара басты.

***

Балаларға
«Дала қар ма?» – деп ем,
«Дала қар», – деді.
«Шана бар ма?» – деп ем,
«Шана бар», – деді.

***

«Дала қар болса,
Шана бар болса,
Сырғанауға
Шама бар ма?» – деп ем,
«Шама бар! – деді, –
Шамамыз
Баяғының батырларына
Барабар!» – деді.

АДАЛ МОЛДАНЫҢ ҚАЗАНЫ

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасы алдында ұры тазыдай жылмыңдаған жылпос жігіт жортып жүрді. Сырт көзге ол қайырымды адам сияқтанады. Ананың да алдына, мынаның да алдына жорғалап жетіп барады.

– Сізге қайтарымсыз несие керек пе?

– Керек!

– Онда мен көмектесе аламын. Аузыңызды ашып, көзіңізді жұмып үлгергенше, қайтарымсыз несие қалтаңызға түседі.

– Япырай, оның шарттары болады деуші еді...

– Шарт-мартты қайтесіз? Одан да құжаттарыңызды беріңіз. Сосын бір айналып келіңіз.

– Ой, мынауың жақсы болды ғой. Кезек күтіп, құжаттар толтырып, әуре боламын ба деп едім.

– Бәрін де өзім қатырамын. Шаршамай үйіңізге қайта беріңіз.

Кәсіп ашқысы келіп қайтарымсыз несие алып жұмысын бастағалы отырған Нысанбек З. шырылдады да қалды. Өзін «Дүйсенмін» деп таныстырған әлгі жігіт «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының алдында қарасын көрсетпей қойды.

Сөйтсе, қайтарымсыз несиені оңай жолмен алғысы келгендер тіптен көп екен. Түркістан қалалық полиция басқармасы індетіп кеп іздестіргенде Дүйсеннің 28 кәсіп ашқысы келген үміткерді сан соқтырғаны анықталды. Дүйсекең олардың әрқайсысына 1 миллионнан астам теңге шығын келтіріпті. Қазір 1995 жылы туған Дүйсен (істің сотқа дейінгі тергеуде жатқанына байланысты толық аты-жөнін атамай отырмыз) қазір көзі бозарып, Полиция басқармасының уақытша ұстау абақтысында отыр.

Бұдан бөлек, 1990 жылы туған Дариға да алаяқтық жасағаны үшін ісі сот өндірісіне өткен. Сот не айтады, не қояды, әзірге белгісіз. Белгілісі әйтеуір жаза арқалайды.

Жалпы, Түркістан қаласында алаяқтық фактісі бойынша былтыр 250 қылмыстық іс тіркелген. Оның 48-і грант алуға жәрдемдесемін деген алаяқтардың құрығына түсіп қалғандар.

Түркістан қалалық Полиция басқармасына қарасты Криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты Нұртаза Алтанның айтуынша, соңғы уақытта интернет арқылы жасалатын алықтық та көбейіп кеткен. Оған жергілікті тұрғындар көп түсіп қалады екен. Сонымен бірге мүгедектікке шығарып беремін, атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға көмектесемін, грант алып беремін деп қоңырау шалып, ағайындардың басын айналдырып жүрген алаяқтар да биттей өріп жүр.

Япырай! Түркістанды киелі мекен дейміз. Имандылықтың, тазалықтың, мөлдірліктің ұясы атаймыз. Сонда осындай шуақты ортада шайтандардың өрмек салғаны қалай? Бұл «адал деген молданың қазанынан жеті шошқаның басы шығыпты» дегеннің кері емес пе екен?

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Түркістан қаласы

КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫПАТАР ЖАҢЫЛТПАШ

Ат жемейтін,
Ащы шөптің
Шыққанынан,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойнады.
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Ұйпа-тұйпа,
Салдыр-салақ.
Бұл кім?
Кеп тұр күлкім.

Жып-жинақы,
Тап-таза,
Түп-түзу.
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұмтыл!

Мамам
Банан берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Бананның қазақшасын
«Мәуіз» дейді.

Табанымнан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бытбырық боп,
Түбі күйді.
Бігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Д рігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрін емдеді.

Кәсіпкер қария ТІГЕДІ ТАҚИЯ

«Кәсіптің көзін тапқан, нәсіптің өзін табады» дейді қазақ даналығы. Бүгінде өз бизнесін бастап, табыстың тайқазанын тасытып отырған жандар аз емес. Алайда ұлттық өнерді ұлықтап, қазақы нақыштағы бұйымдардың құндылығын кейінгі ұрпаққа насихаттап жүрген қолөнершілер некен-саяқ. Міне, сондай жанның бірі – Жамбыл облысы Қызыл Жұлдыз ауылының тұрғыны Миржан Асабаев. Ол тақия тігу өнерін қайта жаңғыртып, бүгінде айына 500-ден аса тақия тігіп саудалауда.

1961 жылы Түрікменстан елінде жарық дүние есігін ашқан Миржан мектепті тәмамдағаннан кейін Қазақстанға білім іздеп келеді. Арманы өнеркәсіп саласының инженер-технолог маманы атану болған жалынды жастың Жамбыл жерін таңдауы бекер емес. Себебі Кеңес үкіметінің тұсында мұндай мамандарды бүкіл одақ бойынша 3 қалада ғана дайындайтын болған. Соның бірі – қазіргі Тараз, сол кездегі Жамбыл қаласы.

Жоғары оқу орнын озат бітіргеннен кейін Миржан шаһардағы үздік өндіріс ошақтарының бірі саналған тері өңдеу комбинатына жұмысқа орналасады. Осында талай жыл талмай тер төгіп, цех басшысы қызметіне дейін көтеріледі. Әріптестерімен бірге Миржан аяққиім тігуге қажетті материалдар дайындап, жылына 2,5 миллион дана аяққиім шығаратын комбинаттың жұмысын одан әрі өрістетеді. Алайда Кеңес үкіметі тараған тұста фабрикалар жабылып, Миржан көппен бірге жұмыссыз қалады. Алайда іздену мен үйренуге жаны құмар азамат саланың басқа тынысын тауып, былғары күртешелер тігумен айналысады. Бірақ мұнда да шикізаттың тапшылығы қолбайлау болып, кейіпкеріміз сауда-саттыққа бет бұрады.

– Қытай тауарлары базарларды жаулап алған соң, былғары күртешелерге деген сұраныс азайды. Содан ойлана келе өзімнің қолымнан келетін істі қолға алуға бел будым. Сөйтіп, тақия тігуді бастадым. Бастапқыда бұл ісімді қолдаушылар былай тұрсын, сынаушылар көп болды. Тіпті, «тігіншілік – әйел затына тән іс» деп мысқылдағандар да табылды. «Шетелдік тауарлардың қарқынына шыдас бере алмайсың» деп райымнан қайтарғысы келгендер де кезікті. Бірақ мен алған бетімнен қайтпай, тақия тігуді тастамадым. Соның арқасында бүгінгі күнге жетіп отырмын, – дейді кәсіпкер.

Шынында, кәсіпкерге сол тұста шетелдік тауар өндірушілермен бәсекеге түсу оңайға соқпаған. Алайда уақыт таразысы арзан тауарларды нарықтан ысырып, ұлттық дизайндағы сапалы өнімді қайта тұғырға шығарды.

Жалпы, Миржанның әкесі Абдурахман – ұста, ал ағасы Қайыпназар зергер болған. Абдурахман ақсақал өз заманында арба жасап сатумен айналысса, ағасы Қайыпназар зергерлікпен қатар, көлік жөндеу шебері

болған. Ол кісі, әсіресе «Москвич» маркалы көлігін жөндеуге қатты қызығыпты. Жас кезінде механиктер арасында ұйымдастырылған жарыстарға қатысып, Одақ бойынша аталмыш көлік түрін жөндеуден 3 дүркін чемпион атанған. Міне, осы қасиеттер Миржан қарияның бойына дарыған.

Кәсіпкердің айтуынша, тәуелсіздік жылдарындағы көші-қон ұлттық өнерді қайта жаңғыртқан екен. Атамекенге ағылған қандастардың арасында көптеген қолөнершілер шығып, қазақы салт пен дәстүрге жаңаша көзқарас қалыптасыпты. Миржан қарияның тақия тігу өнерін одан әрі дамытуға да осы жағдай түрткі болған екен.

Жасыратыны жоқ, қазір ұлттық киімге деген сұраныс та, көзқарас та өзгерді. Көпшіліктің Наурыз мерекесінде ғана емес, күнделікті тұрмыста да оюлы камзол мен кеудеше киіп жүргенін көз көруде. Ал әлемдік ареналарда атой салып жүрген спортшыларымыз ұлттық шапанымыздың құндылығын төрткүл әлемге танытуда. Миржанның айтуынша, тақия бәлежаладан сақтайтын қасиетке ие екен. Сондықтан оны аяқ астына қалдыруға немесе сыйға тартуға болмайды. Тек қадірлі қонаққа өз қолдарымен кигізуге рұқсат.

– Орыстардың «тюбетейка» деп жүргені түріктердің «төбе» сөзінен шыққан. Сондықтан қазағы тақияға ерекше құрметпен қараған абзал. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі кезінде тапсырыспен сәукеле де тігеміз. Жыл сайын іздеп келіп, тақия мен сәукеле тіктіріп, алып кететін тұтынушыларым бар. Кез келген істің өз қиындығы болады. Тақия тігуде де таудай төзім керек. Тақияның әр оюы мен жүргізілген жолағында үлкен мән жатыр. Сондықтан бұл салада көп ізденеміз. Негізі, өнерді кәсіпке айналдыра алсаң ғана оның өміршеңдігі ұзақ болады. Ал кәсіп ашу жас әлде кәрі деп талғамайды. Кез келген уақытта өз бизнесіңді бастасаң болады. Тек талаптану керек, – дейді ағамыз.

Жалпы, Миржанның тақия тігіп келе жатқанына 30 жылдан асқан. Енді кәсіпкер қараусыз жатқан тері мен жүнді өңдеп, содан ұлттық киімдер дайындауды ойлауда. Тек кәсіпкер: «Үкімет тарапынан қолдау болса», – дейді. Себебі Миржан кәсібін кеңейтейін десе, егде жасқа келуіне байланысты мемлекеттік

> *Кәсібін шамалы қаржымен бастаған Миржан бүгінде ауылдың екі тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. Тіккен тақиялары облысымыздан бөлек, өзге өңірлерге де шығарылуда. Әсіресе, Түркістан облысынан тапсырыс берушілердің саны басым. Кәсіпкер тақияларының құны қанша тұратынын бізге жасырын қалдырды. Алайда екі адамды жұмыспен қамтып, бүтін бір отбасын асырап отырған бизнестің табысы аз емес екені айтпаса да түсінікті.*

бағдарламаларға қатыса алмауда. Сондықтан қария Үкіметтен жасы келген кәсіпкерлерді қолдауға арналған қосымша бағдарлама ашуды сұрайды.

Кәсібін шамалы қаржымен бастаған Миржан бүгінде ауылдың екі тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. Тіккен тақиялары облысымыздан бөлек, өзге өңірлерге де шығарылуда. Әсіресе, Түркістан облысынан тапсырыс берушілердің саны басым.

Кәсіпкер тақияларының құны қанша тұратынын бізге жасырын қалдырды. Алайда екі адамды жұмыспен қамтып, бүтін бір отбасын асырап отырған бизнестің табысы аз емес екені айтпаса да түсінікті. Енді осындай қарт кәсіпкерлерге қолдау қажет. Бәлкім, шынында Үкімет жасы егде тартқан жандарға арналған қосымша мемлекеттік бағдарлама әзірлегені жөн шығар. Сол кезде Миржан сынды өз кәсібін ашып, шағын және орта бизнестің көкжиегін кеңейте түсетіндер көбейеді. Ал одан ел экономикасына пайда келмесе, шығын болмасы анық.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

САПАЛЫ ҰЛТ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕН БАСТАЛАДЫ

Ұлттың сапасы саяси тұрақтылығымен, экономикалық қауқарымен бағаланады. Еліміздің алдағы басты міндеті де – сапалы ұлт қалыптастыру. Осы тақырып аясында «Сапалы ұлт: білім, ғылым және мәдениет» атты зиялы қауым өкілдерінің Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кітапханасында студенттермен кездесуі өтті. Тағылымды жиынға Ұлттық ғылым академиясының академиктері Уәлихан Қалижан, Кәрімбек Құрманәлиев, «Қазақ газеттері» серіктестігінің Бас директоры Дихан Қамзабекұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА корреспондент-мүшесі Амантай Шәріп қатысты.

Жиынға келген зиялы қауым сапалы ұлт пен озық ойлы мемлекет болудың алғышарттары хақында, қазіргі білім мен ғылымның қоғам дамуындағы рөлі, ұлттық құндылықтарды ұлықтау төңірегінде ой-пікірлерін ортаға салып, студенттермен өз тәжірибелерін бөлісті. Университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Серік Мақыш сапалы ұлт болу үшін жас ұрпақтың бойына рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мен жоғары сапалы біліммен қамтамасыз ету керегін айтты.

Академик Уәлихан Қалижан «ұлтты қай салада да ілгерілететін ол – адам бойындағы махаббат» деп әсерлі эссесін студенттерге оқып берді. Жазушы-филолог Тұрсын Жұртбай Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының астарлы, шетін мәселелеріне, ұлттық дәстүр төңірегінде сапалы ұлттың болмысы мен шығармадағы көркем шындықтың мән-жайына тоқталды.

«Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында бірде-бір абзацта шындық жоқ, оның барлығы – көркем шындық. Көркем шығарма – көркем шындық. Абайдың өмірін Мұхтардың еңбегіндегі оқиғалармен еш байланыстырып оқуға болмайды. Содан қазір біз Абайдың жалған, жаттанды өмірбаянын қалыптастырдық. Мен соған таңғалам. Мұны неге айтып отырмын? Өмірлік шындық бар, тарихи шындық бар, көркем шындық бар. Әуезов күнделігіне «Абай Қодар-Қамқа оқиғасын естіген болуы керек» деп жазған. Оны көрмеген», – деп студенттердің танымын кеңейтетін романдағы біраз оқиғаларды айтты.

Академик Кәрімбек Құрманәлиев рухани кездесудің Ғылыми кітапханада өткізіліп жатқанының символикалық мәні бар екенін жеткізді.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық құндылықты ұлықтау, сапалы ұлт, тарихи тұлғаларды дәріптеу мәселесін Ұлттық құрылтайда күн тәртібіне енгізген болатын. Кейінгі Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбатында да осыған баса мән беру керегін айтты. Шетелдік әлеуметтанушы ғалымдардың мәліметінше, келешекте компьютерде отырғандардың орнын кітап оқитындар басады деген болжам бар. Сондықтан мүйізі қарағайдай академик ағаларымыздың алдарыңызға келуі кітапқа деген құмарлықты арттыруға, кітапханаға деген көзқарасты қалыптастыруға бағыт-талған. Білім, ғылым және мәдениет – әлемдік тренд. Білімді екінші орынға қойған мемлекет ешбір салада бірінші орынға көтеріле алмайды деген тұжырым бар. Экономика болсын, ауыл шаруашылығы болсын барлығы ғылымға негізделуі керек. Біз жастарға сенеміз», – деді ғалым К.Құрманәлиев.

Дихан Қамзабекұлы кездесуге жиылған жастарға ел болашағын қалыптастырудағы негізгі міндеттер мен санасында сәулесі бар жастар сапалы ұлттың негізі екенін айтты.

«Өздеріңіз білесіздер, Президенттің сұхбаты жарияланды. Бұл – саяси танымдық сұхбат. Қазір әлемде кейбір нәзік мәселелер бар. Мемлекет басшысы соны бізге, қоғамға түсіндірді. Оны Президент айтпаса, білімді азаматтар айтпаса, кім айтады? Екінші мәселе, сапалы ұлт туралы айтылды. Қазіргі заманда сапалы ұлтты қалыптастыратын дүниелердің бірі – ғылым мен технология. Білімнің бүгінгі астарын сіздер білуіңіз керек. Жастарға мүмкіндік көп қазір. Тәжірибесі мол әлемдік деңгейдегі ғалымдардың дәрістері ашық жүйеде тұр. Қанша білімді болсаңыздар да, рухани дәстүр мәселесі алдыңыздан шығып отырады. Сапалы ұлт – табысты ұлт. Табысты ұлт болу үшін білімді ұлт болу керек. Ата-ана да, қоғам да бәсекеге қабілетті ел екенін түсініп, сезінсе, болашаққа сенетін ұлт қалыптасады», – деді Д.Қамзабекұлы.

ҰҒА корреспондент-мүшесі Амантай Шәріп сапалы ұлтты қалыптастыратын жастарға сенетінін білдірді.

«Әр ұрпақ өзінің қолынан келгенін жасап, кейінгіге табыстап кетеді. Біз де өз тәжірибемізді айтып, ойымызды ортаға салып жатырмыз. Ақын Есенғали Раушановтың «Үстінде тұрып алтынның, басқаның күмісіне таңғалдық» деген сөзі бар. Біздің жеріміздің асты да, үсті де алтын. Сондықтан алтынымызды бағалауымыз керек. Біз болашаққа, жастарға сенеміз. Әрқайсысыңыз мықты болсаңыздар, ұлтымыз да мықты болады, сапалы ұлт сонда қалыптасады. «Ақыл – бастан, асыл – тастан» деген бар, сондықтан бастарыңыз ақылға, білімге, мәдениетке толы болсын», – деді ғалым А.Шәріп.

Іс-шараның соңы TURKSOY халықаралық ұйымының атаулы медальдарын тапсырумен қорытындыланды.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN апта
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҮЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4404
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Айхан ШӘРІП, Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ